«Интеллект» ұғымы қазіргі уақытта бірнеше ғылым бағытының зерттеу нысанына айналып отыр. Термин физиология, психология, когнитивистика, әлеуметтану, антропология, лингвистикада, мәдениеттануда кеңінен қарастырылып келеді. «Интеллект - (лат. Intellectus – түсіну,ұғыну, танып білу, ақыл-ой) – жоғары дамыған және күрделі миы бар организмдердің психикалық қызметінің айрықша функциясы; ақпарат алуға, оны сақтауға, өңдеуге және беруге, жаңа білімдер қорытып шығаруға, жеткілікті негізделген шешімдер қабылдауға, алға қойылатын мақсаттарды тұжырымдап, соларға жетуге бағытталған іс-әрекеттерді қадағалауға, қоршаған ортада болатын хал-ахуалдарды дұрыс бағалауға қабілеттілік» (Нұрғалиев, 1996). Байқап отырғанымыздай, ұғым адам әрекетінің барлық аспектісін қамтиды. Алайда интеллектінің дербес ерекшеліктерін нақты айқындау әлі де ғылыми тұрғыда маңызға ие. XX ғасырдың екінші жартысындағы адам интеллектісіне жүргізілген сала аралық зерттеулер оның бірнеше түрлері мен олардың айырмашылықтарын белгілеуге мүмкіндік берді.

«Интеллект» ұғымының құрылымдық ерекшелігіне назар аударып, классификация тұрғысынан қараған алғашқы ғалымдардың бірі – Г.Гарднер. Ғалым өзінің «Frames of mind. The theory of multiple intelligence» еңбегінде интеллектіге «1.адам жаратылысын даралайтын белгі. 2.жеке тұлғаны басқалардан ерекшелейтін басты қасиет (интеллектуалды потенциал). 3.адамның өз бейімі мен қызығушылығы негізінде белгілі бір мақсаттарды және міндеттерді орындай алуға қабілетті болуы» (Гарднер, 2007:16) деген анықтаманы ұсынады. Аталған жағдайда интеллектінің жеке тұлға болмысының ажырамас бөлшегі екені көрінеді. Сонымен қатар, интеллектінің адамды даралайтынын байқаймыз. Өз теориясын ұсына отырып зерттеуші бірнеше интеллект түрлерін сипаттайды. Олар: лингвистикалық интеллект, музыкалық интеллект, логика-математикалық интеллект, кеңістік интеллектісі, кинестетикалық интеллект, тұлғалық интеллектілер (Гарднер, 2007:16). Көрсетілген интеллект түрлері адамның әртүрлі әрекет ету қабілетіне негізделеді. Осы ерекшелік негізінде тұжырымға басқа да зерттеушілердің берген анықтамалар бар. Мәселен, «лингвистикалық интеллект – бұл адамның мақсатқа жету үшін тілді жазбаша да, ауызша да қолдана алу қабілеті» (Fernando, Zablotskaya, Minker, 2012: 9807-9820). Демек, «лингвистикалық интеллект» тұжырымы ең алдымен тілді барлық жағдай мен формада мақсатқа сай толық қолдану дағдысын білдіреді. Оның ішіне коммуникацияның және лингвистикалық білімнің бүкіл санаты енеді. Бұл лингвистикалық интеллект аясының анағұрлым ауқымды екенін айғақтайды. Оксфорд университетінің сөздігінде лингвистикалық интеллект вербалды интеллект ұғымымен тең дәрежеде қарастырыла отырып, «жинақталған тәжірибе негізінде қалыптасып, адамның жалпы интеллектісін айқындайтын басты фундаменталды фактор» (Jensen, 1969) деген баға беріледі. Біз бұл анықтаманы лингвистикалық интеллектінің ақыл-ой дәрежесін белгілеуде маңызы жеткілікті деп санаймыз. Дегенмен, бұл мәселеде вербалды интеллектінің өзіндік ерекшеліктері барын аңғару қиын емес. Осы себепті, біздің пікірімізше, екі ұғымның шекарасын нақты ажыратып алу қажет.

Интеллект түрлері жайлы теория авторы Г.Гарднер өз жұмысында белгілі ақын-жазушыларды жоғары лингвистикалық интеллект иелері дейді. Түрлі шығармалар, тілдік құбылыстар мен процестерді зерттей келе, ол «лингвистикалық интеллект – адам әрекетінің барлық саласын қамтитын ең маңызды қабілет» (Гарднер, 2007:180) деп көрсетеді. Ғалым интеллектінің бұл түрін таным және тіл құбылыстары аралығында зерделеудің маңызды екенін айтады. Жалпы, батыс зерттеулерінде бұл тұжырымдарды бірге қарау тенденциясы бар. «Вербалды немесе лингвистикалық интеллекті – индивидтердің кітап, журнал, дәріс және басқа түрлі көлемдегі лингвистикалық материалдарды түсіне алу қабілеті» (Sternberg, 1987:194). Пікір жоғарыда лингвистикалық интеллектіге берілген анықтамаларға қайшы келмейді. Керісінше, жеке тұлғаның тіл арқылы қоршаған ортаны танып, онымен байланысқа түсу қабілетін вербалды немесе лингвистикалық интеллектіге жатқызады. Бұдан бөлек, батыс зерттеушілері келесідей деректер ұсынады «сөздік қордың байлығы, оқылған ақпаратты игеру және жалпы эрудиция деңгейі вербалды интеллектінің негізі болып табылады» (Sternberg, 1987:194). Аталған жайт, екі ұғымның теңдей

қарастырылып келе жатқанын көрсетеді. Ақпараттың көбі вербалды түрде қабылданып, тасымалданатын болғандықтан оның лингвистикалық интеллект аясына кіруін заңды деп түсінеміз. Бірақ біз аталған екі құбылысты толық тең ұғымдар ретінде бағалай алмаймыз. Вербалды интеллект тілдік зияттың кей операцияларын жүзеге асыруға тікелей қатысады. Алайда лингвистикалық интеллект ақпаратты қабылдаумен ғана шектелетін қабілет емес. Ол тілді қолданудың барлық деңгейлерін қамтиды. Жалпы, лингвистикалық интеллект оқшау деп айта алмаймыз. Ол адамның ақыл-парасат деңгейінің көрсеткіші болып саналады. «Сөздік қор мен сауатты сөйлей алу қабілеті адам интеллектісін айқындаудың ең ұтымды және дұрыс жолы» (Matarazzo, 1972). *Осылайша*, **лингвистикалық интеллект** тек тілді қолдана алу қабілеті ғана емес, сонымен қатар, тіл арқылы жинақталған қомақты білім қоры болмақ. *Екіншіден*, бұл көрсеткіш шешен сөйлей алу дағдысы мен бай сөздік қордың жоғары интеллектінің дәлелі боларын көрсетеді. Осының негізінде лингвистикалық интеллектіні ойлау қабілетінің жоғары формасы ретінде қарастыруға болады. Ол жинақталған білім мен тәжірибе, қалыптасқан дағды, ұтқыр ойлау қасиетін білдіреді. Сәйкесінше, екі ұғым тең бола алмайды. Бірақ вербалды интеллект лингвистикалық интеллект аясына кіре алады.

Лингвистикалық интеллект ұғымы біздің ғылым үшін де таңсық емес. Мәселен, А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегінде келесідей пікір білідреді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» (Байтұрсынұлы, 2022:5). Ұлт ұстазы өз пайымында, ең алдымен, тілдің адамзат өміріндегі маңызын айқын көрсетеді. Одан бөлек, тілді орынды және дәл қолдана білудің табиғи заңдылықтары бар деп тұжырымдайды. Тіл мен сөздерді қисынды қолдану үшін нақты тәжірибе мен білімге ие болудың маңызы барын осы тұста аңғарамыз. Одан бөлек, ғалым ауызша сөйлеу мен тілді жазбаша қолданудың құндылығына мән берген. Бұл дегеніміз тілді барлық формада шебер қолдану дегенді аңғартады. Бұл біз қарастырып отырған «лингвистикалық интеллект» ұғымын білдіреді деп айтуға негіз бар. Келесі бір маңызды жайт, еңбекте тек аталған мәселелерден бөлек тұспалданып отырған тілдік шеберлікке жетудің әдістемелік қыры да зерттелген. Ол былайша көрінеді: «Тіл – құралда» *«дағдыландыру», «сынау»* деген сөздер ұшырайды. «Тіл – құралымен» балаларды оқытқанда һәр қағида иә ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем, сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида иә ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету» (Байтұрсынұлы, 2022:7). Еңбекте көрініс тапқан *«дағдыландыру»* және *«сынау»* терминдері қызығушылық тудырады. Біздің ойымызша, бұл тілдік шеберлікке, яғни лингвистикалық интеллектіні қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістеме. Түрлі ақпарат көздері, жаттығулар, оқу тәсілдері және сынау негізінде білім алушының тіл жайында нақты білімі мен көзқарасы қалыптасады. Ол дағдыландыру арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде тілді барлық жағдайда қалыпты қолдана алатын, тілге толық иелік ететін тұлға

пайда болады. Біз лингвистикалық интеллект ұғымын зерттеуде бұл пайымды қолданбалы мазмұны бар деп есептейміз. Тілді шебер игеру мәселесі тәрбиемен де ұштасып жатыр. Мәселен, М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде бала тәрбиесінің келесідей бағыттарын көрсетеді. Олар: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі. Осының ішінде ақыл тәрбиесі біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты. Тәрбие турасында ол келесідей анықтама береді: «Түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы» (Жұмабаев, 1992:14). Мұнда назар аударатын бірінші жайт баланың жалпы интеллектуалды ахуалы. Яғни, тұлға ретінде қалыптасуда жоғары интелект әрқашан басты орында тұрады. Әйтсе де аталған пікірде біз ақыл-ой қабілетінен кейін, баланың сұлу сөйлеп, әдемілікке құштар болуының өзіндік маңызын көреміз. Сондай-ақ, ол істің бала жанына қуаныш сыйлау керектігі де айтылады. Бұл дегеніміз, ең алдымен, тәрбиеленушінің өткір ойлай білу қабілетін дамытып, соның негізінде арнайы шебер сөйлеуге және эстетикалық жоғары талғамды қалыптастыруға болатынын аңғартады. Ұсынылған ғылыми пайым лингвистикалық интеллектіні оқытудан тыс, тәрбие процесі арқылы жүйелі негізде ғана жетілдіруге болатынын көрсетеді. Екінші жағынан, лингвистикалық интеллектінің құрамдас бөлшегі болып саналатын сөйлеу дағдысының талғам мәселесімен астасып жатқаны көрінеді. Бұл зерттеліп отырған құбылыстың мүлде жаңа қырын ашады. Осы түсінікке қазақ тіл білімі тұрғысында түрлі анықтамалар мен пікірлер берілген. Алайда нақты ғылыми атау ұсынылмаған. Осыған байланысты біз сан-алуан тұжырымдарды жүйелей отырып зерттеудің алдағы уақытта құндылығы зор деп санаймыз. Жинақталған ғылыми тұжырымдар мен деректерге сүйене отырып, біз төмендегідей қорытынды шығарамыз: **лингвистикалық интеллект** – адамның тілді мақсатқа сәйкес нақты қолдана отырып, терең лингвистикалық білімдер мен тәжірибелерге ие болуы. Бұдан бөлек, жеке тұлғаның бай сөздік қоры, тілдік операцияларды мүлтіксіз орындау қабілеті, қоршаған ортаны тіл арқылы қабылдау, қарым-қатынастың барлық формаларына қиындықсыз түсе алуы мен тілге толық иелік жасауын лингвистикалық интеллектінің белгілері ретінде тануға негіз бар. Отандық және шетелдік ғалымдардың ұсынған тұжырымдарын қорыта отырып, лингвистикалық интеллекті аясына кіретін және оның көрсеткіші болып есептелетін маңызды компоненттерді келесі сызба арқылы көрсетуге болады:



Сурет 1 – Лингвистикалық интеллектінің жүзеге асу формалары

Тілдік әрекет кез келген жағдайда вербалды механизмдер негізінде орындалады. Осыған байланысты, тілді ауызша және жазбаша сауатты қолданудың жоғары қабілетін лингвистикалық интеллект көрінісі деп бағамдаймыз. Алайда тілдік әрекеттесімнің бұл екі формасы біріге отырып, лингвистикалық интеллектіні құрамайды. Керісінше, екі дағдыны теңдей, жоғары дәрежеде пайдалану лингвистикалық интеллект белгісі болып саналады. Әрі жеке тұлғаның тілдік зияты тек осы екі компонент негізінде көрініс табады. Осы себепті біз аталған екі форманы лингвистикалық интеллектінің жүзеге асу компоненттері ретінде айқындаймыз. Оқу мен тәрбие процесі негізінде жинақталған білім қоры адам танымында тіл жайында нақты тәжірибелердің қалыптасуына жол ашады. Солайша, қалыптасқан лингвистикалық интеллект екі форма арқылы тұрақты даму сатысында болады.

Ұғым төңірегінде зерттеулер жалғасып келе жатыр. Анықталып отырған ғылыми нәтижелер түсініктің жүйесін талдауға да мүмкіндік береді. Лингвистикалық интеллектінің маңызды бірнеше аспектілерін көрсетуге болады. Олар: семантикалық компонент, фонологиялық компонент, синтаксистік компонент, прагматикалық компонент (Гарднер, 2007:184). Аталған түсініктер тіл үшін мүлде жат емес. Керісінше, лингвистикалық жүйенің басты элементтері деп есептеледі. Әр аспектінің өзіндік маңызы бар. Семантикалық компонент – тілдің лексикалық мәнін терең түсіне отырып, мағыналық тұрғыда сөздер мен тіркестерді мақсатқа сай дәл қолдануды көздейді. Аталған фактордың басты орында тұруы заңды. Тілді пайдаланушының сөздер мен тіркестердің мағынасын шеберікпен ажырата отырып, оны дәлме-дәл пайдалана білуі тіл табиғатын терең түсінуін көрсетеді. Лингвистикалық интеллект иелері ретінде саналатын ақын-жазушылардың шығармаларда мағынаны құбылта алуын осы қабілеттің ерекше көрінісіне жатқызуға болады. Фонологиялық компонент – сөздерді дыбыстауда олардың ішкі фонетикалық үйлесімділік қағидаларын сақтауды білдіреді. Бұл тілдің әуезділігі. Әсіресе, қазақ тілі үшін бұл компоненттің маңызы ерекше. Фонологиялық аспект шешен сөйлеу дағдысының маңызды бөлігі. Лингвистикалық интеллектінің маңызды жүзеге асу формасының бірін құрайды. Синтаксистік компонент – сөйлем құрылысын дұрыс сақтау, сөздер, сөз тіркесі және сөйлемдегі орын тәртібі қағидаларының жиынтығы. Фонологиялық аспект сөйлеу әрекетіне қатысты болса, бұл компонент тілді жазбаша қолдану қабілетінде маңызды рөл ойнайды. Одан бөлек, тіл нақты құрылымға негізделеді. Ол өз кезегінде синтаксистік жүйелермен айқындалады. Прагматикалық компонент – тіл мен оның элементтерін түрлі жағдайда қалай ұтымды пайдалануға болатынын аңғартады. Біздің ойымызша, жоғарыдағы 3 аспекті тілдегі фундаменталды білімдер жүйесін құрайды. Бірақ тіл мен оның бірліктерін нақты пайдалу қабілеті тек прагматикалық принциптермен белгіленеді. Аталған жайтты ескере келе, біз негізгі 3 компонент пен прагматикалық аспект арасында ерекше байланыс бар деп топшылаймыз. Былайша айтқанда, лингвистикалық интеллектіні айқындауда және оны көрсетуде прагматиканың орны бөлек. Сипатталып отырған 4 аспект қандай да болмасын тілдің ең басты заңдылықтары болып табылады. Тілді шебер игеру және қолдану үшін бұл принциптерді қатаң

сақтау мен білу өте маңызды. Осыған байланысты лингвистикалық интеллектісі жоғары тұлғаның бойынан аталмыш 4 негізгі қолданбалы білім табылуы тиіс. Соның негізінде ғана біз лингвистикалық интеллект жайлы пайымдай аламыз. Аталған дағдыларды толық игеру жоғары тілдік ақыл-ой туралы мағлұмат береді. Адамның өз әрекеті барысында көрсетілген компоненттерді игере алмауы керісінше оның төмендегін білдіреді. Ескеретін жайт, бір құрамдас бөліктің жеткіліксіз деңгейде болуы немесе мүлдем болмауы тілдік зияттың төмендігін көрсетеді. Лингвистикалық интеллектінің құрамдас ішкі компоненттерін келесідей көрсетуге болады:



Сурет 2 – Лингвистикалық интеллектінің құрамдас компоненттері

Жоғарыда көрсетілген компоненттер тілдің негізі екені ешқандай дау тудырмайды. Әр тармақтың лингвистикалық тұрғыда функциясы мен мәні бар. Олардың жинақтала отырып, дәл қолданылуы жоғары интеллектіні білдіреді. Алайда бұл дағдылардың қалыптасуы мен көрініс табуы кейбір жағдайларға тәуелді. Лингвистикалық интеллектіні құрайтын басты екі форманың сапалы жүзеге асуының өзіндік факторлары да бар. Әр компоненттің дұрыс қолданылуы жинақталған білім мен тәжірибе деңгейіне тікелей байланысты. Жалпы алғанда ауызша сөйлеу мен жазу формасы лингвистикалық интеллектінің репрезентациясы бола отырып, нақты тілдік тәжірибе мен операциялар арқылы орындалады. Бұл дегеніміз лингвистикалық интеллектіні құрайтын формалардың өзі кейбір ұғымдар мен құбылыстардан тұрады дегенді білдіреді. Оның ішінде бірінші тоқталуды қажет ететін – риторикалық аспект. Бұл дегеніміз тілді сөйлеу әрекеті негізінде шебер қолдану, тыңдаушыны әрекет етуге жетелеу, шешен сөйлей білу қасиеті. Мұны заңгерлер, ақындар, саясаткерлер, спикерлердің

айнымас қабілеті деуге болады (Гарднер, 2007:187). Осы себепті бұл қабілет ауызша сөйлеу формасына қатысты саналады. Өз кезегінде шешен сөйлеу қабілетін бірінші орынға қою лингвистикалық интеллектінің және жинақталған шынайы білім, тәжірибенің нақты көрінісі. Риторикалық қабілет ықпал ету функциясын атқаратын болғандықтан, прагматикалық белгіге де ие. Ол лингвистикалық интеллектінің айнымас бөлшегі. Бұдан тыс, қазақ халқының танымына тән шешендік өнер мен оның түрлерін де осы мәселе аясында қарастыруға болады. Сонымен қатар, риторикалық қабілет тілдік операциялардың ең ұтымды түріне жатады. Оны саралау жалпы ауызша сөйлеу қабілеті турасында нақты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екінші қарастырылатын – мнемоникалық аспект. Оның өзі тіл негізінде түрлі көлемдегі ақпараттарды есте сақтай алуды білдіреді. Яғни, тіл бұл жағдайда ақпаратты беруші ғана емес оны сақтаушы функциясын да атқарып тұр (Гарднер, 2007:187). Бұл мәселеде жеке тұлға мен тіл арасындағы байланыстың когнитивті аспектісін байқауға мүмкіндік бар. Солайша, тілдің танымдық бірлік екені айқындалады. Бұл жағдайда аталған тілдік операция жазбаша формаға өзек болады. Үшіншісі аспекті – тілдің түсіндіру қызметі. Демек, біздің күнделікті коммуникацияға түсу барысында әртүрлі ақпараттарды тіл көмегімен жеткізе алуымыз осыған жатады (Гарднер, 2007:187). Аталған контекстте дискурстық әрекеттесіммен қатар, дерек алмасудың барлық ерекшеліктерін жатқызамыз. Қарастырылып отырған функцияны ауызша сөйлеу мен жазбаша формаға бірдей тән деп санаймыз. Бұдан тыс, тіл аталған мәселеде жинақтаушы және өңдеуші қызметін де жүктеп алады. Төртінші аспектіні – тілдің металингвистикалық кеңістігі құрайды (Гарднер, 2007:187). Тіл – өз алдына жеке құбылыс. Оның өзіндік заңдылықтары мен қағидалары, тәуелсіз жұмыс атқаратын құрылымы, жеке аумағы бар. Тілді дұрыс қолдана алу туралы білім де осыдан келіп туындайды. Сол үшін аталған параметрді маңызды бөлік ретінде қарауға негіз бар. Бұл ұғым аясына тілдің структурасы мен ішкі жүйесі кіреді. Тілді ауызша қолдану мен сөйлеу әрекетінің өзі де нақты жүйе мен қағидаға негізделеді. Сол себепті ауызша форма тілдің бұл қалпынан тыс жүзеге аса алмайды.

Жоғарыда біз лингвистикалық интеллектінің маңызды екі формасы мен оның аясына кіретін аспектілерді көрсеттік. Тілдік зияттың бірінші компоненті болып есептелетін ауызша сөйлеу формасының өзі бірнеше тілдік операциялардан тұрады. Тоқтала кететіні ауызша сөйлеу және тілді жазбаша қолдану формалары сипатталып отырған тілдік қызметтермен тығыз байланысты. Біздің пікірімізше, тілдік операциялардың жоғарыда көрсетілген функциялары ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын құрайды. Олар өз кезегінде нақты жүйеге негізделе отырып, лингвистикалық интеллектінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Сурет 3 – Тілдік операция және оның компоненттері

Отандық және шетелдік зерттеушілердің бақылауларына сүйене отырып, лингвистикалық интеллектінің ұғым ретіндегі ерекшелігі мен құрылымдық белгілерін айқындадық. Тілдік зияттың қызметі, кейбір белгілері және ішкі жүйесі әлі де зерделеуді қажет ететінін жоққа шығармаймыз. Алайда ұсынылған ғылыми пайымдаулар лингвистикалық интеллектінің өз алдына тәуелсіз және бөлек зерттеуді қажет ететін нысан екенін толық дәлелдейді. Соңғы кезеңдердегі әлеуметтік орта мен білім беру жүйесінде орын алған жаңашылдықтар лингвистикалық интеллектіні өзекті ұғымға айналдырды. Сонымен қатар, зерттеу объектісін қарастырудың жаңа бағыттарын айқындап берді. Өз кезегінде ұғымның бүгінгі ғылым парадигмасындағы орнын белгілеу үшін бұл мәселені де міндетті түрде ескеру қажет. Лингвистикалық интеллект тілдік құбылыс болғандықтан оны әлеуметтік қарым-қатынас аясынан шет қарауға болмайды. Кей зерттеушілер қоғам өкілдерімен оңай байланыс орната алу қабілетін интеллектінің маңызды қасиетіне жатқызады (Nikolaev, McGee, 2016). Келесі бір пікірлерде ұғым жеке тұлғаның әлеуметтік ортада әрекет ете алуы және іс жүзіндегі білім индикаторы ретінде тұжырымдалады (Schipolowski, Wilhelm, Schroeders, 2014). Аталған пайымдаулардан біз коммуникациялық аспектіні көреміз. Демек, тілді орынды қолдану әлеуеттік ортамен тиімді әрекеттесімнің негізі болып табылады. Т.Хант жоғары ақыл-ой қабілетінің ерекшелігі «тұлғалармен тиімді әрекеттесім орнату арқылы көрінеді» деген ой білдіреді (Hunt, 1980). Осылайша, лингвистикалық интеллектінің тікелей әлеуметтік коммуникация аясында саралануы қажеттігін аңғарамыз. Бұл тұжырым тілдік зияттың қоғамдық табиғатын көрсетіп, оны қарастырудың дербес бір арнасын қалыптастырады. Белгілі ғалым, этнограф Д.Кішібеков «Тілсіз бірде-бір халық та, жеке адам да жоқ. Тіл арқылы ел бір-бірімен араласады, түсінеді. Барлық түсініспеу тіл жетпегендіктен болады. Тілі байдың ойы бай. Тіл ойдың көрінісі. Тілмен сомдалмаған ой болмайды» деген пікір білдіреді (Кішібеков,1999:45). Бұл тұжырым жоғарыдағы біздің пікірімізге сай келеді. Сондай-ақ, тілдің тұлға аралық байланыстан тыс, ой мен таным байлығын көрсететінін байқауға болады. Солайша, ақыл ойдың даму деңгейі тек тіл арқылы нақты айқындалады. Бұдан тыс, лингвистикалық интеллектінің мәдени аспектісі де бар деп санаймыз. Мысалға ғалым өз зерттеуінде «тіл арқылы

кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады» дейді (Кішібеков,1999:45). Бұдан біз тілдің мәдени факторы бұлжымайтын заңдылық деген түйін шығарамыз. Сәйкесінше, тіл мәдени белгілерді иемдегенге жағдайда, интеллектінің одан тыс қалуы да мүмкін емес. Біздің пікірімізді қуаттайтын дәлелдер Г.Гарднердің жұмысында да кездеседі. Ғалым лингвистикалық интеллектінің мәдени астарына үңіліп, тарихи-тілдік дәлелдерге жүгінеді. Өз еңбегінде лингвистикалық интеллектіні ұлттық-мәдени фактор аясында қарастырылуы қажет деп теория ұсынады. Оған дәлел ретінде бірнеше жағдайды келтіреді. Мысалы: 1.көлемді мәдени-фольклорлық мұраларды есте сақтап, оларды мүдірместен айту; 2.түрлі халықтарда кездесетін тілдік сайыстар; 3.халықтардың мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді өз тұрмысына тән өндіре алуы; 4.дәстүрлі риторикалық өнер тәрбиесі (Гарднер, 2007:209). Зерттеушінің өз жұмысында ұсынған деректерімен келісуге болады. Түрлі халықтардың ұлттық мәдениетіне тән элементтер лингвистикалық дағдылардың дұрыс қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Кейбір жағдайларды тіптен басты қызмет те атқарады. Бұған қазақ халқының этномәдени ерекшеліктерін мысал ете аламыз. Г.Гарднердің өз еңбегінде анықтаған крийтерийлері қазақ танымы аясында қарастырылып, лингвистикалық интеллектіні дамытудың тетігі ретінде зерделенуі керек. Тіл біздің ұлтымыз үшін ғасырлар бойы коммуникация құралынан бөлек, ұрпақтың таным көкжиегін кеңейтіп, ойлау қабілетін жетілдірудің практикалық тәсілі болып келді. Оған қазақ мәдениетіне тән фольклор мұраларының дидактикалық қызметін, айтысты, дәстүрлі шешендік өнерді жатқызуға болады. Жалпы, бұл нәрсе лингвистикалық интеллектінің этномәдени аспектісі туралы ой тудырады. Екіншіден, тілдік зияттың халықтық тәрбие ұғымы тұрғысында қаралу мүмкіндігін де көрсетеді. Ерте кезеңдерден бері тіл дидактикалық қызмет атқарып, білімнің қайнар көзі болды. Жазу өнері қалыптасқаннан кейін де бұл функция күшейе түсті. Сол себепті лингвистикалық интеллектінің пайда болу мен даму ерекшеліктері жайлы объективті тұжырым қалыптастыруда тілдің мәдени-тарихи факторын тысқары қалтыру қателік деп санаймыз. Түрлі ұстанымдарды ескерін болсақ, қазіргі уақытта лингвистикалық интеллект ұғымын тілдік, әлеуметтік, мәдени, тарихи бағыттарда қарастыру қажеттігі байқалады. Біздің ойымызша, бұл ұғымның аса ауқымды және күрделі құбылысқа айналғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жасанды интеллектінің кеңінен қолданылуы және сандық кеңістік жағдайы тұжырым төңірегінде жаңаша зерттеулер жүргізуге де болатынын көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, лингвистикалық интеллект – өзінің дербес жүйесі бар, адамның интеллектуалды деңгейін айқын көрсететін және жеке тұлғаның дамуында маңызы қызмет атқаратын ұғым. Бүгінгі ғылым жағдайында ол әлі күнге дейін толық зерделеніп, тиісті бағасын алған жоқ. Зерттеу нәтижесінде ұғымның формасы, құрамдас бөлшектері, ерекшеліктері мен зерттелу бағыттарының бар екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Бұл ұғымды нақты ғылыми нысан ретінде қарастыру керектігін білдіреді. Біздің өз зерттеуімізде айқындаған мәселелер мен деректер лингвистикалық интеллектіні бірнеше аспектіде, жаңа тәсілдерге сүйене отырып зерттеу қажеттілігін айғақтап отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Гарнер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – Москва: Вильяме, 2007. – 801 с.

[2] Hunt T. «Intelligence as an information-processing concept»// British journal of psychology . – 1980. Iss 71. – P. 449-471.

[3] Moghadasin M. Dibajnia P. «Verbal and practical intelligence in general anxiety, obsessive compulsive and major depression disorders» // European Review of Applied Psychology. – 2021. – Iss. 71(1).

[4] Perkell S. «Movement goals and feedback and feedforward control mechanisms in speech production» // Journal of Neurolinguistics. – 2012. – Iss. 25(5). – P. 382-407.

[5] Sternberg R. Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987. – 411 p.

[6] Bohland J. Bullock D. Guenther F. «Neural Representations and Mechanisms for the Performance of Simple Speech Sequences» // Journal of Cognitive Neuroscience. – 2010. – Iss. 22(7). – P. 1504–1529.

[7] Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.

[8] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

[9] Нұрғалиев Р. Философиялық сөздік - Алматы: Қазақ.энц баспасы, 1996. – 525 б.

[10] Fernando F. Zablotskaya K. Minker W. «Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence» // Expert Systems with Applications. – 2012. – Iss. 39(10). – P. 9807-9820.

[11] Jensen A. How much can we boost IQ and scholastic achievement? – Cambridge: Harvard Educational Review, 1969. – 123 p.

[12] Matarazzo J. Wechsler's measurement and appraisal of adult intelligence (5th ed.) - Baltimore: Williams & Wilkins, 1972. – 572 p.

[13] Nikolaev B. McGee J. «Relative verbal intelligence and happiness» // Intelligence. – 2016. – Iss. 59. – P. 1-7.

[14] Schipolowski S. Wilhelm O. Schroeders U. «On the nature of crystallized intelligence: the relationship between verbal ability and factual knowledge» // Intelligence. – 2014. – Iss. 46. – P. 156-168.

[15] Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999 – 200 б.

REFERENCES

[1] Bajtursynuly, A. (2022). Til-kural [Language-tool]. Alashorda. Astana. (In Kazakh) Bohland, J. Bullock, D. Guenther F. (2010). «Neural Representations and Mechanisms for the Performance of Simple Speech Sequences». Journal of Cognitive Neuroscience, Iss. 22(7), P. 1504–1529.

[2] Fernando, F. Zablotskaya, K. Minker, W. (2012). «Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence». Expert Systems with Applications, Iss. 39(10), P. 9807-9820.

[3] Garner, G. (2007). Struktura razuma: teorija mnozhestvennogo intellekta [The structure of the mind: the theory of multiple intelligence]. Vil'jame. Moskva. (In Russian)

[4] Jensen, A. (1969). «How much can we boost IQ and scholastic achievement?». Harvard Educational Review. P 123.

[5] Kışıbekov, D (1999). Qazaq mentalitetı: keşe, bügın, erteñ [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow.]. Ğylym. Almaty. (In Kazakh)

[6] Matarazzo, J (1972). Wechsler's measurement and appraisal of adult intelligence (5th ed.) - Williams & Wilkins. Baltimore, P. 572.

[7] Moghadasin, M. Dibajnia, P. (2021) «Verbal and practical intelligence in general anxiety, obsessive compulsive and major depression disorders». European Review of Applied Psychology, Iss. 71(1).

[8] Zhumabaev, M. (1992). Pedagogika [Pedagogy]. Ana tili. Almaty. (In Kazakh)

[9] Hunt T (1980). «Intelligence as an information-processing concept». British journal of psychology . Iss 71, P. 449-471.

[10] Nūrğaliev, R. (1996). Filosofialyq sözdık [Philosophical Dictionary]. Qazaq.ens baspasy. Almaty. (In Kazakh)

[11] Perkell, S. (2012). «Movement goals and feedback and feedforward control mechanisms in speech production». Journal of Neurolinguistics, Iss. 25(5), P. 382-407.

[12] Sternberg, R. (1987). Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. Cambridge University Press. Cambridge.

[13] Nikolaev, B. McGee, J. (2016). «Relative verbal intelligence and happiness». Intelligence, Iss. 59, P. 1-7.

[14] Schipolowski, S. Wilhelm, O. Schroeders, U. (2014) «On the nature of crystallized intelligence: the relationship between verbal ability and factual knowledge». Intelligence, 2014, Iss. 46, P. 156-168.

[15] Kişibekov D. Qazaq mentalïteti: keşe, bügin, erteñ. – Almatı: Ğılım, 1999 – 200 b. [Kishibekov D. Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow. – Almaty: Nauka, 1999 – 200 p.]

A.A. Altay, A.M. Abyzova, B.Zh. Karimova*

THE CONCEPT OF «LINGUISTIC INTELLIGENCE» IN THE PARADIGM OF MODERN SCIENCE

Annotation. The scientific article examines the main problems of studying the concept of «linguistic intelligence» in the space of modern science. The purpose of the study is to identify the features, the formation of the term «linguistic intelligence» and the structure of this phenomenon. Due to the growing influence of globalization and digitalization, the increase in the linguistic potential of the individual has become an urgent problem. Having fundamentally studied this concept, which is an expression of human mental abilities, the main scientific task is realized – the formation and development of linguistic intelligence, the establishment of forms of implementation, the description of basic linguistic operations based on scientific data. The research methodology includes lexicographic analysis, approaches of conceptual differentiation and structural modeling, which make it possible to clearly define the concept of linguistic intelligence. Based on the concepts and observations given by domestic and foreign scientists about the phenomenon under study, its main features were identified. Also, the results of recent studies show the specific features of linguistic intelligence. The presented models and schemes are formed as a result of differentiation of actual

scientific evidence. The main conclusions proved that linguistic intelligence currently requires careful study. The study shows the objectivity of obtaining new scientific results by revealing the features of the term. The practical significance of the work is determined by the designation of the problem of its formation and development based on the concept of linguistic intelligence.

Keywords: intelligence; linguistic intelligence; verbal intelligence; language operations; communication; rhetoric; metalinguistic aspect.

Алтай А.А., Абызова А.М., Каримова Б.Ж.*

ПОНЯТИЕ «ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ИНТЕЛЛЕКТ» В ПАРАДИГМЕ СОВРЕМЕННОЙ НАУКИ

В научной статье рассматривается основные проблемы изучения понятия «лингвистический интеллект» в пространстве современной науки. Цель исследования – выявить особенности, формирование термина «лингвистический интеллект» и структуру данного явления. В связи с ростом влияния глобализации и цифровизации актуальной проблемой стало повышение лингвистического потенциала личности. Фундаментально изучив данное понятие, которое является выражением умственных способностей человека, реализуется основная научная задача – формирование и развитие лингвистического интеллекта, установление форм реализации, описание основных языковых операций на основе научных данных. Методология исследования включает в себя лексикографический анализ, подходы концептуальной дифференциации и структурного моделирования, позволяющие четко определить понятие лингвистического интеллекта. Опираясь на концепции и наблюдения, данные отечественными и зарубежными учеными об изучаемом явлении, были выявлены его основные черты. Также результаты последних исследований показывают специфические особенности лингвистического интеллекта. Представленные модели и схемы сформированы в результате дифференциации фактических научных доказательств. Основные выводы доказали, что лингвистический интеллект в настоящее время требует тщательного изучения. Исследование показывает, объективность получения новых научных результатов раскрывая особенности термина. Практическая значимость работы определяется обозначением проблемы ее формирования и развития на основе понятия лингвистического интеллекта.

Ключевые слова: интеллект; лингвистический интеллект; вербальный интеллект; языковые операции; коммуникация; риторика; металингвистический аспект.

ӘОЖ 811.111-26
ҒТАХР 16.01.45
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).11

Асетова А.Л.

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
E-mail: Lemonfeels@mail.ru

ӘДЕБИ КАРТАЛАРДЫ "ӨЗІНДІК ОҚУ" КУРСЫНДА МӘТІНДІ ТЕРЕҢ ТАЛДАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Әдеби карталар - әдебиет курстарында мәтінді талдауды жақсартудың динамикалық құралы. Мақалада әдеби карталарды оқу іс-әрекетіне интеграциялау бойынша практикалық ұсыныстар келтірілген, бұл олардың әдеби талдауды жақсарту және белсенді оқытуды ынталандыру әлеуетін көрсетеді. Әдеби карталар - үйде оқу курсының бөлігі ретінде мәтінді талдауды жақсартудың қуатты құралы. Көрнекі негізді қамтамасыз ете отырып, олар студенттерге ақпаратты жүйелеуге, байланыстарды анықтауға және әдеби мәтінге тереңірек енуге көмектеседі.

Кілт сөздер: әдеби карталар; мәтінді талдау; үйде оқу; ағылшын әдебиеті; сыни ойлау; белсенді оқыту; педагогикалық құралдар.

Кіріспе

"Өзіндік оқу" курсы студенттердің ағылшын әдебиеті саласындағы аналитикалық және интерпретациялық дағдыларын дамытудың негізі болып табылады. Е.В. Челпанова (2016) ағылшын әдебиеті бойынша дәрістерге негізделген Курс студенттерді ағылшын әдебиетіндегі негізгі әдеби шығармалармен, тақырыптармен және бағыттармен таныстырады. Алайда көптеген студенттер, әсіресе ағылшын тілін екінші тіл ретінде үйренушілер, көркем мәтіндердің күрделілігін түсінуде қиындықтарға тап болады.

Әдеби карталар мәтіндерді түсінуге визуалды негіз бола отырып, осы мәселелердің шешімін ұсынады. Бұл құрал ақпаратты ұйымдастыруға, жасырын байланыстарды анықтауға және материалды қабылдауды тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада мәтінді терең талдауды дамытудағы әдеби карталардың рөлі қарастырылады және оларды "Өзіндік оқу" курсына біріктіру әдістемесі ұсынылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ақыл-ой карталары мен графикалық ұйымдастырушылар сияқты визуалды құралдар білім берудегі тиімділігімен бұрыннан белгілі. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай құралдар абстрактілі ұғымдарды анағұрлым нақты және қол жетімді ету арқылы түсінуді жақсартады. Әдебиеттану контекстінде әдеби карталар әсіресе құнды. Өйткені олар мәтіндік талдау элементтерін визуалды бейнелеумен

біріктіріп, студенттерге мәтіндермен бірнеше деңгейде өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

"Ағылшын әдебиетіндегі дәрістер" оқулығы (Челпанова, 2016) әдеби карталарды құрудың тамаша негізі болып табылады. Онда ағылшын әдебиетінің тарихы мен оның негізгі шығармаларына құрылымдық шолу бар. Осы курста оқылған мәтіндердің негізгі элементтерін сәйкестендіру арқылы студенттер тақырыптар, кейіпкерлер және тарихи контекст арасындағы байланысты жақсы түсіне алады.

Зерттеу нәтижелері

Әдеби карта-әдетте мыналарды қамтитын көркем мәтіннің графикалық бейнесі:

Кейіпкерлер: олардың қарым-қатынасы, мінез ерекшеліктері және баяндаудағы рөлі.

Сюжет: негізгі оқиғалар және олардың хронологиялық немесе тақырыптық байланыстары.

Тақырыптар: орталық идеялар және олардың мәтіндегі көріністері.

Қоршаған орта: физикалық және символдық орындар.

Рәміздер мен мотивтер: мәтінге терең мағына беретін қайталанатын элементтер.

Әдеби карталарды курсқа енгізу қадамдары.

1. Мәтінді таңдау

"Өзіндік оқу" курсы үшін ағылшын әдебиеті бойынша дәрістерден мәтіндер таңдалады. Бұл мәтіндер, соның ішінде Шекспир, Диккенс және Остин шығармалары, бай баяндау құрылымы мен тақырыптық тереңдігіне байланысты әдеби дисплей үшін өте қолайлы.

2. Әдеби карталармен танысу

Мұғалім ертегілер немесе танымал әңгімелер сияқты қарапайым мысалдарды қолдана отырып, әдеби карталар тұжырымдамасымен таныстырады.

3. Топтық және жеке тапсырмалар

Студенттер топтарға бөлінеді немесе берілген мәтіндердің карталарын жасау үшін жеке жұмыс істейді. Әр топ картаның белгілі бір аспектісіне арналған:

1-топ: кейіпкерлердің қарым-қатынасы.

2-топ: сюжеттің құрылымы.

3-топ: тақырыптық талдау.

4-топ: символизм және мотивтер.

4. Презентация және талқылау

Карталарды жасағаннан кейін студенттер өз нәтижелерін аудиторияға ұсынады. Бұл кезең ынтымақтастыққа ықпал етеді және мәтінді әр түрлі түсіндіруге мүмкіндік береді.

5. Рефлексия және кері байланыс.

Студенттер бұл процесс туралы ойланып, әдеби картаны құру олардың мәтінді түсінуіне қалай әсер еткенін талқылайды. Оқытушы да кері байланыс береді.

Келесі әдеби карталар "Өзіндік оқу" курсындағы 1-курс студенттері, "Ағылшын тілі әдебиеті және медиадидактика" топтарының жұмыстары. Miro интерактивті тақтасындағы жұмыстарын көре аласыздар. Бұл жерде барлық он лекция, барлық кезеңдер қамтылған. Әр нүктеде қосымша ақпарат берілген (сурет-3).



1-Сурет



2-Сурет



3-Сурет

4-Сурет

"Өзіндік оқу" курсында әдеби карталарды пайдалану бірқатар артықшылықтарды көрсетеді:

1. Мәтінді түсіну жақсарады

Студенттер кейіпкерлер мен оқиғалар арасындағы қарым-қатынас туралы нақты түсінік туралы хабарлады. Мысалы, Шекспирдің "Макбетін" сәйкестендіру студенттерге кейіпкердің моральдық құлдырауын және оның амбиция мен тағдыр сияқты тақырыптармен байланысын бақылауға көмектесті.

2. Тақырыптармен және белгілермен өзара әрекеттесу

Әдеби карталар оқушыларды тақырыптар мен белгілерді тереңірек талдауға итермеледі. Диккенстің "Үлкен үміттерін" зерттей отырып, студенттер әлеуметтік ұтқырлық пен жеке сатып алудың қайталанатын мотивтерін анықтады, олар өз карталарында айқын көрсетті.

3. Сыни ойлауды дамыту

Мәтіндік элементтерді бір құрылымға біріктіру арқылы студенттер ақпаратты талдау және синтездеу қабілетін жақсартады. Бұл дағды олардың оқытушы ретіндегі болашақ жұмысы үшін ерекше құнды.

4. ЫНтымақтастық және өзара оқыту.

Топтық жобалар студенттерге идеялармен бөлісуге және бір-бірінің түсіндірмелеріне қарсы тұруға мүмкіндік берді, бұл бірлескен оқу ортасын құруға ықпал етті.

Әдеби карталардың практикалық қолданылуын көрсету үшін үйде оқу курсының студенттері Джейн Остиннің "Мақтаныш пен алалаушылық" картасын жасады. Картаға мыналар кірді:

Кейіпкерлердің қарым-қатынасы: Элизабет Беннетт, Дарси мырза және басқа кейіпкерлер арасындағы байланыстарды визуализациялау.

Негізгі тақырыптар: махаббат, әлеуметтік жағдай және жеке өсу тақырыптарын бөлектеу.

Параметр: Пемберли мен Лонгборн сияқты жерлердің маңыздылығын көрсетеді.

Бұл жаттығу Остиннің өмір сүрген ортасы кейіпкерлердің дамуы мен әлеуметтік нормаларды қалай көрсететінін көрсетті, бұл студенттердің роман туралы түсінігін байытты.

Әдеби карталар-үйде оқу курсының бөлігі ретінде мәтінді талдауды жақсартудың қуатты құралы. Көрнекі негізді қамтамасыз ете отырып, олар студенттерге ақпаратты жүйелеуге, байланыстарды анықтауға және әдеби мәтінге тереңірек енуге көмектеседі. Бұл әдіс әсіресе Е.В. Челпанованың (2016) ағылшын әдебиетіндегі дәрістерінде оқылған шығармалар үшін тиімді, өйткені ол оқулықтың құрылымы мен тақырыптық талдауға баса назар аударуына сәйкес келеді.

Қорытынды

Болашақ зерттеулер әдеби карталарды жасау үшін цифрлық құралдарды пайдалануды, сондай-ақ оларды әртүрлі жанрларда және білім берудің әртүрлі деңгейлерінде қолдануды зерттей алады. Әдеби карталарды оқу бағдарламасына

біріктіру арқылы оқытушылар студенттердің қарқынды және интерактивті білім алуына ықпал ете алады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Челпанова, Е. В. (2016). Лекции по английской литературе. Москва: Издательство гуманитарной литературы. с. 12-34, 56-87

[2] Brown, J. (2019). Graphic organizers in literature education: Enhancing textual analysis. London: Academic Press. pp. 45-78

[3] Smith, R. (2015). Literary maps and their role in developing critical thinking skills. New York: Educational Horizons Publishing. pp. 102-146

[4] Козлов, П. А. (2018). Визуализация информации в образовательных практиках: Теория и методы. Санкт-Петербург: Издательство «Просвещение». с. 98-120

[5] Johnson, L., & Freeman, T. (2017). Teaching English literature: Tools and strategies for visual learning. Boston: Learning Works. pp. 66-89

REFERENCES

[1] Chelpanova, Ye. V. (2016). Lektsii po angliyskoy literature. Moskva: Izdatel'stvo gumanitarnoy literatury. s. 12-34, 56-87 [*Chelpanova, E. V. (2016). Lectures on English Literature. Moscow: Publishing House of Humanitarian Literature. pp. 12-34, 56-87*].

[2] Braun, Dzh. (2019). Graficheskiye organayzery v literaturnom obrazovanii: uluchsheniye tekstovogo analiza. London: Academic Press. str. 45-78 [*Braun, Dzh. (2019). Graficheskiye organayzery v literaturnom obrazovanii: uluchsheniye tekstovogo analiza. London: Academic Press. str. 45-78*].

[3] Smit, R. (2015). Literaturnyye karty i ikh rol' v razvitii navykov kriticheskogo myshleniya. N'yu-York: Educational Horizons Publishing. str. 102-146 [*Smit, R. (2015). Literaturnyye karty i ikh rol' v razvitii navykov kriticheskogo myshleniya. N'yu-York: Educational Horizons Publishing. str. 102-146*].

[4] Kozlov, P. A. (2018). Vizualizatsiya informatsii v obrazovatel'nykh praktikakh: Teoriya i metody. Sankt-Peterburg: Izdatel'stvo «Prosveshcheniye». s. 98-120 [*Kozlov, P. A. (2018). Information visualization in educational practices: Theory and methods. St. Petersburg: Prosveshchenie Publishing House. pp. 98-120*].

[5] Johnson, L., & Freeman, T. (2017). Teaching English literature: Tools and strategies for visual learning. Boston: Learning Works. pp. 66-89 [Dzhonson, L. i Frimen, T. (2017). Prepodavaniye angliyskoy literatury: instrumenty i strategii vizual'nogo obucheniya. Boston: Learning Works. str. 66-89].

Асетова А.Л.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЛИТЕРАТУРНЫХ КАРТ В КАЧЕСТВЕ ИНСТРУМЕНТА ГЛУБОКОГО АНАЛИЗА ТЕКСТА В КУРСЕ "САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ"

Аннотация. Литературные карты - динамический инструмент для улучшения анализа текста в литературных курсах. В статье представлены практические рекомендации по интеграции литературных карт в учебную деятельность, что показывает их потенциал для улучшения литературного анализа

и стимулирования активного обучения. Литературные карты - мощный инструмент для улучшения анализа текста как части курса домашнего обучения. Обеспечивая визуальную основу, они помогают учащимся систематизировать информацию, выявлять связи и глубже погружаться в литературный текст.

Ключевые слова: литературные карты; анализ текста; домашнее чтение; английская литература; критическое мышление; активное обучение; педагогические инструменты.

Asetova Aizhan

THE USE OF LITERARY MAPS AS A TOOL FOR DEEP TEXT ANALYSIS IN THE COURSE "SELF-STUDY"

Annotation. Literary maps are a dynamic tool for improving text analysis in literary courses. The article presents practical recommendations on the integration of literary maps into educational activities, which shows their potential to improve literary analysis and stimulate active learning. Literary maps are a powerful tool for improving text analysis as part of a homeschooling course. By providing a visual framework, they help students organize information, identify connections, and delve deeper into the literary text.

Keywords: literary maps; text analysis; home reading; English literature; critical thinking; active learning; pedagogical tools.

ӘОЖ 82-3
ҒТАХР 17.82.94
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).12

Сұлтанғалиева Р.Б., Ибатолла А.Т.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан
E-mail: r.sultangalieva@mail.ru, ibatolla18@mail.ru

МЕМУАРЛЫҚ ПРОЗАДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ: ОЙ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ПОРТРЕТТЕР ТИПОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиетіндегі мемуар жанрының ерекшеліктерін айқындау, мемуарлық шығармаларды зерделеу, шығармалардың тілі мен табиғатына тоқталу. Мемуар жанрында жазылған шығармалардың баяндау бірлігін талдау, көркем бірлік тұрғысынан зерделеу.

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі мемуарлық жанрдың табиғаты туралы сөз қозғалады. Қазақ әдебиетінде мемуарлық жанр ерте дами бастады. Өз алдына бөлек жанр ретінде өзіндік типологиясымен ерекшеленетін бұл жанрдың тарихы өте ертеден, Орхон-Енисей жазбаларынан бастау алған. Мақалада мемуарлық жанрдың формалары мен жазылу түрлеріне қарай талдау жасалады.

Мемуарлық жанрдың түрлеріне естелік, автобиография, естелік мемуар, хат, күнделіктер жатады. Автордың баяндауына қарай мемуарлық жанрдың ерекшеліктерін байқауға болады. Кейбір шығармаларда үзік-үзік естеліктер жазылса, ал кейбіреуінде балалық шағынан бастап автор өзі тоқтаған өмірінің кезеңіне дейін жазады. Өмірінің соңына дейін жазу не жазбауды автор өзі шешеді. Өмірінің белгілі бір кезеңіне дейін жазуды жөн көруі де мүмкін. Мемуарлық шығармалар арқылы біз сол замандағы халық мұраты мен ұлт тағдырын, халық үнін ести аламыз. Тарих жалпылама жазылатын болса, мемуарда біз жеке бір тұлғаның өзіндік ойы мен өзіне аян шындығын білеміз. Мемуар жанры жалаң баяндаудан тұрмайды. Олай болса, оқырманды еліктіре алмас еді. Баяндау шеберлігі, образды жасау тәсілдері, характерді ашатын диалогтар құруы, мінездеме мен портреттерді жазу жолдары ерекше рөл ойнайды.

Мемуарлық шығармалардың ішіндегі М.Мағауин, Ә.Нұршайықов, Қ.Жұмаділов сынды жазушылардың романдарындағы шығармашыл тұлғаның бейнесі талқыланады. Аталған авторлардың өзіндік қолтаңбалары мен жазу стильдері айқындалады. Шығармаларға арқау болған өмір шындығы мен көркемдік ізденістері, автор мен кейіпкер өзара байланысы танылады. Мемуарлық жанр мен тарихи романдардың аражігі айқындалады. Мемуарлық шығармада тарихты берудің, шындықты жеткізудің көркемдік тәсілдері, автордың қалай жүзеге асырғандығы жайлы сөз болады.

Кілт сөздер: проза; мемуар; автобиография; мемуар роман; күнделік; естелік мемуар.

Кіріспе

Қазақ көркем әдебиетінде мемуарлық шығармалар – жанрлық типологиясымен ерекшеленетін, өзіндік орны бар әдебиеттің бір жанры. Мемуарлық шығарма деп қандай да бір заманда өмір сүрген атақты адамның өмірі туралы жазылған деректі туындыларды айтамыз. Дегенмен мемуарлық шығармалар ішінара автобиографиялық және эпистолярлық мемуарлық шығармалар деп жіктеледі. Қазақ әдебиеті небір автобиографиялық туындыларға, роман, повесть, әңгімелерге бай. Автобиографиялық туындылардың өзіндік ерекшелігі шығарма автордың өмірінен тікелей алынған. Шығарманың кейіпкері автордың өзі болып келеді. Автор өз өмірінен ауытқымайды, әрі шығарма желісі тек бір-екі желіге ғана құралады. Уақыт пен кеңістік туралы ойларын автор өз өмірінен ала отырып, қоғам шындығын баса бейнелейді. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің өз өмірі туралы жазған «Автобиографиялық әңгімесі» соның дәлелі іспеттес.

Мемуарлық шығармалардың тағы бір тармағы мемуар деп аталады. Көркем әдебиетте мемуарлық прозада роман, повесть, әңгімелер жазылған. Мемуарлық проза автордың өмірнамасын бейнелеумен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде мемуарлық жанрға С.Мұқанов, Ә.Нұршайықов, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Қ.Мырзалиев шығармаларын жатқызамыз. Автор шығармасында балалық шағынан бастап сипаттайтын болса автобиографиялық-мемуар деп аталғаны жөн. Ал егер, шығарма автордың үлкейген шағынан басталып, шығармада мемуарлық детальдар аз болса, жазушы естелігі аракідік аз айтылса, онда бұл туындыларды естелік мемуарлар деп атаймыз [1, 56]. Мемуарлық шығармалар тек жазушының естелігінен тұруы қажет деген жаңсақ пікір екенін ескереміз. Себебі, мемуарлық жанр тек автордың естелігінен тұрса, жазушының күнделігі іспетті болып кетері анық. Қазақ әдебиетінде мемуарлық жанр қанша кемелдене түссе де, жанрлық жағынан аражігін ажырататын мәселелер әлі де көп екенін байқаймыз [2, 301]. Мемуарлық жанрдың қалыптасуына, дамуына орыс әдебиетінің әсер еткені рас. Дегенмен, қазақ мемуарлық жанрының тарихы сонау түркі кезінен бастау алған. Оның бірден-бір дәлелі – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. Ескерткіштен мемуарлық детальдарды байқауға болады. Ескерткіштер мен автобиографиялық элементтерді көреміз. Алғашқы мемуарлық белгілер тек автордың артынан із қалдыру мақсатынан тумаған секілді. Себебі, Тоныкөктің жазуынан тек өмірде болғанын, тарихты ғана қалдыруды мақсат етпей, Түркі еліне халықтың тәрбиесін, мақсат-мұратын бірге жеткізуді көздегендей. Алғаш өмірбаяндық элементтерді осы ескерткіштерден байқаймыз.

Көркем әдебиетте сан қилы тарихты бейнелеудің бірнеше тәсілі бар. Соның ішінде ең өнімді әрі танымалы мемуарлық шығармалар арқылы шындықты, тарихты жеткізу болып табылады [3,167]. Мемуарлық жанрдың ерекшелігі – тарихи дәлдігінде. Тарих мемуар жанрында да байқалады. Дегенмен, тарихи романдарда мемуардағыдай бір адамның өмірбаяның жіпке тізгендей тізіп отырмайды. Әрі тарихи шығармаларда автор өз көзімен ғана сараламайды, жұрттан естігені, түйгені бәрін кейіпкерлері арқылы жеткізіп отырады. Мемуар жанрында кейіпкері өзі болса, тарихи шығармаларда олай болмайтындығын білеміз. Тарихи шығармаларда басты кейіпкерді толықтыру үшін, оның болмысын ашу мақсатында кейбір оқиғаларды автор өзі қиылыстырып, ойдан шығаруы да

мүмкін. Ал мемуарлық жанрда ойдан шығару емес, асқан дәлдік пен нақтылықты қажет етеді [4].

Мемуарлық жанр – прозалық ізденістен туған әдебиеттің бір түрі. Өз заманының тарихынан сыр шертетін, автор өмір сүріп отырған заманның айнасы іспеттес. Өмірбаян біреу болса да, оның оқырманға берудің, ұсынудың жолы бірнеше. Сол себепті де мемуарлық жанрдың формалары әртүрлі. Кейбір жазушылар тек қана үзік-үзік естелік түрінде жазса, кейбірінде автор басынан аяғына дейін үшінші жақтан баяндау түрінде жазатындығын байқаймыз [5].



Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық жанрдың көрінісін, табиғатын зерттеу және ерекшелігін анықтау үшін осы уақытқа дейінгі ғылыми тұжырымдамалар мен еңбектерге тоқталып, ондағы мемуар жайындағы теориялар мен материалдарға талдау жұмыстары жүргізілді.

Мақалада мемуар жанрының ерекшеліктерін, жазылу формасын анықтауға тырысамыз. Мемуар жанрында жазылған шығармаларға тоқталып, бір-бірімен салыстыра талдаймыз. Бұл мақалада Қ.Жұмаділов, Ә.Нұршайықов, М.Мағауиннің мемуарлық шығармалары негізге алынды. Тәуелсіздік кезінде жарық көрген мемуарлық шығармалардың ерекшелігі туралы мәселелер кеңінен сөз етілді. Аталған жазушылардың мемуарлық шығармаларын салыстыру, талдау әдістері арқылы мемуарлық прозадағы шығармашыл тұлғаның көркем бейнесі: ой әлемі және портреттер типологиясы анықталады.

Талқылау мен бақылау

Мемуарлық жанр қандай формада берілсе де, оның тууына себеп болатын автордың өмірі, оның қоғамындағы әртүрлі құбылыстар, өзгерістерді бастан кешуі. Мемуарлық шығармалар көбіне үлкен оқиғаны бастан кешіріп, ойларын, көзқарасын саралағаннан кейін барып туатын шығарма. Мемуарлық жанрдың бірнеше формасы болса да, қатып қалған межесі жоқ екенін байқаймыз. Автобиографиялық мемуардың ішінде де естелік, хат т.б. түрлері кездесе береді. Мысалы, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасының ішінде естеліктің бірнеше түрі, хат пен жазбалар, өмірбаян элементтері ұшырасады.

Белгілі ғалымдар Гүлмира Назарбаева және Ханкелді Әбжанов «Қазақстан: тарих пен тағдыр» атты ғылыми еңбектеріндегі «С.Д. Асфендиярова о культуре, науке иинтеллегенции» атты мақала-зерттеулерінде интеллигенция қатарына жататын алдыңғы екі қатар өкілдері, яғни зиялылар мен мамандық иелері – буржуазия және байлар қатарына енсе, ал үшінші мұғалімдер, басқа салаларда қызмет атқарып жүргендер халыққа етене, яғни бір қадам болса да жақын деп атап өтті. Сонымен қатар, төңкеріске дейінгі Қазақ елінде ешқандай да жоғарғы оқу орындары болмады-мыс. Осылайша, инженер және өзге де техникалық мамандықтарды игеру қиынға соқты. Бірақ, қиын-қыстау кезеңде техникалық мамандықтарды игеруде басқа класстарға қарағанда, әрине жоғары сатыда тұрады деп көрсетті. Сонымен қатар, Санжар Асфендияров өз зерттеулерінде зиялылардың үшінші сатысы демократиялық интеллигенция қатарын атап өтті. Осыған орай, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы және 1917 жылғы ақпан төңкерістерінен кейін бұл қатардың өкілдерінің қанат жайған кезеңдері болды.Осылайша, халық мүдделерін жоғары қою арқылы өз талап-тілектерін жоғарғы үкімет басшылығына көрсетіп нұсқады [23, 112-113бб.].

Белгілі профессор Ханкелді Әбжанов «Қазақстан: Тарих. Тіл. Ұлт» атты ғылыми еңбегінде «Номенклатура және азаттық элитасы» атты бөлімінде ХХ ғасырдың басында ақпан төңкерісінен кейін алаштың белгілі өкілдері ұлттық идеяны алға тарты, тәуелсіздік үшін күресте көптеген зиялылар, атап айтатын болсақ, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Бақытжан Қаратаев Смағұл Сәдуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлы және т.б. ұлт қайраткерлері өмірден озды деп атап өтті. Сонымен қатар, ХХ ғасырдың орта кезеңінде Қазақ КСР Ғылым академиясының Тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Жезқазған өңірінде қазба байлықтарының, яғни кен орнының ашуы, біртума ақын және жазушы, Алаштың белгілі қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің үш томдық «Абай жолы» атты еңбегі арқылы қазақ халқының санасын көтеруде және сауаттылық деңгейін жоғарылатуда үлкен үлес қосты. Ханкелді Әбжанов жоғарыда аталған еңбегінде «тұлға» ұғымын «элита» сөзімен байланыстырып, сан алуан егемендігі үшін күресте ерліктің үлгісін көрсеткен тұлғаларды жатқызды.

«Элита» ұғымы адамзат баласының терең ойшылдығымен, өз халқының нығаюына, дамуына өз септігін тигізген, өзінің еңбекқорлығымен елді тәнті еткен адамдар санаты жатады. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарында күріштен және тары өнімдерінен рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізген Ыбырай Жақаев және Шығанақ Берсиев, қазақстандық күріш жинаудан рекордты жүзеге асырған Ким Ман Сам және т.б. Осыдан кейін профессор Ханкелді Әбжанов өзінің аталмыш еңбегінде өздерінің еңбекқорлығымен халықты алға сүйреген тұлғалар – «ең үздік, жақсы адамдар» деп өз бағасын берді [6, 53-55бб.]. Осылайша, әр кезеңнің біртуар тұлғалары өз еңбекқорлықтарымен келешек ұрпаққа үлгі-өнегені көрсетті. Яғни, олар жау қолынан елді азат етуде және қорғауда аянбай күресіп, ата-бабалар аңсаған мұратқа жетіп, біз, осы керемет жағдайлардың куәгері болып отырмыз. Шынтуайтында, әлі Отан тарихымызда ерен ерлікті көрсеткен, әлі де белгілісіз тұлғалар жетерлік. Олардың есімдерін тарих бетіне шығарып, насихаттар бүгінгі жастардың алдында тұрған үлкен абырой міндеттердің бірі болып табылады.

Профессор Дүкенбаева З.О. «Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы» атты ғылыми еңбегінде белгілі профессор Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың «тұлға» туралы ғылыми тұжырымдамасын келтіре келе, өзіне бағынышты емес, адамзат баласы өмір сүріп отырған әлемдегі іс-тәжірибелік және шешу әдісін, яғни жолын дұрыс тапқан субъект деп анықтама берді. Осыған орай, көптеген Отан тарихымызда әлі де белгісіз есімдер бар және олардың шығармашылығы, өмірлік ұстанымдары әлі зерттелмеді-міс деп атап өтті [24, 10.]. Тарихи тұлғалар өмірлерін және олардың шығармашылығын келешек жас ұрпаққа оқытып санасына енгізу арқылы рухани дүниетанымызды одан әрі байыта аламыз деген сенімдемін.

Белгілі ғалымдар Гүлмира Назарбаева және Ханкелді Әбжанов «Қазақстан: тарих пен тағдыр» атты ғылыми туындысындағы «Ғабит Мүсірепов шығармаларының тарихи мәні» атты ғылыми еңбегінде қазақ халқының біруар жазушысы Ғабит Мүсірепов тұлғасына және оның шығармашылыған баға бере келе, өз шығармаларында қазақ халқының әйел бейнесін көркемдік, ғылыми тұрғыда сипаттай білген тұлға. Аталмыш бейнені Ғабит Мүсірепов секілді ғылыми негізде сипаттайтын ақын-жазушыларымыз жоқ десек қателеспейміз деп атап өтті. Ғабит Мүсірепов ой әдемілігін кітапқа сөз өнерімен өрнектей білген кемеңгер жазушы. ХХ ғасыр басында өмір сүріп, өмір тауқіметін көп тартқан, тар жол тайғақ кешкен тұлғаларымыздың бірі десек жаңылыспаймыз деп атап көрсетті [23, 54-55бб.]. Әрине, ХХ ғасыр басында өмір сүрген көптеген ақын-жазушыларымыз бар және олар өз шығармаларымен халықтың санасын оятуда сүбелі үлестерін қосты.

Ханафия Асқарұлы «Алаш зиялылары» атты ғылыми еңбегінде «Абай туралы» атты мақала-зерттеуінде Абай Құнанбаев тұлғасына ғылыми тұрғыда сипаттама берді. Ең алдымен, Абай тұлғасына және оның шығармашылығына баға берген тұлғалардың бірі де бірегейі – белгілі линвист Ахмет Байтұрсынұлы. Ханафия Асқарұлы қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының «қазақтың бас ақыны» деп өз анықтамасын бергендігін атап көрсетті. Белгілі ғалым Ханафия Асқарұлы Абай тұлғасына баға бере келе, білімді де, жігерлі және ақыл, қайрат,

жректі бірдей ұстаған бірегей тұлға деп атап көрсетті. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов тұлғаларына жеткілікті түрде тиіс баға бермегендігін атап өтті. Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан бастаған бір топ қайраткерлер, Мұхтар Әуезов, Есмағанбет Сайылов секілді тұлғаларымыз тек қана қазақ халқын арасында сауаттандыру үдерісін жүргізген ағартушылар ғана емес, ғалымдар және күрескерлер деп атады [27, 39-40 бб.].

Филология ғылымдарының докторы Тұрсынбек Кәкішев «Қазақ зиялылары» деп аталған еңбегінде ХХ ғасыр басында өмір сүрген зиялыларымыздың ерен ерліктерін және еңбектерін атай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай Құнанбаев мектебінің озат та дарынды бітірушілердің бірі және әлеуметтік салада қазақ халқының мүддесін қорғауда орасан зор еңбектің үлгісін көрсеткен, жоғар дейгейде шығармаларымен белгілі тұлға деп атап өтті. Сонымен қатар, қазақ әдебиетіндегі алдыңғы қатарлы өкілі ретінде келешекте тағы да жазылатын Отан тарихымызда өшпестей із қалдырған бірегей даналарымызды бірі деп өз бағасын берді. Сондай-ақ, Шәкәрім Құдабердіұлы тек қана Қазақ елінде ғана емес, бүкіл түркі жұртына белгілі қайраткерлердің бірі және бұл ғұлама шетел тарихында өз орнын алды [28, 66 б.]. Мысалға айтатын болсақ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ректоры тарих ғылымдарының докторы Сыдықов Ерлан Бәтташұлының «Шәкәрім» атты ғылыми еңбегі Ұлыбритания еліндегі Кембридж университетінде тұсаукесері болып бүкіл ағылшын жұртшылығына таныстырылды. Осылайша, ХХ ғасырдың басында өмір сүрген зиялыларымыздың есімдері тек қана өз Отанымызда ғана емес, Еуропа халқына таныстырылып, тарихымызды кеңінен жаюдамыз.

Тәуелсіздік жылдарындағы ғалымдардың еңбектеріне әрі қарай тоқтала кететін болсақ, Мәлікайдар Асылбеков пен Зирабүбі Төленова «Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері» атты ғылыми еңбектерінде «тұлғатану» саласына тоқтала келе, «персоналистика» - бұл Отандық тарихы ғылымының бір бөлімі, яғни жанры деп атады. Бұл ұғымға ғылыми негізде қарастырып зерттей келе, қандай бір адамзат баласының өмірін және қызметін көрсету арқылы тарихымыздың жаңа бір зерттеу бағыты деп атап өтті. Еңбек авторларының көрсетуінше, белгілі бір тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жай ғана зерттеп қана қоймай, терең тұрғыда естеліктерге, сол туралы жазған адамдардың мемуарлық хаттарына және архивтік құжаттарға сүйене отырып, зерттеу болып табылады деп атап анықтады. Осы жаңа жанр әдістемесін негізге ала отырып, жаңа бір туынды қалыптасатыны айдан анық деп көрсетті [29, 10б.]. Осылайша, белгілі бір тұлғаларды берілген жаңа жанр арқылы зерттеп, Отан тарихымызда әлі де белгісіз есімдерді жарыққа шығару біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Келесі бірегей ғалымдардың бірі Кеңес Нұрпейістің шығармаларын баспарға шығарып, елге таныстырған С.О. Смағұлова, Г.Ж. Өскембаева зерттеушілердің рөлі ерекше. Әсіресе, Кеңес Нұрпейістің шығармаларындағы тұлғатану саласын жоғары деңгейде зерттеген ғалымдардың бірі. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген, әсіреес Тұрар Рысқұлов секілді көптеген Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтерін атап, қуғынға ұшыраған зиялыларды, соның ішінде Кенесары Қасымұлы тұлғасын зерттеген Ермұқан

Бекмахановтың қайраткерлігі туралы қалам тартты. Сонымен қатар еліміздің біртуар қайраткерлері қазақтың тұңғыш геологы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, еліміздің әлеуметтік-экономиалық жағынан нығайтқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев және Салық Зиманов секілді тұлғаларымыздың асыл да қайратты тұлғалық қасиеттерін ашып көрсетті. Әсіресе, Кеңес Нұрпейіс «Қайраткер Халел Досмұхамедов» атты ғылыми зерттеу-мақаласында алаштың белгілі өкілі Халел Досмұхамедов – мемлекет және қоғам қайраткері, талантты да білгір ғалым деп атап көрсетті. Оның қоғамдық-саяси қызметі Әлихан Бөкейханмен бірге Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметін құруға ат салысқандардың бірі де бірегейі болып табылады. Біз білетіндей, 1917 жылы Ресей империясы қазақ жерінің 45 миллион десятина жерді алып, көпиеген аграрлық мәселелерді өз қолдарына алды. Шынтуайтында, осындай көптеген келеңсіз жағдайларға наразы болған Халел Досмұхамедұлы өз күрестерін басқаша жолмен, яғни көптеген газеттерге қазақ халқының өмір-тынысын көрсететін әлеуметтік-саяси мазмұндағы мақалаларды жарыққа шығарды. Әсіресе, ХХ ғасырдың бас кезеңінде өзімен бірге оқитын замандастарымен бірге елдің жағдайын сипаттайтын түсіндіру жұмыстарын жүргізумен қатар, «Фикр», «Уралський листок» газеттеріне өз мақалаларын жариялады [30, 123-12бб.]. Әсіресе, 1917 жылы сәуір-мамыр айының көктемгі шуақтарында көптеген облыстық съездерге, 1917 жылғы 21-26 шілденің жаз мезгілдерінде бірінші жалпықазақ съездерде қазақ хақының мүддесін қорғап, сол кезеңдегі әлеуметтік мәселелерді барынша жоғарғы үкіметкен жеткізуге тырысып бақты [30, 128-129бб.]. Осылайша, Халел Досмұхамедұлы өзінің біріккен зиялыларымен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, халықты қараңғылықтан шығаруда көп аянбай еңбек сіңірді.

Белгілі ғалым Зұлқарнай Алдамжар «Тарих: пайым мен тағылым» атты ғылыми туындысының «Ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы туралы» атты зерттеу бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлы 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетін ұйымдастырушысы, лингвист, реформатор, түрколог, Алаш паартиясы мен Алашорда үкіметі ұйымдастырушылардың бірі деп өз бағасын берді. Әсіресе, ұзақ жылдары кезеңінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін ұмыттыруға барынша әрекеттер жасалғанымен де, бірақ, қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі біртуар тұлғалардың бірі болды. Ол «Қазақ», «Айқап» басылымларына қазақ залқының өмір салтын сипаттайтын «Оқу жайынан», «Қырық мысал», «Маса», «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», «Жұрт ісінің бірі - оқу» атты туындылары арқылы қазақ халқы арасында сауаттандырып, рухани жағынан байытуда сүбелі үлес қосқандардың бірі деп атап көрсетті [31, 205-206 бб.].

Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1918-1920 жылдары орын алған Азамат соғысы мен 1939-1945 жылдары орын алған екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақстан әлеуметтік-экономигалық жағынан зерттеп құнды мәліметтерді қалдырды. Соның ішінде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалым туралы Отан тарихындағы келелі мәселерді атай келе, белгілі қоғам қайраткері Әліби Жангелдин туралы «Алибий Джангильдин – первый военный комиссар Степного края» атты ғылыми еңбегі жарық көрді. Атамыш еңбекте Әліби Жангельдин кішкентайынан орыс-қазақ мектебінде, кейін училищеде оқып, әрі қарай өз

мамандығы бойынша білімін тереңдете түседі. Әліби Жангельдин өз білімімен Қазан және Мәскеу секілді ең озық жоғарғы оқу орындарында білім алып,бірақ Алаш зиялылары құрған жасырын ұйымдарға мүше болып, саяси мәселелерге араласқаны үшін аталмыш ордаларынан шығарылды. Ол өз елінің үшін жасап жатқан істерін әрі қарай жалғастырып, Орталық Қазақстан өңірі Жезқазған мен Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі Байқоңыр жұмыс кен орындарында халықты қараңғылықтан шығарып, ата-балалар өсиеті мұрат еткен қазақ халықтары арасында насихат жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, Ресей жоғарғы өкіметі тарапынан қудалауға ұшырап, әрі қарай өзінің күресін Торғайда жалғастырды. Сонымен қатар, Әліби Жангелдин өзінің қайраткерлік тұлғасымен Амангелді Имановтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен бірден-бір тұлғалардың бірі деп атап көрсетті [29, 125-126 б.]. Сонымен қатар, осы Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалыс басып-жанышталса да, бірақ халық есінде мәңгі қалды. Және осы тұлғалар елі үшін, кешелек ұрпақ үшін бейбітшілік өмірді сыйлаған қайраткерлер болып табылады.

Келесі Манаш Қозыбаев тұлғалар туралы мақала-зерттеулер жинағы І.Қозыбаев басшылығымен «Тұлғалар тұғыры» атты ғылыми еңбек жарыққа шығып, сан алуан құнды еңбектерін халыққа терең тұрғыда ұсынылды. Соның ішінде, 1989 жылы Манаш Қабашұлы Қозыбаев алаштың белгілі өкілі Санжар Аспандияров Жаппарұлы туралы келелі мәселелерді ғылымға енгізді. Осыған орай, ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында алаштың қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және Тұрар Рысқұлов тұлғалар секілді өмірден ерте озды. Көптеген зиялылар қарабайыр халық арасынан шыққан, өз білімдерімен халыққа кеңінен танылған басшылық еткен тұлғалар болып табылады. Профессор Манаш Қозыбаев өз еңбегіңде қазақ халқының нақыл сөзі «әкеңнің ұлы болма, халықтың ұлы бол» деп Санжар Аспандияровты ұазақ елінің баласы деп өз бағасын берді. Осыған орай да, Санжар Аспандияровтың келелі қоғамдық-саяси және әлеуметті қызметі қалың қазақ арасынан қолдау тауып, бүгінгі күні әлем және Отандық тарихта өшпестей із қалдырған біртуар азамат болып табылады деп өз ғылыми сипаттамасын ашып көрсетті [5, 427б.].

Сондай-ақ, белгілі ғалым Манаш Қозыбаевтың «Халел Арғынбаев» атты мақала-зерттеуінде «адам» мәселесін жетік білген тұлға деп анықтады. Соның ішінде, Манаш Қозыбаев аталмыш еңбегінде Халел Арғынбаевтың тұлғалық қасиеттерін, яғни еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, ізгілікті дәйектеп сипаттады. Сондай-ақ, әр адам дүниеге келеді және белгілі бір қасиеттерді меңгеру арқылы адам болып өсу үлкен сын-қатерлердің алдыңғы қатарлардың бірі болып табылады. Осы өмірде адамзат баласын тек қана қиындықпен сынамайды, сонымен қатар яғни қуанышпен де, қайғымен де, сан алуан қиындықтармен сынау үдерістері кездеседі. Осыған орай, професор Манаш Қабашұлы Халел Арғынбаевтың ғылым докторы, ғылым саласының ең биік нүктесіне жеттім деп көкірегні көтермей, керісінше қарапайымдылық қасиетін жоғары аша алды [5, 428б.]. Осылайша, автор І.Қозыбаев профессор Манаш Қабашұлының шығармаларын жинақтау арқылы Отан тарихымызда белгілі зиялыларды, интеллигенциялардың өмірлік ұстанымдарын, олардың халыққа жасаған

қоғамдық-саяси қызметтерін халыққа ұсынуы арқылы келешек ұрпақ санасында мәңгі қалады деген оймен еңбек жасалынып зерттеліп отыр. Әр алаш зиялысының жасаған іс-әрекеттер, әсіресе Ресей империясы Мемлекеттік Думасына сайланып, келелі және терең мағынадағы қазақ халқының қоғамдық өмірінің кейбір шындықмәселелерін атап көрсетіп отырды. Осылайша, бұл, бүгінгі ұрпаққа үлгі өнеге болып отыр.

Ал, Бөкейханов С.Р. «Өткен күнде белгі бар» деп аталатын еңбектегі «Балалық шақ» деп аталатын зерттуінде Әлихан Бөкейханның кішкентай кезінен бастап өте алғыр және тапқырлығымен ерекшеленді. Соның ішінде, қазақ халқының ұлттық ойындардың бірі – асық ойнағанды ұнатқан тұлға болды. Әсіресе, Әлихан Бөкейхан адамгершік қасиетке бай қайраткер. Яғни, ойын кезінде ұтып алса, барлық затты иесіне қайтарып беретін және өркөкірек ретінде ұстанған достарын, керісінше жат қылық екенін түсіндірумен болды. Әлихан Бөкейхан балалық шағынаен жан-жақты болуға тырысты. Соның ішінде Әлихан Бөкейхан білім саласында, әсіресе математкиа секілді есептерді шығарғанды жақсы көретін және Ресейдің ірі де беделді жоғарғы оқу орындарында өз білімдерін жалғасып, қазақ халқы үшін күрес үдерісін бастады [32, 23-24бб.].

Тәуелсіздік жылдарында көлемді еңбектер қалдырған әдебиетші-профессор Қуаныш Сұлтановтың «Серпінді кезең» атты ғылыми еңбегі белгілі. Осы аталмыш ғылыми еңбекте, Отан тарихындағы халқы және елі үшін жасаған еңбектерін халыққа ұсына үлгі ретінде көрсетті. Соның ішінде, профессор Қуаншы Сұлтановтың «Мағжан дәуірі» атты ғылыми зерттеу-мақаласында алаштың белгілі қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы секілді т.б. өзге де тұлғаларды дұрыс білмейінше, қазақ мәдениетін дұрыс біле алудың екі талай екендігін атап өтті. Яғни, автордың айтуынша, осы аталмыш тұлғалар және олардың шығармашылығымен таныс болмаса, қазақ мәдениетін, яғни салт-дәстүрін мен әдет-ғұрпын, жалпы қазақ халқының қоғамдық өмірімен таныса алады деп атап өтті. Сонымен қатар, профессор, әдебиет саласының білгірі Қуаныш Сұлтанов өз ғылыми тұжырымын келтіре келе, орта ғасыр дәуірінде Италия елінде қайта өрлеу дәуірі, яғни «ренессанс» болса, қазақ халқындағы аталмыш дәуір – Мағжан дәуірі деп атап көрсетті. Осылайша, осы ғылыми тұжырымға байланысын алға дәйектерді алға тарта келе, Мағжан Жұмабаев өз заманының терең де ұлы ойшылы, суреткер hәм шығармаларында өзі өмір сүрген кезеңді толыққанды сипаттай білген алаштың біртуар азамат деп бағасын берді. Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаевтың шығармаларының негізгі тақырыбы – отаншылдық, патриотизм болып табылды. Осыған орай, өз шығармаларында қазақ елінің тәуелсіздікке жету жолындағы күресінде өз ғылыми еңбектерінде арқау етті [33, 17-18бб.].

Белгілі профессор және саясаткер Қуаншы Сұлтанов көптеген ғылыми еңбектерімен белгілі. Өз шығармаларында қазақ халқының мүддесін қорғаған қайраткерлерді насихаттаудағы маңыздылығы өте зор. Соның ішінде Қуаныш Сұлтанов елге аянбай қызмет көрсеткен тұлғалар туралы сөз ете келе, профессор, академик, этнограф Әлкей Марғұланның 100 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясының сөйлеген сөзін келтіре отыра, оның қайраткерлік

тұлғасына һәм ғылыми ізденістеріне бағасын берді. Осыған орай, белгілі ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланға және т.б. тұлғаларға арнап ауқымды конференцияның өткізілуі ой-санамыздың әрі қарай дамып, рухани дамуымызға, яғни жетілуімізге әсерін тигізетіндігі және көптеген қайраткерлерді еске алу біздің негізгі парыздарымыздың қатарына жатады деп атап өтті. Сонымен қатар Қуаныш Сұлтаноов Әлкен Хақанұлы Марғұланды қазақ халқының дара тұлғасы және жарық жұлдызы деп атап өтті. ХХ ғасырдың қиын-қыстау кезеңде, аласарпыран дүниеде өмірге келген, өз заманында озық ойлы тұлғлаардың қатарына жататын, ауыр жүкті арқасына алып, қазақ ғылымын дамытуда сүбелі үлес қосушылардың қатарына жатады.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан ғылыми зертеулер нәтижесінде көптеген еңбектері жарық көрді. Ол ХХ ғасырдың 30-жылдарында Ресейдің ірі жоғарғы оқу орын шығыстану инстиутына оқуға түсіп, көп оқып білімін одан әрі тереңдетті. Әсіресе Әлкей Марғұлан Алаштың белгілі өкілдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы және т.б. секілді ғұлама қайраткерлермен байланысқа түсіп, қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастады.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан Ресейдің ірі жоғарғы оқу орындарында тәлім алып, шыңдап өзінің еңбекқорлығымен, білімше дееген құштарлығымен ерекшеленген тұлға болып табылады [33, 89-90бб.]. Сонымен қатар, археология ғылымының дамуына өзінің сүбелі үлсін қосқан, археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде көптеген артефактілер табылды. Осыған орай, Әлкей Хақанұлы Марғұлан қазақ халқы тарихының дамуына өзінің мол үлесін қосқан тұлға болып табылады.

Белгілі профессор Қуаныш Сұлтановтың келесі бір тұлғалар туралы сериясы «Заман және замандастар» деп аталатын ғылыми еңбегіндегі «Кекілбаев кеңістігі» атты зерттеу-мақаласында Әбіш Кекілбаев тұлғасына және оның шығармашлығына ерекше тоқтамға келіп бағасын берді. Соның ішінде Әбіш Кекілбаевтың жеке бір өз алдына әлем екендігі, өз заманында келелі ғылыми еңбектерімен және публицистикалық шығармаларымен белгілі жазушылық шеберлігімен таңқалдыратын жеке бір тұлға деп бағасын берді. Жалпы, автордың есептеуінше, Әбіш Кекілбаевтың қоғамдағы және елінің арасында орасан зор беделге ие тұлға болып табылады. Оған дәлел ретінде көптеген қайраткерлер, зиялылары Әбіш Кекілбаев тұлғасына баға берді. Соның ішінде Қуаныш Сұлтанов белгілі қайраткер Асқар Сүлейменовтің бағасын келтіре отыра, «Әбіш Кекілбаев өз заманының білгірі және дарын иесі» деп қайраткерлік тұлғасын атап өтті. Осылайша, қазақ әдебиетінің майталманы Әбіш Кекілбаевтың қандай тұлға екендігін көруімізге болады [34, 5-6бб.].

Енді Әбіш Кекілбаевтің шығармашылығына тоқталатын болсақ, белгілі профессор Қуаныш Сұлтанов ХХ ғасырдың 70-жылдар кезеңін қазақ әдебиетінің шарықтап шегіне жеткен кезеңі деп атап өтті. Бұл кезеңде қазақ әдебиетінің майталмандары және қаламгерлер Әбіш Кекілбаев, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Ілияс Есенберлин секілді тұлғалар өз шығармаларымен белгілі болды. Олар өз шығармаларында қазақ даласы һәм өткен тарих турады келелі мәселелерді

көтерді. Әсіресе, Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң», «Үркер», «Аңыздың ақыры» және т.б. еңбектері ұлт мүддесімен ұштастыра отырып, қазақ халқының қиын-қыстау замандарын, көрінісін сипаттап, тәрбиелілік маңызы бар еңбектердің қатарына жатады. Қайраткер Әбіш Кекілбаев ақындығы және жазушылғы жоғары деңгейде болып табылады. Кез-келген әдеби шығармасын оқып қарайтын болсақ, қазақ даласының бір бейнесін елестетуге болады. Себебі, қазақ, орыс, шетел әдебиеттерін терең оқығандықтан оның қаламынан небір ғажап туындылар дүниеге келді. Әбіш Кекілбаев тек ақын және жазушы ғана емес, тарихшы, саясаттанушы, қайраткер, шежіретанушы, аудармашы һәм философ деп атап өтті [29, 5-6бб.]. ХХ ғасырдың озық ойлы азаматтарымен байланыс жасап, қазақ елінің ғылымын дамытуда сүбелі үлестерін қосып қана қоймай, қазақ халқын білімге шақырып, санасын оятуда үлкен үлес қосқан зиялылардың бірі болып табылады.

Қуаныш Сұлтанов өзінің «Заман және замандастар» деп аталатын еңбегіндегі «Қайраткер» атты бөлімінде ХХ ғасырдың аяғы мен ХХI ғасырдың басындағы қазақ халқының майталмандары туралы келелі мәселелерді көтерді. Әсіресе, көне түрік жазбаларын зерттеген, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры, профессор, мемлекеттік қайраткер Мырзатай Жолдасбеков тұлғасына тоқталды. Қуаныш Сұлтанов Мырзатай Жолдасбековтың ауыз әдебиетіне қосқан үлесін анықтап, ұлттық сананың дамуына өз әсерін тигізген бірден-бір тұлға деп сипаттаманы берді. Соның ішінде VI-Х Ғасырларда өмір сүрген Түрік қағанаты. Батыс Түрік қағанаты, Түркеш қағанаты және Қарлұқ қағанаты батырлары мен ел басшыларының саясаттары анықтап, қазақ мәдениетіне және тарихына жаңа тың дерекмен толықтырды. Әсіресе, Күлтегін, Тоныкөк, Естеми қаған және батырларының ерліктерін көне жзабалардан оқып, қазақ тарихының дамуына өз сүбелі үлесін қосқан тұлғалардың бірі деп атап көрсетті.

Біз білетіндей, VI ғасырда Алтайдан Еділге дейін ұлан-байтақ Еуразия, соның ішінде қазақ жерінде өзге елдермен терезесі тең елге айналған мемлекеттер өмір сүрді. Сонымен атамлыш империялар көптеген Қытай, Византия секілді империяларымен дипломатиялық қарым-қатынас жасағандығы жөнінде археологиялық қазба жұмыстары дәйектей түседі.

Мемлекеттік қайраткер Мырзатай Жолдасбековтің қазақ ауыз әдебиетінің алыптары «Ленинградтың өренім» атты өлеңінің авторы Жамбыл Жабаев пен Кенен Әзірбаев тұлғаларының қазақ тарихындағы алатын орны ерекше. Осылайша, Мырзатай Жолдасбеков Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ректоры болған кезеңнің өзінде Орхон ескерткіші секілді қазақ халқының рухани мұрасын байыта түсті. Соның ішінде аталмыш тұлғалардың шығармашылығындағы қазақ тарихы және оның көрінісі, қазақ тарихындағы зұлматты жылдар кезеңдері мәселелерді кездестіруге болады [34, 41-42бб.].

Қорытынды

Тұлға дегеніміз өз ойын нақты және толыққанды, жүйелі жеткізе алатын, озық терең ойымен, білімділігімен ерекшеленетін адамдар тобы болып табылады. Әр дәуірдің тұлғаға берген анықтама бойынша ерекшеліктер бар. Яғни, сол кезеңдегі қиын-қыстау жағдайларымен байланыстыра аламыз. Өз заманында өмір сүрген ғұламалардың еңбектері бізге үлкен мұра болып қалды. Аталмыш

еңбектерден білім нәрін сусындап, қазақтың ойшылдары насихат қылған тұлғалық қасиеттерді бойымызға сіңіруіміз абзал.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әбжанов Х. Тарихшы. Шығармалар жинағы. 5-кітап. – Алматы, «Алгорифм» баспасы, 2023, 488 б.

[2] Қамзабекұлы Д. Руханият: (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: «Білім», 1997, 272б.

[3] Ожегов, С. И. Словарь русского языка около. – Изд. 25-е. – Москва : 2001. – 763б.

[4] Ә. Нысанбаев.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999, 525б.

[5] І. Қозыбаев Тұлғалар тұғыры. - Алматы: «ҚазАқпарат», 2009, 540 б.

[6] Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт: тарих. – Астана, 2007, 270 б.

[7] Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Болашақ, 2011. — Т. 14: Тұран қақпасы. 392 б.

[8] Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры).2-кітап.-Алматы:Ғылым, 1998. - 280 б.

[9] Плутарх. Сравнительные жизнеописания: в 3 т. / сост. С.П. Маркиш, С.И. Соболевский. – М., 1963. – Т. 2., 548 с.

[10] Плутарх. Сравнительные жизнеописания: в 3 т. / сост. С.П. Маркиш. – М., 1964. – Т. 3., 546 с.

[11] Имангалиев А.Т., Дүкенбаева З.О. Ибн Халликан және Ақжан әл-Машани еңбектеріндегі әл-Фараби // Отан тарихы ғылыми журналы. – 2021. – №2(94). – Б. 100-108.

[12] Ибн Халликан. «Вафиат ал-а‘йан ва анба’ абна’ аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») еңбегі / Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы РММ. – Астана, 1892. – Т. 1., 488 б.

[13] Ибн Халликан. «Вафиат ал-а‘йан ва анба’ абна’ аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар»): еңбегі / Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы РММ. – Астана, 1892. – Т. 2, 427 б.

[14] Әбжанов Х., Исабек Б. Академик Рамазан Сүлейменов. – Алматы: Дайк Пресс баспасы, 2007, 252 б.

[15] Библиография изданий Академии наук Казахской ССР, 1974 / Академия Наук Казахской ССР, Центральная научная библиотека – Алма-Ата: ЦНБ АН КазССР, 1977, 249 с.

[16] Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: З.М. Төленова, А.А. Оралова. Бас ред. С.О. Смағұлова. Жауапты ред: З.М. Төленова, Р.О. Кәрібжанова, «Ғылым Ордасы» РМК бас директоры. Ред.: Ғ.И. Белгібаева, Т.В. Вдовухина, А.Ж. Саканова. – Алматы: «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапхана, 2013, 190 б.

[17] Библиография изданий Академии наук Казахской ССР. 1988. Қазақ ССР Ғылым академиясы шығарған кітаптардың көрсеткіші. 1988 / сост.: М.М. Кудряшова, К.С. Хасенова; [отв. ред. К. К. Абугалиева] – Алма-Ата: 1992, 303 с.

[18] Библиография изданий Академии наук Казахской ССР. 1990. Қазақ ССР Ғылым академиясы шығарған кітаптардың көрсеткіші. 1990 / сост. Т.В. Вдовухина; [библиогр. ред. Л. А. Тумановой; отв. ред. К. К. Абугалиева] – Алма-Ата: 1991, 243 с.

[19] Әбжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. – Петропавл: АО «Полиграфия», 2011, 364 б.

[20] Әбжанов Х. Тұлға. Шығармалар жинағы. 3-кітап. – Алматы, «Алгорифм» баспасы, 2023, 511 б.

[21] Х.Әбжанов. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014, 324 б.

[22] Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941). – Алматы: Эверо. 2015, 228 б.

[23] Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. – Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. – 2003, 296 б.

[24] Дүкенбаева З.О.Әл-Фараби және әл-Машани рухани дүниетанымы: Ғылыми басылым. З.О. Дүкенбаеваның ред. - Алматы: ССК, 2017. – 404 б. – Алматы: Эверо, 2015, 228 б.

[25] С.Жолдасбай, Е.Ерланұлы. Алаш айқан асыл сөз.Бірінші басылым/- Алматы, «Ел-шежіре» қоғамдық қоры. 2016. – 296 б.

[26] Пірманов Ә., Қапаева А.Қазақ интеллигенциясы. (Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан).Монография.- Алматы: «Атамұра», 1997, 160 б.

[27] Асқарұлы. С.Алаш зиялылары: Алматы: Шартарап, 1998, - 168 б.

[28] Кәкішев Т. Қазақ зиялылары. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2011, 416 б.

[29] Асылбеков М., Төленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014, 280 б.

[30] Кеңес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы./ Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.Ж. Өскембаева. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2015. – 344 б.

[31] Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002, 288 б.

[32] Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар. – Алматы, 2004, 180 б.

[33] Сұлтанов Қ. Серпінді кезең.- Астана: Елорда, 2005, 608 б.

[34] Сұлтанов Қ.Заман және замандастар. – Астана: «Елорда», 2009, 344 б.

REFERENCES

[1] Äbjanov X. Tarïxşı. Şığarmalar jïnağı. 5-kitap. – Almatı, «Algorïfm» baspası, 2023, 488 b [*Abzhanov Kh. Historian. Collection of works. Book 5. – Almaty, “Algorithm” publishing house, 2023, 488 p.*].

[2] Qamzabekulı D. Rwxanïyat: (Maqalalar men zerttewler). – Almatı: «Bilim», 1997, 272b [*Kamzabekuly D. Spirituality: (Articles and research). – Almaty: “Bilim”, 1997, 272 p.*].

[3] Ojegov, S. Ï. Slovar rwsskogo yazıka okolo. – Ïzd. 25-e. – Moskva : 2001. – 763b [*Ozhegov, S. I. Dictionary of the Russian language around. – Ed. 25th. – Moscow: 2001. – 763 p.*].

[4] Ä. Nısanbaev.Qazaqstan. Ulttıq éncïklopedïya. 7-tom. – Almatı: Qazaq éncïklopedïyası, 1999, 525b [*A. Nysanbayev. Kazakhstan. National encyclopedia. Volume 7. – Almaty: Kazakh encyclopedia, 1999, 525 p.*].

[5] I. Qozıbaev Tulğalar tuğırı. - Almatı: «QazAqparat», 2009, 540 b [*I. Kozybayev Personalities. - Almaty: "KazAkparat", 2009, 540 p.*].

[6] Äbjanov X. Qazaqstan: tarïx, til, ult: tarïx. – Astana, 2007, 270 b [*Abzhanov Kh. Kazakhstan: history, language, nation: history. - Astana, 2007, p. 270.*].

[7] Äl-Maşanï A. Köp tomdıq şığarmalar jïnağı [16 tomdıq]. qurast. Ş. Abdraman. — Almatı: Bolaşaq, 2011. — T. 14: Turan qaqpası. 392 b [*Al-Mashani A. Collection of multi-volume works [16 volumes]. made up Sh. Abdraman. — Almaty: Bolashak, 2011. — Vol. 14: Turan Gate. 392 p.*].

[8] Qozıbaev M. Tarïx zerdesi (Arıstar tuğırı).2-kitap.-Almatı:Ğılım, 1998. - 280 b [*Kozybaev M. The study of history (Lions stand). Book 2. - Almaty: Science, 1998. - 280 p.*].

[9] Plwtarx. Sravnïtelnıe jïzneopïsanïya: v 3 t. / sost. S.P. Markïş, S.Ï. Sobolevskïy. – M., 1963. – T. 2., 548 s [*Plutarch. Comparative biographies: in 3 volumes. / sost. S.P. Markish, S.I. Sobolevsky. - M., 1963. - Vol. 2., 548 s.*].

[10] Plwtarx. Sravnïtelnıe jïzneopïsanïya: v 3 t. / sost. S.P. Markïş. – M., 1964. – T. 3., 546 s [*Plutarch. Comparative biographies: in 3 volumes. / sost. S.P. Markish. - M., 1964. - Vol. 3., 546 s.*].

[11] Ïmangalïev A.T., Dükenbaeva Z.O. Ïbn Xallïkan jäne Aqjan äl-Maşanï eñbekterindegi äl-Farabï // Otan tarïxı ğılımï jwrnalı. – 2021. – №2(94). – B. 100-108 [*Imangaliyev A.T., Dukenbayeva Z.O. Al-Farabi in the works of Ibn Khallikan and Akzhan al-Mashani // Scientific journal of the history of the Fatherland. – 2021. – No. 2(94). – P. 100-108.*].

[12] Ïbn Xallïkan. «Vafïat al-a'yan va anba' abna' az-zaman» («Belgili tulğalardıñ nekrologtarı men olardıñ zamandastarı twralı xabarlar») eñbegi / Qoljazbalar jäne sïrek kitaptar ulttıq ortalığı RMM. – Astana, 1892. – T. 1., 488 b [*Ibn Khallikan. "Vafiat al-a'yan va anba' abna' az-zaman" ("Reports on the obituaries of famous people and their contemporaries") / National Center for Manuscripts and Rare Books RMM. – Astana, 1892. – T. 1., 488 p.*].

[13] Ïbn Xallïkan. «Vafïat al-a'yan va anba' abna' az-zaman» («Belgili tulğalardıñ nekrologtarı men olardıñ zamandastarı twralı xabarlar»): eñbegi / Qoljazbalar jäne sïrek kitaptar ulttıq ortalığı RMM. – Astana, 1892. – T. 2, 427 b [*Ibn Khallikan. "Vafiat al-a'yan va anba' abna' az-zaman" ("Reports on the obituaries of famous people and their contemporaries"): work / National Center for Manuscripts and Rare Books RMM. – Astana, 1892. – T. 2, 427 p.*].

[14] Äbjanov X., Ïsabek B. Akademïk Ramazan Süleymenov. – Almatı: Dayk Press baspası, 2007, 252 b [*Abzhanov H., Isabek B. Academician Ramazan Suleymenov. - Almaty: Dyke Press, 2007, p. 252.*].

[15] Bïblïografïya ïzdanïy Akademïï nawk Kazaxskoy SSR, 1974 / Akademïya Nawk Kazaxskoy SSR, Centralnaya nawçnaya bïblïoteka – Alma-Ata: CNB AN KazSSR, 1977, 249 s [*Bibliography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1974 / Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Central Scientific*

Library - Alma-Ata: Central National Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1977, 249 p.].

[16] Äbjanov Xankeldi Maxmutulı: Bïobïblïografïyalıq körsetkiş / Qurast.: Z.M. Tölenova, A.A. Oralova. Bas red. S.O. Smağulova. Jawaptı red: Z.M. Tölenova, R.O. Käribjanova, «Ğılım Ordası» RMK bas dïrektorı. Red.: Ğ.Ï. Belgibaeva, T.V. Vdovwxïna, A.J. Sakanova. – Almatı: «Ğılım Ordası» RMK Ğılımï kitapxana, 2013, 190 b [*Abzhanov Khankeldi Makhmutuly: Biobibliographic index / Compilation: Z.M. Tolenova, A.A. Oralova. Chief ed. S.O. Smagulova. Responsible editor: Z.M. Tolenova, R.O. Karibzhanova, general director of RMC "Yilm Ordasy". Ed.: G.I. Belgibaeva, T.V. Vdovukhina, A.J. Sakanova. - Almaty: Scientific library of RMC "Gylym Ordasy", 2013, p. 190.*].

[17] Bïblïografïya ïzdanïy Akademïï nawk Kazaxskoy SSR. 1988. Qazaq SSR Ğılım akademïyası şığarğan kitaptardıñ körsetkişi. 1988 / sost.: M.M. Kwdryaşova, K.S. Xasenova; [otv. red. K. K. Abwgalïeva] – Alma-Ata: 1992, 303 c [*Bibliography edition of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1988. Index of books published by the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1988 / Sost.: M.M. Kudryashova, K.S. Hasenova; [opt. ed. K. K. Abugaliyeva] – Alma-Ata: 1992, 303 c.*].

[18] Bïblïografïya ïzdanïy Akademïï nawk Kazaxskoy SSR. 1990. Qazaq SSR Ğılım akademïyası şığarğan kitaptardıñ körsetkişi. 1990 / sost. T.V. Vdovwxïna; [bïblïogr. red. L. A. Twmanovoy; otv. red. K. K. Abwgalïeva] – Alma-Ata: 1991, 243 s [*Bibliography edition of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1990. Index of books published by the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1990 / sost. T.V. Widovukhina; [bibliogr. ed. L. A. Tumanovoi; Otv. ed. K. K. Abugaliyeva] – Alma-Ata: 1991, 243 p.*].

[19] Äbjanov X.M. Türki älemindegi Qazaqstan: irgeli tarïx jäne metodologïya. – Petropavl: AO «Polïgrafïya», 2011, 364 b [*Abzhanov H.M. Kazakhstan in the Turkic world: fundamental history and methodology. – Petropavlovsk: JSC "Poligrafiya", 2011, 364 p.*].

[20] Äbjanov X. Tulğa. Şığarmalar jïnağı. 3-kitap. – Almatı, «Algorïfm» baspası, 2023, 511 b [*Abzhanov Kh. Tulga. Collection of works. Book 3. – Almaty, "Algorifm" publishing house, 2023, 511 p.*].

[21] X.Äbjanov. Qazaqstan: ulttıq tarïx, ïdeya, metodologïya. – Almatı: «Eltanım baspası», 2014, 324 b [*Kh. Abzhanov. Kazakhstan: national history, idea, methodology. – Almaty: "Eltanym publishing house", 2014, 324 p.*].

[22] Dükenbaeva Z.O. Qazaqtıñ şığarmaşılıq ïntellïgencïyasınıñ tarïxı (1917-1941). – Almatı: Évero. 2015, 228 b [*Dukenbayeva Z.O. History of the Kazakh creative intelligentsia (1917-1941). – Almaty: Evero. 2015, 228 p.*].

[23] Nazarbaeva G., Äbjanov X. Qazaqstan: tarïx pen tağdır. Maqalalar. – Almatı: «Kitap baspası» JŞS. – 2003, 296 b [*Nazarbayeva G., Abzhanov Kh. Kazakhstan: history and destiny. Articles. – Almaty: "Kitap publishing house" LLP. – 2003, 296 p.*].

[24] Dükenbaeva Z.O.Äl-Farabï jäne äl-Maşanï rwxanï dünïetanımı: Ğılımï basılım. Z.O. Dükenbaevanıñ red. - Almatı: CCK, 2017. – 404 b. – Almatı: Évero, 2015, 228 b [*Dukenbayeva Z.O. Al-Farabi and al-Mashani's spiritual worldview:*

Scientific edition. Edited by Z.O. Dukenbayeva. - Almaty: CCK, 2017. - 404 p. - Almaty: Evero, 2015, 228 p.].

[25] S.Joldasbay, E.Erlanulı. Alaş ayqan asıl söz.Birinşi basılım/- Almatı, «El-şejire» qoğamdıq qorı. 2016. – 296 b [*S. Zholdasbay, E. Erlanuly. Alash aykan asyl soz. First edition / - Almaty, "El-shezhire" public foundation. 2016. - 296 p.*].

[26] Pirmanov Ä., Qapaeva A.Qazaq ïntellïgencïyası. (Ulttıq ïntellïgencïyanıñ qalıptasw tarïxınan).Monografïya.- Almatı: «Atamura», 1997, 160 b [*Pirmanov A., Kapaeva A. Kazakh intelligentsia. (From the history of the formation of the national intelligentsia). Monograph. - Almaty: "Atamura", 1997, 160 p.*].

[27] Asqarulı. S.Alaş zïyalıları: Almatı: Şartarap, 1998, - 168 b [*Askaruly. S. Alash intellectuals: Almaty: Chartarap, 1998, - 168 p.*].

[28] Käkişev T. Qazaq zïyalıları. – Almatı: «Qazığurt» baspası, 2011, 416 b [*Kakishev T. Kazakh intellectuals. – Almaty: "Kazygurt" publishing house, 2011, 416 p.*].

[29] Asılbekov M., Tölenova Z. Akademïk M.Q. Qozıbaev: ğulama ğalım, iri qoğam qayratkeri. – Almatı: «Eltanım baspası», 2014, 280 b [*Asylbekov M., Tulenova Z. Academician M.K. Kozybayev: a learned scientist, a major public figure. – Almaty: "Eltanym publishing house", 2014, 280 p.*].

[30] Keñes Nurpeyis. Şığarmalar jïnağı./ Qurast.: S.O. Smağulova, G.J. Öskembaeva. – Almatı: «Eltanım» baspası, 2015. – 344 b [*Kenes Nurpeis. Collection of works./ Compiled by: S.O. Smagulova, G.Zh. Oskembayeva. – Almaty: "Eltanym" publishing house, 2015. – 344 p.*].

[31] Aldamjar Z. Tarïx: payım men tağılım. – Almatı: «Arıs» baspası, 2002, 288 b [*Aldamzhar Z. History: insight and lessons. – Almaty: "Arys" publishing house, 2002, 288 p.*].

[32] Bökeyxanov S.R. Ötken künde belgi bar. – Almatı, 2004, 180 b [*Bokeikhanov S.R. There is a sign in the past. – Almaty, 2004, 180 p.*].

[33] Sultanov Q. Serpindi kezeñ.- Astana: Elorda, 2005, 608 b [Sultanov K. Breakthrough period. - Astana: Yelorda, 2005, p. 608.].

[34] Sultanov Q.Zaman jäne zamandastar. – Astana: «Elorda», 2009, 344 b [Sultanov K. Time and contemporaries. - Astana: Yelorda, 2009, p. 344].

Тойбаев А.Ж., Сейтжан Д., Әбубәкір М.

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПЕРСОНАЛИСТИКИ

Аннотация. XXI век - период совершенства науки на мировом уровне. Ведь в ходе стремительного развития новых технологий появляются новые технологии, профессии, которые служат человечеству. Кроме того, взаимосвязаны многогранные отрасли науки, родились новые исследования. В связи с этим в процессе разработки теоретико-методологических методологий и воспроизводятся новые данные через взаимодействие с другими областями исторической науки. В этом направлении родились новые научные труды по персонификации, являющейся отраслью исторической науки. По этому поводу авторы подчеркнули историческое значение индивидуализации в истории Отечества. Это потому, что каждый момент и каждое событие жизни происходит

с участием людей, и в результате эти этапы становятся историей. В статье были проведены теоико-методологические анализы по изучению личности

В статье исторически отмечаются труды отечественных ученых, писавших об идентичности, являющейся отраслью исторической науки. В этой связи, статья была проанализирована по принципам систематичности, объективности и историчности.

Личность представляет собой людей, способных четко и полно, системно выражать свои мысли, отличающихся передовым глубоким мышлением, образованностью. По этому поводу в статье были даны научно-методические рекомендации по личности в трудах известных ученых истории Отечества.

Ключевые слова: историческая наука; историческая персоналистика; личность; интеллигенция; отечественная история.

Askhat Toibayev, Seitzhan Didar, Abubakir Marlene

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL ISSUES IN HISTORICAL PERSONALISTICS

Annotation. The 21st century is a period of perfection of science at the world level. Indeed, in the course of the rapid development of new technologies, new technologies appear, professions that serve humanity. In addition, multifaceted branches of science are interconnected, new new research has been born. In this regard, in the process of developing theoretical and methodological methodologies, new data are reproduced through interaction with other areas of historical science. In this direction, new scientific works were born on personification, which is a branch of historical science. On this occasion, the authors emphasized the historical significance of individualization in the history of the nationality. That's because every moment and every event of life happens with the participation of people, and as a result, these stages become history. In the article, theoico-methodological analyzes were carried out to study personality

The article historically notes the works of domestic scientists who wrote about identity, which is a branch of historical science. In this regard, the article was analyzed according to the principles of systematicity, objectivity and historicity.

Personality represents people who are able to clearly and fully, systematically express their thoughts, distinguished by advanced deep thinking, education. On this occasion, the article gave scientific and methodological recommendations on personality in the works of famous scientists of the history of the national.

Key words: the science of history; historical personality; national history; personality; intelligence; national history.

УДК 912.4
МРНТИ 03.20.00
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).16

Ксенжик Г.Н.

Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

E-mail: mig kz@ya.ru

«ФРОНТИР» СРЕДСТВО ДЛЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕКОНСТРУКЦИИ ГРАНИЦЫ КАЗАХСТАНА XVIII – НАЧАЛО XX ВВ.

Аннотация. *В статье представлены результаты исследования 2024 г. по изучению и анализу пространственного явления* в истории Казахстана XVIII – начало XX вв. Обнаруженные источники наглядно представляют в исторической перспективе различные конструкции крепостей, маршруты военных отрядов Российской империи, укрепительные линии, подвижность границы, пограничные заставы, вооружение армии Российской империи и административно-территориальные изменения Казахстана в исследуемой период.

В результате проведенного анализа выявленных визуальных и письменных источников установлено, что пространственное явление в истории Казахстана на территории Казахстана XVIII – начало XX вв. имело длительный и многоаспектный характер (военный, социокультурный). Основной характеристикой военного фронтира являлась размещение фортификационных сооружений, милитаризация, регулярные воинские части, военизированные формы администрации. Фронтирное продвижение шло с двух сторон: запада и северо - востока. Формирование определенной границы, достигалось путем достижения рек и горных хребтов. Это оправдывало колониальные устремления Российской империи.

Ключевые слова: реконструкция; фронтир; граница; визуальные источники XVIII – начало XX вв.; междисциплинарное.

Введение

Данная статья стремится восполнить пробел по изучению становления границы Казахстана XVIII – начало XX вв. с помощью фронтирного процесса и междисциплинарного подхода к анализу визуальных и письменных источников.

Цель статьи - представление исторической реконструкции границы Казахстана XVIII – начало XX вв. на основе визуальных и письменных источников.

Исследование проводилось по следующим направлениям: изучения первых шагов продвижения Российской империи в казахские степи; строительство пограничных укрепленных линий; продвижение «фронтира в течении XIX в. в

глубь казахских степей; реформирование, направленное на вхождение территории Казахстана в Российскую империю и оформление границ.

Исследование выдвигает гипотезу, что центральным содержанием комплексного пространственного явления выступила колонизация Казахстана, которая сопровождалась созданием укрепленных линий. Затем на протяжении определенного периода времени наблюдался процесс образования пограничной зоны с постоянным динамичным перемещением фронтира (подвижной границы).

Исследование поставленной нами проблематики помогло нам ответить на возникшие вопросы в ходе исследования: С каких сторон развивалось продвижение фронтира? Какие основные этапы можно выделить в продвижении фронтира? В чем выражается многоаспектность пространственного явления фронтир?

Исследование основано на анализе источников, выявленных в ходе *исследования 2024г. в архивах, музеях и библиотеках Казахстана, которые* представлены в хронологической и логической последовательности. Значительная часть визуальных и письменных источников была создана в целях колонизации Центральной Азии Российской империей, в связи с этим требуют критического осмысления. Письменные источники дополняют описание и убедительность расшифровки визуальных источников. К сожалению, выявленные визуальные источники имеет плохую сохранность (неотчетливое изображение) в связи с этим не представлены в статье.

Публикация статьи представляется своевременной в решении проблем по формированию политики национальной памяти по вопросам становления границы и пограничного пространства Казахстана.

Материалы и методы исследования

Статья подготовлена на основе выявленных визуальных и письменных источников по исследованию пространственного явления: в Государственном архиве Восточно-Казахстанской области, г. Усть-Каменогорск; Историко-краеведческом музее Атырауской области, г. Атырау; Северо - Казахстанском областном историко-краеведческом музее, г. Петропавловск; Национальной академической библиотеке, Астана; Национальная библиотека Республики Казахстана, Алматы; Центральной универсальной научной библиотеки им. Ж. Молдагалиева, г. Уральск.

Исследование проводилось на основе междисциплинарного подхода с использованием общенаучных методов (исторического, логического и системного) и специальных исследовательских методов, которые направлены на выявление письменных и визуальных источников. Специальный картографический метод направлен на анализ, оценку, расшифровку и интерпретацию картографических источников, и выявление визуальных изменений положения. Общегеографический метод способствует объективному анализу и оценки физико-географических данных подвижности фронтира, становлению границ (естественных, искусственных) и позволяет локализовать определенные исторические события. Компаративный метод помогает выполнить сравнительный анализ визуальных и письменных источников, выделить критерии сравнения. Функциональный метод обеспечивает установлению причинно-

следственных связей процесса продвижения фронтира, как многомерного, военного и социокультурного явления. Все перечисленные методы применялись в сочетании при изучении пространственного явления в истории Казахстана XVIII – начало XX вв.

Обсуждение

Схожие по содержанию проблемы по изучению пространственного явления нашли свое отражение в ряде зарубежных, российских и отечественных исследований. Зарубежные исследователи изучают историю, методологию, особенности и историческую эволюцию концепта или, а также расшифровку и использование визуальных материалов. Общеизвестно, что данный термин, был введен в научный оборот американским исследователем Ф.Д. Тернером, который отводил процессам освоения, колонизации свободных земель значимую роль в истории американской цивилизации [1]. Американский историк и политолог по Центральной Азии М. Олкотт, рассматривает подвижную границу вокруг казахских степей, строительство укрепленных линий, как способ включения территории Казахстана в состав Российской империи, а также особенности положения казахов в составе Российской империи [2]. Австрийский историк А. Каппелер, комментирует содержание концепта, рассматривает, как он влиял на наступательный характер Российской империи, даёт характеристику степной границы на юго-востоке Казахстана. Проводит методологические исследования по концепту, приходит к выводу, что пространственное явление описывает переходную зону [3, p. 599-613]. Марк Ходарковский с помощью пространственного явления прослеживает превращение степной границы в имперскую пограничную территорию. При этом опирается на различные источники [4].

Новый этап исторической эволюции концепта начинается в советский период. Применение явления получает негативную оценку, это связано с критикой концепции географического детерминизма.

В современной российской науке пространственные концепты широко обсуждаются и востребованы у исследователей. Ученый А.Д. Агеев, считает, что природные особенности определяют концепт [5, с. 30-31]. Авторы Д.Я. Резун, М. В Шиловский считают, что Сибирь подверглась не завоеванию, хотя элементы силового принуждения присутствовали, а хозяйственной и этнокультурной ассимиляции [6]. Историки Алтайского университета Ю.А. Лысенко, Е.В. Демчик, В. И. Анисимова, И.Б Бочкарева представляют анализ этносоциальных процессов в период восстания народов Степного края и Туркестана 1916 г. Авторы считают, что данный концепт, применяемой при изучении тенденции расширения границ России на протяжении нескольких столетий, оказывал значительное влияние на территорию Центральной Азии [7, с. 955-964]. Переселенческими проблемами концепта занимается российский исследователь И.В. Побережников [8, с. 246-274]. При исследовании приграничных территорий российские авторы: О. В. Цветкова [9, с. 5-13]; С. В. Гринев-Гриневич, Э.А. Сорокина, Л.А. Чернышова [10, с. 8-18]; С.Р. Муратова, Р.Г. Буканова [11, с.1-21]; В.Е. Шувалов [12, с. 37- 43] - используют родственные понятия

пространственного явления.

Немногочисленные отечественные исследования по пространственному явлению, указывают на двойственный характер использования данной концепции. Отечественные ученые уделяют внимание изучению укрепительных линий, административного управления Российской империи: М.Ж. Абдиров [13], Б. Абдрахманова [14], П.С. Белан [15], Г.С. Султангалиева [16, с.77-101], Г.К. Кокебаева [17, с.113-118].

Результаты исследования

Е.М. Пещерова өзінің «Гончарное производство Средней Азии» еңбегінде Орта Азия елдерінде өзі жүргізген экспедиция барысында жинаған наным-сенімдер мен дәстүрлер бойынша қызықты мәліметтерді келтіреді. Мысалы, «жергілікті халық сенімі бойынша, шағбан айының он бесіне қараған түні, яғни «азат түні»(мұсылмандардың ай күнтізбесі бойынша сегізінші айында Жәбірейіл періште Мұхаммедке пайғамбарлық міндетін жүктеу үшін жерге түседі), Ташкентте және басқа да жерлерде ас үйде қыш ыдысқа су құйып қоятын. Кейбір адамдардың айтуы бойынша, Жәбірейіл періште ұшып бара жатып ыдыстағы суға бір тамшы су тамызуы керек, содан ыдыстағы су «таза суға» айналады; ал өзгелердің айтуы бойынша су аруақтарға қойылады. Екінші күні бұл сумен ас әзірленді»[4,6б.]. Қыш ыдыста дайындалған тамақ әрдайым таза саналған, сол себепті қыш ыдыс тұрмыста да, жерлеу рәсімдері мен діни ғұрыптарда пайдаланылды. Е.М.Пещерованың деректері бойынша, қалада мәйітті жуу үшін жаңа қыш афтоба (құмған) әдейі сатып алынған. Мәйітті жуғаннан кейін бұл заттар мешітке тапсырылады [4, 6б.]. Сөйтіп, адам өмірінің бастауы мен соңына дейін сазбен байланысты болған. Сазды қастерлеу өмірдің барлық кезеңдерінде қолданылды. «Хиуада бидай толықтай үйілгенде төбесіне Қызыр кесегі немесе береке кесегі деп аталатын саз кесегі қойылған. Бұл кесек таза жерден, ескі үй орнынан немесе арық маңайынан алған. Бидайды қоймаға көшірген соң, кесекті де сонда апарып, келесі жылы осындай үйіндіге қою үшін сақтаған. Осылайша жергілікті тұрғындар егінді «қорғаған» [5, 223б.].

Сазбен жұмыс жасау мұра арқылы таралып, анасынан қызына беріліп отырған. Осы орайда әйел ұсталардың арасында ана жағынан туысқандықты сұрау міндетті болған. Ауылдағы ең құрметті және ең шебер ұстаны «калон» деп атаған, яғни үлкен, «аға» ұста. Ал Қаратегінде (Тәжікстандағы Сурхоб өзенінің орта ағысындағы аймақ) «пір» деп атаған. Аталған ұста қайтыс болған жағдайда немесе бірнеше жыл қатарынан ауылдағы барлық ұсталардың ыдыстары дұрыс күйдірілмесе, орнына басқа «үлкен» ұстаны тағайындаған. Ол жасы бойынша ең үлкені болмауы мүмкін, бірақ жақсы ұста және беделді әйел болуы қажет. Әдетте, әйел ұсталар арасында үлкен беделге ие болып,өзгелері ұстадан жұмыс бойынша кеңес алып отырған. Үлкен ұста кәсіппен байланысты барлық дәстүрлер мен жоралғылардың, соған қатысты білімдердің сақтаушысы. Егер бір себептермен сазды өндіру орнын ауыстыру қажет болса, жаңа орынды үлкен ұста іздейді. Ол саздың үлгісін алып, одан шағын ыдыс жасап, ошақта күйдіріп көреді.

Үлкен ұста кәсіпті қолдаушы-пірдің және қайтыс болған ұсталар рухтарының жердегі өкілі болып табылады. Сари Шухон ауылында қайтыс болған ұсталарды жалпы «арвохи устозони гузаштаган», яғни өткен ұсталардың аруақтарына айналады. Ал, есімдері есте қалған ұсталарды «пироне Сари Шухон» (Сары Шухон піранасы) деп атайды[4, 118б.].

Кеңестік этнограф, шығыстанушы Елена Михайловнаның жазуы бойынша, егер қайсыбір әйелдің қанында ана жағынан ұсталар болмаса, ол тек үлкен ұстадан рұқсат батасын алып қана ыдыс жасау кәсібін үйрене алады.

«Дәстүр бойынша шәкірт оқуын аяқтағанда, ауылдың барлық ұсталарын үлкен ұстамен бірге үйіне шақырып, ас береді. Осы ұсталар жиынында үлкен ұста өзінің шәкіртіне рұқсат батасын береді, бұл батасыз шәкірт қыш өндірісімен айналыса алмайды. Шәкірт ұстаға оқытқаны үшін сыйақы ретінде көйлекке мата береді»[4, 119б.]. Ұста қатарына қабылдау дәстүріне қатысты 2023 жылы Өзбекстанда жүргізілген экспедиция кезінде алынған мәлімет бойынша, оқытушы-ұста шікіртінеөзінің батасын және еңбек құралын береді, ал шәкірті алғыс ретінде оған шапан, киім сыйға тартады. Бұл дәстүр – шәкірттің ұстадан бөлініп шығуға рұқсаты. О.А. Сухарева бойынша, «ұсталар қатарына қабылдау дәстүрінсіз жұмыс бастауға ешкімнің батылы бармас, себебі кәсіп бастығының қолдауын алу, оның ұдайы көмегімен өзін қамтамасыз ету маңызды болды,екінші жағынан өзін бастықтың қол астына өткізу ұсталар қатарына қабылдау дәстүрінің негізінде жатыр»[6, 200б.].

Е.М. Пещерованың жазуы бойынша, тек үлкен ұста ғана сырттан келген шәкіртке кәсіптің «мұрагерлік құтын» беріп, оны көзеші ұсталар әулетіне қоса алған.Қыш өндірісі үдерісімен байланысты барлық қорғаулар мен жоралғылар жеке әйел ұста үшін және ұжымдық әрекеттегі әйел ұсталар тобы үшін міндетті болды.

Қолөнершілер үшін әртүрлі жоралғыларды атқару киелі сипатты білдіретін өте маңызды кезең. Жұмыс маусымының барысында өндірістің әртүрлі кезеңдерінде кәсіп жебеушісі рухынан рұқсат алумен және ыдысты көз тию мен жаман күштер әсерінен қорғаумен байланысты бірқатар әдет-ғұрыптар атқарылады. «Сари Шухон ауылында жыл сайын ауылдың барлық әйел ұсталары сазды дайындау алдында жиналып, қосылып, үлкен ұста үйінде ас жасалады.

Үлкен ұста кәсіп қорғаушысы рухына және барлық көзеші ұста аруақтарына дұға оқып, жұмысты бастау үшін олардан рұқсат сұрап, артынан саз алатын бірінші күн белгіленеді»[4, 120 б.].Саз өндіру күнін белгілеу маңызды болып саналды, өйткені бұл іс-әрекеттен қыш өндірісінің барлық жұмыстары басталып, ол кәсіптің алдағы дамуын анықтайды. Әр істі бастамас бұрын «аптаның сәтті – «*соат»*және сәтсіз –«*нахс»* күндері қатаң сақталды. Әр елді-мекенде әртүрлі болды. Сари Шухон ауылында дүйсенбі және бейсенбі сәтті болып саналды. Сәтсіз күндерден басқа сапар айында (мұсылман күнтізбесінің екінші айы), мүмкіндігінше, жұмыс бастамауға тырысқан, өйткені, тәжіктердің сенімі бойынша, істеп жатқан немесе күйдіріліп жатқан ыдыс сынып қалса, онда жыл бойы үйге неше түрлі бақытсыздық келеді»[4, 121б.].2023-2024 жж. Өзбекстанда жүргізген этнографиялық экспедиция барысында Ферғана аңғарының тандыршы-ұсталарынан сұхбат алынды. Олардың айтуы бойынша көктемде жұмыс басталмас бұрын Бувайда ауданындағы Гүл ауылының тандыршылары сәуір айының басындажиналып, «*ихсан»* (құдайы ас немесе құрбандық шалу) өткізеді. Зират басында жиналып, ата-бабаларына құран оқиды, қой сойып, ақсақалдарды, қонақтарды шақырады. Ұсталардың бұл көктемгі жиыны «*анджиман»* деп аталады. Анджиман парсы тілінде жиналыс, жергілікті кеңес дегенді білдіреді. Жиналыста ақсақал ұсталар жастарға өнеге, өсиет айтып, баталарын беріп, еңбектерінің тұрақты сату құнын белгілейді, бұдан кейін тандыршылар Өзбекстанның басқа облыстарына, тіпті көрші елдерге жұмыс істеуге шығады.Н.Н. Ершовтың бақылауы бойынша Қаратагта(Тәжікстандағы Гиссар аңғарындағы ауыл) ыдысты әр жұма күні күйдіріп, сенбі күні сатылымғашығарған[7, 89б.].

Е.М. Пещерова сазды алу және дайындау жұмысын былай сипаттайды: «Үлкен ұстамен саз өндіру жеріне келіп, әйел ұсталар сол жерде шырпыға мақта орап, оны жағады және «дүниеден өткен ұсталардың аруақтары, Ви Саит Кулол, іске сәттілік бер» депдұға оқиды. Осыдан кейін ұсталар сазды ала бастайды, кейін басқа әйелдер де алады. Сазды өндіретін орынға ұсталардан бұрын ешкім бара алмайды»[4, 120б.].Сонымен қатар, «саз алуға, жалпы қыш өндірісіне үйінде осы жылы қайтыс болған үй қатыса алмайды. Ол үй бір жыл бойы жаңа ыдыс жасамайды және басқа біреуге де тапсыра алмайды»[8, 26б., 35 б.]. Осыған ұқсас тыйым Африка тайпаларында және Балқан елдерінде бар. Бабукусу (Babukusu/Bukusu – Шығыс Африкадағы кениялық тайпалардың бірі) тайпасында жуық арада туысқаны қайтыс болған немесе жаназаға қатысқан адамға саз алу үшін шұңқырға түсуге және қыш өндірісімен айналысуға қатаң тыйым салынған. Ал Балқан елінде соңғы бір жыл ішінде қайтыс болған адаммен байланыста болған әйелдер бір жыл бойы қыш өндірісіне қатыса алмайды. Бұл тыйымдардың астарында жатқан негізгі мағына – жаратылысты бейнелейтін қыш өндірісі өліммен қатар жүре алмайды. Жаназаға қатысқан немесе қайтыс болған туыстары бар адамдар «ластанған» болып саналады. Сол ластың себебінен жасалып жатқан қыш ыдыстар шытынауы немесе сынуы мүмкін [9, 96-97б.]. «Қаратаг ауылында сазды дайындауға дүйсенбі және бейсенбі күндері барады. Лайды (*лай* – қыш жасау үшін алдын-ала су, қоға, қи, жүн сияқты әртүрлі қоспалары қосылып дайындалған «қамыр») әдетте сенбі күні жасайды, ал ыдысты дүйсенбі күні

қалыптай бастайды, себебі жексенбі базар күні және бұл күні көзешілер жұмыс істемейді»[7, 85б.].2023-2024 жж. этнографиялық экспедиция барысында жиналған мәліметтер бойынша қазіргі таңда ислам дінінің әсеріне байланысты ұсталардың көбісі наным-сенімдерге сене бермейді, жұмысты Алла Тағаланың көмегімен кез келген ауа-райы жағымды күні бастай беруге болады деп пайымдайды. Кейбір ақпарат берушілер пірлер деген исламға дейін ойлап табылған тылсым күш иелері, сонымен қатар оларға сену және табыну сауатсыздықтың белгісі деп санайды. Архаикалық әйел қыш өндірісі сақталған аймақтарда, мәселен, Өзбекстан Республикасы Қашқадария облысының Шырақшы ауданындағы әйел ұсталардың сенімі бойынша сенбі күні сазбен жұмысты бастауға болмайды. Жаңа іс үшін сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері сәтті болып саналады. Жұмысты бастамас бұрын Алла Тағалаға дұға оқып, іске сәттілік, береке, дайындаған заттары тек жақсылыққа қолданылсын деп тілек тілейді.

ХХ ғасырдың басы мен ортасында жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша қыш өндірісіне қатысты барлық жұмыстар кәсіптің қорғаушы піріне дұға оқумен басталады. «Ұсталар жұмыс істеуге барған үйде ең әуелі ас беріледі, ата-баба аруақтарына дұға оқылады. Ұсталарды өте қадірлі қонақ ретінде қарсы алады. Оларды күніне үш рет тамақтандырады. Арнайы ыстық нан пісіреді, үйлерінде май болса, нанға май қосып пісіреді. Сонымен қатар, кешке ұста әйелдер үйлеріне кетерде үлкен нан күлтесін өздерімен бірге алып кетеді.

Асты мол қылып дайындаған, себебі үйге кездейсоқ келген адамды да дастархан басына шақырған. Ұста әйелдердің балалары да аналарына еріп келетін болған, оларға бөлек үстел жасап тамақтандырған.Демек, ұсталарды тамақтандыру, әдетте, құдайы асқа айналған»[4, 120б.].

«Қыш ыдысын дайындаған кезде дайын заттарды кептіру үшін үйге кіргізбес бұрын ыдыс қойылатын бөлме «гашнич» (кориандр) түтінімен аластаған. Ескі қыш ыдысының сынығына шоқ салып, үстіне кепкен кориандр себіледі. Ұста сынықты қолына алып, дұға жасап бөлмені айналып шығады. Аластау тәжік тілінде «буй», яғни иіс деп аталады. Ол, әдетте, үйді, мал-жанды және егістікті көз тиюден сақтау үшін жасалады. Дегенмен, кейбір жағдайларда хош иісті шөптермен аластау аруақтардың көңілін алу үшін құрбандық ретінде қолданылады. Бақша өсімдігі болып табылатын кориандрмен аластау Қаратегінде кеңінен таралған. Басқа аймақтарда, мысалы, Зеравшан мен Ягнобтың жоғарғы жағында аластау үшін жергілікті тұрғындар «бурс» деп атайтын арша шыбықтары, Хингоу өзенінің алабында, Ванч ауылында (Таулы-Бадахшан автономдық облысы) және Памир маңындағы елдерде жабайы жуа – «камч» пайдаланылады»[4, 121б.].

Ұсталардың сенімі бойынша аластау көз тиюден сақтайды. Е.М. Пещерова 1945 жылы Сари Шухон ауылына сапарында бөгде адамның көзінен сақтанған кемпірлерден екі рет ұрыс естіді, себебікүйдіру кезінде көптеген ыдыстарда ақаулар пайда болған, ал ұсталар оны зерттеушінің үңіле қарауымен байланыстырған.Әйел ұсталар Е.М. Пещерованың әлі күйдірілмеген ыдыстардың өлшемін алып, суретін салу үшін қолына алғанын жақтырмаған. «Олар көз тиюден ыдысты сақтау үшін күмәнданған адамның киімінен білдіртпей жіп үзіп

алып,сонымен ыдыстарды аластаған. Күйдіру жеріне ер адамдар келмеген, әйтпесе ыдыс дұрыс күйдірілмей ақшыл болып қалуы мүмкін»[4, 121б.].

«Хорезмде көз тиюден сақтау мақсатында саздан жасалған сырлы табақтарды үй қақпасының үстіне сазбен жабыстырылғанын кездестіруге болады. Бұндай дағдыны бүгінгі таңда да сақталған»[5, 230б.].

Е.М. Пещерова 1927 жылы Ягнобта (Тәжікстан) зерттеу жүргізу барысында ұста әйелдердің сапар айының қыш ыдыстарды жасау уақытымен тепе-тең келгеніне қамыққанын байқаған. «Пулля Роут ауылының (Ягноб аңғары) әйелдері ыдыстарын күйдіру үшін жайлауда айдың соңын күтті, сол себепті жайлауда әдеттегіден ұзағырақ отырып қалды. Ыдысты күйдіруді мүмкіндігінше ең жақын күнге белгіледі – сапар айының соңғы сәрсенбісіне, бұл уақытта айдың жаман әсері бәсеңсіп, одан арылуға болады деп саналды. Тағы қиыншылықтың бірі тазару рәсімін кешке өткізу қажет, ал күйдіру орнын күндіз дайындап, ыдыстарды орнату қажет. Сонымен қатар, ауа райының да бұзылуынан сақтанып, күйдіруді кейінге қалдыруға қорықты. Жасы үлкен әйелдер өзара ақылдасып, тұрғын-жайлардан әрірек кетіп бір тізбекке үш үйінді құрғақ шөпті, әрқайсысының арасы бір жарым метр қылып қойып, үйінділерді жағып үстінен үш рет алға-артқа секірді. Рәсім өте қарапайым болса да, оны орындаушылар да, қарап тұрғандар да үлкен байыппен қабылдады. Бұдан кейін әйелдер күйдіру үшін орынды дайындай бастады, ал оттан секірген барлық ұсталар ыдыстарды орналастырды» [8, 35-36б.]. Сапар айының исламға дейін бақытсыздық, жамандық, бос ай ретінде саналды, яғни араб тілінен «sifr» (сыфыр) - нөл. Исламның келуімен де бұл наным-сенімдер сақталып қалды.

Ислам дінінің келуімен қыш өндірісіне қатыстыкөптеген наным-сенімдер, рәсімдер өзгеріске ұшырады. «Аңыз бойынша бір ұста киелі бұлақтан Зәм-Зәм суын әкелу үшін өзіне қыш ыдыс жасап, Меккеге қажылыққа жолға шығады. Жол бойы ол өзінің ыдыстарын сатады. Ал соңғы ыдыста үйіне Зәм-Зәм суын әкеліп, ұлына Зәм-Зәм есімін қояды. Ұлы кулол, яғни көзеші болады. Ферғананың көптеген ірі ұсталары қажылық жасап Меккеге бара жатқан адамдарға «қасиетті су» үшін қыш ыдыстарын жасаған болулары керек. Содан, ұсталар дінге қызмет етушілер қатарына қосылып, олардың кәсібі киелі бір сипатқа ие болып, ерекше құрметтелді»[10, 241б.].

Е.М. Пещерованың бақылауы бойынша Ягнобта ұсталардың үлкені ыдысты күйдіру үшін орната бастағанда «Бисмилляхи рахмани рахим! Менің қолым емес, Фатима мен Зухра бибілердің қолы» деп айтқан. Бірқатар жерлерде ыдысты орнатуға және отты жағуға балалар қатысады. Гиссар жотасының оңтүстік беткейіндегі Варзоб өзенінің алабында Вахш өзенінің сол жағалауында және Яхсу өзенінің алабында бірінші ыдысты 7-9 жасар кішкентай ұл бала орнатады және отты жағады. Хингоу өзенінің алабындағы Чиль-Даре елді-мекенінде ыдысты әйел ұста орнатады, ал кішкентай қыз отты жағады»[4, 123б.]. Әйел қыш өндірісінде Фатима Бибінің қамқорлығы жайлы мағлұматтар 2024 жылы Қазақстан Республикасының Жамбыл облысында жүргізген этнографиялық экспедиция барысында алынды. Қостаған аулының тұрғыны, ақпарат беруші Гүлбас Күлманбетова Мұсаевнаның айтуы бойынша тандыр ошақтар (саздан соғылған) киелі болып саналады және ол ескіріп қалса, оны ешқашан бұзбаған,

жаңа тандырды жаңа орынға орнатқан. Ошақтың иесі Фатима ана деп сенеді. Жалпы Фатима ана әйел қауымының қорғаушысы болып саналады.

«Барлық ыдыс орнатылып болғаннан кейін үсті тезекпен жабылады. Отты жақпас бұрын үлкен ұста екі жолдың қиылысына барып, бірнеше тал шөп пен шыбық алады. Сонымен қатар, ол иттің нәжісін іздейді.Әйелдердің айтуынша оны жолдан алған шырпылармен бірге жағып ыдыстардың үстіне салса ыдысқа бекемдік береді. Сонымен қатар қолдаушы аруақтардан көмек сұрайды. Үлкен ұстаның артынан басқа ұсталар да шетінен тезек үйіндісін алдын-ала дайындап қойған құрғақ шөппен жаға бастайды. Балалар бұл уақытта иттің нәжісін жинап, отқа лақтырады»[4, 124б.].Ортаазиялықтар үшін жол қиылысы аруақтар орны болып саналды, ал қазақ халқы итті жеті қазынаның бірі ретінде санаған.

«ХХ ғ. 20-шы жылдары Ташкент қаласына Қаратегіннің батыс аймағынан жұмыс істеуге келген тәжіктерден алынған мәліметтер негізінде ыдысты күйдіру процессі өте салтанатты түрде ас-шайымен, арнайы қонақтарымен, әйелдер мерекесі сипатында өткізілген. Ыдысты күйдіру жұмыстарына кіріпес бұрын екі қуыршақ жасалынған: бір мәлімет бойынша ер адам мен әйел адам, олар сырттан келген әйелдердің көзі ыдысқа емес қуыршақтарға түсіп, көз тиюден сақтаған; екінші мәлімет бойынша – екі қуыршақ та әйел адамдар болған және олар мерекеге қатысып отырған көзешілердің пірі, қорғаушы-аруақтарын сипаттаған»[4, 126б.].

Пещереваның айтуы бойынша, мереке басталар кезде қуыршақтарды ыдысты күйдіру орнына жақын жерге отырғызған. Қуыршақтардың екі жағынан екі беделді қарт әйелдер отырып, шағын, арнайы жасалған ыдыспен қуыршақтарға ас ұсынған, және олармен сөйлесіп отырған, еңкейіп қуыршақтарға құлақтарын тосып олардан жауап алып отырғанкейіп танытқан. Оттың айналасында билеп жүрген жас қыздарды, қуыршақтардың шақыруы бойынша би билеуге немесе ән айтуға шақырып отырған. Қуыршақтар барлық ыдыс күйдірілгенге дейін орындарында отырды, кейін оларды үйдің «таза жерінде» сақтады. Әр ыдысты күйдіру үшін жаңа қуыршақтар жасалды, ал қуыршақтар біраз жиналып қалғанда зират басында көміледі [4, 126б.]. Ұста-шеберлер мерекеге келген қыз-келіншектің көзін осы қуаршақтарға бұру арқылы, ыдыстарды көз тиюден сақтаған.

Қорытынды

Бүгінгі таңда мәдениетте дәстүрлі құндылықтар мен мағыналарды алмастыру мәселесі туындап отыр, ол бұқаралық мәдениет өнімдерінде көрініс тауып, жергілікті бірегей мәдениеттердің жойылуына алып келеді. Осы орайда материалдық емес мәдени мұра элементтері жойылып, оны сақтап, дәріптейтін ізбасардың жоқтығынан білім мен дағдылар жойылуда.

Жалпы, зерттелген материалдар негізіндекелесідей қорытынды жасауға болады – сазбен байланысты барлық үрдіс, саз өндіру орнын таңдаудан бастап, дайын бұйымдарды сатуға дейінгі үрдіс киелі сипатқа ие болды. Жұмыстың барлық кезеңдерінде қатаң түрде орындалуға міндетті рәсім-жоралғылармен байланысты болды. Қайсыбір жоралғыны орындаған әйел ұсталар оларды қатаң ұстанып, тылсым күшіне сенген. Әйел қыш өндірісі киелі сипатқа ие болып, Е.М. Пещерова атап өткендей, ер адамдар қыш ыдыс жасау орнына жақындамаған.

Сазбен жұмыс жасау – бұл тек дене күші ғана емес, сыртқы әсерден қорғанысты талап ететін рухани процесс. Сырттан кез-келген адамның араласуы бұйымды арам қылып, көз тигізуі мүмкін-ді, сондықтан әйел ұсталар оңашаланып жұмыс істеуге тырысты. Қыш өндірісі дәстүрінде көз тию «шынайы қауып-қатер» болып саналды, ұсталар сыртқы әсерді кез-келген жолмен азайтуға тырысып бақты, сондықтан олар бұйымдарды қорғау үшін әртүрлі әдет-ғұрып пен салт-жоралғыларға сүйенді. Ыдысты күйдіру орнының қасында отырғызылған қолдан жасалған қуыршақтар әйел қыш өндірісінің қорғаушыларын сипаттап, бөгде әйелдердің жаман көздерінен ыдыстарды қорғау үшін қолданылған.

Қыш өндірісінің сақтаушысы ретінде және жас ұсталар үшін ұстаз болған үлкен ұстаның орны ерекше болды.Ол белгілі бір деңгейде материалды және рухани әлемді байланыстырған жердегі дәнекер ретінде қабылданды. Үлкен ұста мәртебесі әрқашан ерекше болып, олар белгілі бір жағдайларда қалай және не істеу керектігін шешті, мысалы Е.М. Пещерова атап өткендей, сапар айында жол тауып, бақытсыздық айын айналып өтеді.Ұсталарға барлық жерде құрметпен, сыйластықпен қараған. Бұл олардың от және жер элементтерімен жұмыс істеуімен байланысты болуы мүмкін, себебі халық арасында от пен жер киелі, таза болып саналды.Сазбен жұмыс жасау, оны қалыптау және қышқа айналдыружай ғана техникалық процесс емес, бұл табиғат және тылсым күш арасындағы байланыс, жаратылыс пен өзгеріс туралы түсінікпен байланысты болды.

2023-2024 жж. этнографиялық экспедиция барысында алған мәліметтер бойынша, ұсталар, негізінен, жұмысқа кіріспес бұрын дәрет алып, «Бисмилляхи рахмани рахим» деп бастаған. Жергілікті ұсталар, көп жағдайда, аңыздар мен әдет-ғұрыптар жайлы хабарсыз екенін айтқан болатын.Бұл ақпарат берушілердің діни көзқарастарымен байланысты болуы мүмкіннемесе халық арасында қыш өндірісіне қатысты аңыздар мен наным-сенімдер туралы мәліметтер сақталмаған. Осыған байланысты, жергілікті және ортаазиялық деңгейде материалдық емес мәдени мұра элементтерін тексеріп, тізімдеужұмыстарын жүргізу қажет. Дегенмен, ескеретін жайт, егер бұл элемент жоғалған болса, әуелі оны тарихи қайта жаңғырту мақсатында арнайы зерттеу қажеттілігі туындайды. Қолөнерші-ұсталарды көпшілікке таныту және қолдау үшін жергілікті және мемлекеттік деңгейде жыл сайынғы тренингтер, фестивальдар, конференциялар түрінде іс-шаралар жүзеге асырылуы қажет. Мысалы, Өзбекстанда қыш өндірісі жолға қойылған, белгілі бір бұйымды дайындау дағдысы мен білімі жастарды үйрету арқылы ұрпақтан ұрпаққа таралады. Алайда, ақпарат беруші ұсталардыңқыш өндірісіне қатысты наным-сенімдер мен аңыздардан хабары жоқ.Тек қана шәкірттің ұстадан «бата» алу, «анджиман» өткізу, дүниеден өткен шеберлерге дұға арнау, жұмысты бастамас бұрын «бұл менің қолым емес, тандыршылардың қолы» деп айту сияқты наным-сенім, дәстүрлері туралы ақпараттар сақталған.Демек, зерттелген ғылыми материалдар мен далалық этнографиялық зерттеулер мен бақылаулар негізінде аңыздар меннаным-сенімдердің айтарлықтай бөлігі жоғалды немесе бүгінгі таңда өзінің бастапқы сипатын өзгертіп, дәстүрлі дін аясында өмір сүруде.

Алғыстар

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің қолдауымен AP19678131 «Оңтүстік Қазақстан және іргелес аймақтардың (Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан) қыш өндірісін зерттеу: дәстүр және қазіргі заман» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Конвенция об охране нематериального культурного наследия [Электронный ресурс], принят 17 октября 2003 года https://www.un.org/ru/documents/decl _conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml (сайтқа жүгіну күні 27.12.2024)

[2] Закон Республики Казахстан «О культуре» [Электронный ресурс], принят 15 декабря 2006 года №207https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000207_(сайтқа жүгіну күні 27.12.2024)

[3] Кирпичников Н.А. Краткий очерк некоторых туземных промыслов в Самаркандской области. Справочная книжка Самаркандской области. Вып. V. Издание Самаркандского областного статистического комитета. Самарканд. 1897. С.110-162.

[4] Пещерева Е.М. Гончарное производство Средней Азии. / ТИЭ. Новая серия. Т. XLII. М.-Л.: 1959. 396 с.

[5] Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. Издательство Наука. Москва. 1969 г. – 337 с.

[6] Сухарева О.А. К вопросу о генезисе профессиональных культов у таджиков и узбеков // Труды Академии наук Таджикской ССР. Т.СХХ. 1960. – С. 195-207.

[7] Ершов Н.Н.Каратаг и его ремесла. Душанбе, 1984. 120 с.

[8] Пещерова Е.М. Гончарное производство у горных таджиков. //Известия Среднеазиатского географического общества.-Ташкент, 1929,-Т.19.-С.25-37

[9] DicleOney, Sevim Cizer. Beliefs, taboos and rituals in primitive pottery // SeramikTurkiye,Journal of Turkish Ceramics Federation #58. Istanbul,- 2020 P. 92-99

[10] Дервиз Г. Г. Хаким Сатимов и гурум-сарайская школа традиционного народного гончарства // Народные мастера. Традиции, школы. – Москва: Изобразительное искусство, 1985. Выпуск 1. – С.234-245

REFERENCES

[1] Konvencija ob ohrane nematerial'nogo kul'turnogo nasledija Elektronnyj resurs, prinjat 17 oktjabrja 2003 goda https://www.un.org/ru/documents/decl _conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml [in Russian].

[2] Zakon Respubliki Kazahstan «O kul'ture» Elektronnyj resurs, prinjat 15 dekabrja 2006 goda №207 https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000207_[in Russian].

[3] Kirpichnikov N.A. (1897) Kratkij ocherk nekotoryh tuzemnyh promyslovv Samarkandskoj oblasti. [A brief outline of some native crafts in the Samarkand region.] Spravochnajaknizhka Samarkandskoj oblasti. Vyp. V. Izdanie Samarkandskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta. Samarkand. P.110-162.[in Russian].

[4] Peshereva E.M. (1959) Goncharnoe proizvodstvo Srednej Azii. [Pottery production in Central Asia] / TIJe. Novajaserija. T. XLII. M.-L. 396 p.[in Russian].

[5] Snesarev G.P. (1969) Relikty domusul'manskih verovaniji obrjadov u uzbekov Horezma. [Relics of pre-Muslim beliefs and rituals among the Uzbeks of Khorezm.] Izdatel'stvoNauka. Moskva. 337 p.[in Russian].

[6] Suhareva O.A. (1960) K voprosu o geneziseprofessional'nyhkul'tov u tadzhikoviuzbekov [On the genesis of professional cults among Tajiks and Uzbeks] // Trudy AkademiinaukTadzhikskoj SSR. T.CXX. – P. 195-207.[in Russian].

[7] Ershov N.N. (1984) Karatagi ego remesla. [Karatag and his crafts] Dushanbe, 120 p.[in Russian].

[8] Pesherova E.M. (1929) Goncharnoe proizvodstvo u gornyhtadzhikov. [Pottery production by mountain Tajiks.] //Izvestija Sredne aziatskogogeograficheskogoobshestva.-Tashkent,-T.19.-P.25-37 [in Russian].

[9] DicleOney, SevimCizer. (2020) Beliefs, taboos and rituals in primitive pottery // SeramikTurkiye,Journal of Turkish Ceramics Federation #58. Istanbul,- P. 92-99 [in English and in Turkish].

[10] Derviz G.G. (1985) Hakim Satimov i gurum-sarajskaja shkola tradicionnogo narodnogo goncharstva [Hakim Satimov and Gurum-Sarai school of traditional folk pottery] // Narodnye mastera. Tradicii, shkoly. – Moskva: Izobrazitel'noeiskusstvo,Vypusk 1. –P.234-245[in Russian].

НЕМАТЕРИАЛЬНЫЙ АСПЕКТ ГОНЧАРНОГО ДЕЛА СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ЛЕГЕНДЫ И ПОВЕРЬЯ

Аннотация. В статье рассматривается нематериальное культурное наследие гончарного дела, а именно легенды и поверья, как одно из направлении живого наследия на основе научных данных и этнографических материалов. Изучение нематериального аспекта гончарного дела стран Средней Азии на основе научных материалов и этнографических данных, полученных в ходе полевых работ. При изучении данного вопроса были использованы базовые методы изучения этнографии, а именно, опрос и анкетирование. Стоит подчеркнуть, особое значение метода пережитков, способствовавший выявлению процесса развития легенд и ритуалов гончарного дела. В ходе работ были проанализированы сведения и данные, упомянутые в научных трудах по этнографии, а также материалы, полученные в этнографической экспедиции по данному региону. По полученным сведениям, можно констатировать, что легенды и поверья, как вид нематериального культурного наследия гончарного дела, трансформировалось с традиционной религией, или же изживают себя с каждым годом. В результате изучения нематериального культурного аспекта гончарного дела стран Средней Азии сделан вывод, что сведении очень мало, и требует расширенного изучения данного вопроса, с другой стороны, по имеющимся данным можно воссоздать элементы нематериального культурного наследия, а следом провести инвентаризацию.

Ключевые слова: глина; гончарное дело; нематериальное культурное наследие; Центральная Азия; этнография; живое наследие.

N. Abileva, S.Rakhimzhanova, Zh. Akkoshkarova

INTANGIBLE ASPECT OF POTTERY OF CENTRAL ASIA: LEGENDS AND BELIEFS

Annotation. The article deals with the intangible cultural heritage of pottery, namely legends and beliefs, as one of the directions of living heritage on the basis of scientific data and ethnographic materials. Aim and objectives of the study. To study the intangible aspect of pottery of Central Asian countries on the basis of scientific materials and ethnographic data obtained during fieldwork. In the study of this issue were used basic methods of ethnography, namely, survey and questionnaire. It is worth emphasizing the special importance of the method of vestiges, which helped to identify the process of development of legends and rituals of pottery. In the course of the work, we analyzed the information and data mentioned in scientific works on ethnography, as well as the materials obtained in the ethnographic expedition in the region. According to the findings, it can be stated that legends and beliefs, as a type of intangible cultural heritage of pottery, has transformed with traditional religion, or outlived every year. As a result of studying the intangible cultural aspect of pottery of Central Asian countries, it was concluded that there is very little information, and requires an expanded study of this issue, on the other hand, on the available data can be reconstructed elements of intangible cultural heritage, and then make an inventory.

Keywords: clay; pottery; intangible cultural heritage; Central Asia; ethnography; living heritage.

ӘОЖ 94 (574)
ҒТАХР 03.01.09
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).21

Арман Қият

Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

E-mail: kiyat7@mail.ru

БОПАЙ ХАНЫМ ҚАСЫМҚЫЗЫНЫҢ ТАРИХТАҒЫ БЕЙНЕСІ: ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Қазақ тарихында қандай оқиға орын алмасын әйелдердің рөлі көріне бермейді. Патриархаттық құрылымда өмір сүрген қазақ қауымында ат жалын тартып тізгін ұстаған жауынгерлердің батырларға айналуы мен қолбасшылардың ерліктері аңыздар мен жыр-дастандарда баяндалып, әйелдер қазан-ошақ пен бала тәрбиесінің айналасында қалып қояды. Хан-сұлтандардан бастап қатардағы жауынгердің тылында отбасының хал-ахуалы әйелдердің қолында болды. Сөйте тұра, отбасында ғана емес, күллі әулетте құрметке ие болып, сөзін өткізе білген қазақ әйелдері аз емес-ті. Біздің мақаламыз осындай сый-құрметтің иесі Бопай ханым Қасымқызына арналып отыр. Зерттеу барысында Бопай ханымның тарихи бейнесі айшықталып, аңыз бен ақиқаттың арасын ажыратуымызға мүмкіндік туды. Оның Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күресіндегі орны айқындалды. Сайып келгенде, Бопайдың елдегі беделі оның бірбетекей ер мінезділігінің арқасында екендігіне көзіміз жетті. Әрине, оның төре тұқымынан шыққан тегі мен «ханым» статусы да рөл ойнады. Мақаланың бір жаңалығы, Бопай ханымның отбасының тағдырынан хабар береді. Оның алты ұлынан тараған немере-шөберелерінің есімдері тұңғыш рет жарияланып отыр.

Кілт сөздер: Төре; сұлтан; ханым; Түркістан; округ; көтеріліс; шежіре.

Кіріспе

Қазақ тарихында «Бопай» есімді екі әйелдің есімдері таңбаланды. Оның бірі XVIII ғасырда өмір сүрген Әбілқайыр ханның әйелі болса, екіншісі XIX ғасырдағы Кенесары ханның апасы. Әбілқайыр хан алғашқы болып қазақ халқын Ресей құрамына ендіруге жол салса, Кенесары хан патшалы Ресей билігінің қазақты ел ретінде жою саясатына қарсы шығып, тәуелсіз хандықты қалпына келтіру үшін күресті. Сәйкесінше, Әбілқайыр ханның әйелі Бопай ханым Ресей билігімен дипломатиялық қатынаста үлесін қосса, Кенесары ханның апасы Бопай ханым, қарулы көтерілісті қолдады. Үлкен Бопайдың өмір жолы мен тағдыры мәлім болса, кіші Бопайдың өміріне қатысты мәлімет жұтаң. Осындай себеппен

кіші Бопайдың тарихына үңілуді жөн көрдік. Бұл тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада тақырыпты зерттеудің материалдық базасына ең алдымен Е.Бекмаханов пен Е. Дильмухамедовтың ғылыми еңбектері негіз болды. Кенесары ханның көтерілісіне қатысты В.Галиев пен Б.Жанаев құрастырған архивтік материалдар жинағы пайдаланылды. Б.Насенов пен Т.Садуақастың XIX ғасырдағы қазақ тарихына қатысты құжаттар жиналған дара еңбектері зерттеуімізге жақсы көмектесті. Кенесары ханның ұлы Ахмет сұлтан мен олардың тағы бір ұрпағы Файзулла Үрмізұлының естелік жазбалары Қасым әулетінің тарихынан зор мағлұмат берді. А.Ахметовтың хан әулеттеріне арналған шежірелік зерттеулері Бопай ханымның туыстарының тағдырынан сыр шертті. Кенесары ханның ұрпақтарымен болған сұхбатта Бопай ханымның ұрпақтарның шежіресі анықталды. Зертеуімізге басқа да еңбектер арқау болды. Зерттеу мақаламызда тарихи деректерді жинақтау, салыстыру, талдау әдестері қолданылды. Оқиғаның өрбуі мен сабақтастығын қарастыруда тарихи-генетикалық әдісі мен оқиғаның бүгінгі күнге ықпалын анықтауда актуализация әдісі пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

Бопай ханымның тегі, ортасы және отбасы. Бопай ханым – Қасым сұлтанның қызы, Абылай ханның немересі. Алғашқы болып Е.Бекамаханов (1915-1966) Бопайды «Кенесарының апасы» деп мәлімет келтірген. Егер осы мәліметті негізге алып, Кенесары ханның 1802 жылы дүниеге келгенін ескерсек, Бопай ханым XVIII ғасырдың аяғында туылған болып шығады. Оның балаларының жасын ескерсек, Бопайдың Кенесарыдан 2-3 жыл үлкендігін байқаймыз. Кенесары ханның туған жері Көкшетау өңірі Бопайдың да «кіндік қаны тамған өңір» деп топшылауға болады [1, б. 211, 215]. Олай болса, Бопай ханым Көкшетау өңірінде бүгінгі әйгілі Бурабай, Оқжетпес, Зеренді атаулы табиғаты көз тартар көрікті мекендердің аясында көшіп, балалық шағы өткізді. Хан тұқымына сай тәрбиленіп, ерке өскенін көзге елестете аламыз. Балалық шақ бір орында тұра ма? «Қыз жат жұрттық» демекші, бой жетіп, сәулім болғанда, ата-ананың міндеті – қызын құтты орынға қондыру емес пе?

Абылай хан мен Сәмеке ханның ұлыстары көрші ғана емес, олардың әулеті өзара құдандастығымен туыстығын бекітіп жүрген. Осындай жолмен Қасым сұлтан Абылайханұлы мен Әбілқайыр сұлтан Есімханұлы (Сәмеке ханның немересі) құда болуды ойлады. Бопай ханшайым Сәмеке сұлтан Әбілқайырұлына ұзатылды [2, б. 63-64]. Бұл оқиға шамамен 1816-1817 жылдары болған. Ол кезде Бопай ханшайым 18-20 жас шамасында. Деректерге қарағанда, күйеуі Сәмекенің жасы өзімен шамалас немесе бір-екі жас кіші болуы мүмкін. Қайын атасы Әбілқайыр сұлтан арғындардың ішінде төрелігін мойындатқан құрметтің иесі. Жинақталған мәліметтерге сенсек, Әбілқайырдың 14 ұлы болыпты: Бірәлі, Бопы, Досалы (Досан), Сарытан (Сартеке), Сәмеке, Нұралы, Кенже, Субхан,

Құлмағамбет, Босмойын (Басмухан), Амантай, Тінәлі, Жаналы, Ералы [3, б. 97-98]. Аталған кісілердің барлығы өз кіндігінен тараған-тармағандығын әлі анықтау қажет. Қалай болса да, үлкен әулетке келін болып түскен Бопай ханым Ақмола округінің жеріне қоныс аударды. Сәмеке сұлтанның шаңырағында Бопай ханым 20 жылда 6 ұл мен екі қыз дүниеге алып келді [2, б.156]. Осы тұста, жасы 40-қа келген Бопай ханымды «8 құрсақ көтерген аяулы ана» деп білеміз.

Бопай ханымның Кенесары ханның көтерілісін қолдап Түркістан өңіріне қоныс аударуындағы мәселелер. Бопай ханымның отбасылық тыныш өмірін күрт өзгерткен оқиға болды. Елді аузына қаратқан ағалары Саржан мен Есенгелді сұлтандар Ресей билігінің қазақ халқына қарсы жүргізген саясатына қарсы 10 жылдай күресіп, Қоқан хандығының иелігіне қараған оңтүстіктегі қазақтардың арасына көшуге мәжбүр болды. Ақыры, 1836 жылы Ташкент құсбегінің тапсырмасымен айуандықпен өлтірілді. Ағаларының ісін жалғастыруға саяси аренаға інісі Кенесары сұлтан кірісті. Бауырларының өлімі Бопай ханымның жанына батқан тәрізді. Ол күйеуі Сәмеке мен қайын ағалары Сартеке мен Досан сұлтандардан көтерілісті қолдауын сұрады. Олар көне қоймады. Сөйтіп, Е. Бекмахановтың жазуынша, 1837 жылы Бопай ханым алты баласын ертіп, күйеуі мен қайын жұртын тастап, Кенесары сұлтанның қозғалысына қосылып кетеді [1, б. 210, 214-217]. Тарихшы Ж.Артықбаевтың хабарлауынша, Бопай ханым күйеуінен 1836 жылы ажырасқан [4, б.17]. Міне, осы келтірілген мәліметтерде мәселе бар. Енді соны қарастырайық.

1840 жылы шілде айында орыстардың қолына түскен Бопайдың ұлы 17 жастағы Нұрханның тергеуде берген мәліметіне сенсек, Кенесарының ықпалымен 1837 жылы Ақмола округіндегі бірнеше рулардың адамдары далаға ішкері еніп кеткен. Осындай жағдайда, Нұрхан және бауырлары, әкесі Сәмекемен бірге басқа қазақ руларымен қатар Әзірет қаласына (Түркістан – А.Қ.) көшіпті. Сәмеке сұлтанның шындығында да Кенесары сұлтанның көтерілсіне қатысқысы келмегенін білдіреді. 1840 жылы Сәмеке сұлтан әлі де Әзірет қаласында отырғандығы айтылды. Нұрхан әкесінің тапсырмасымен Кенесарының ордасына шыққан [2, б.156-157]. Мұнда ол анасы мен әкесінің ажырасқандығы жайлы ләм демейді. Архив құжаттарында Бопайдың ажырасқандығы мен күйеуін тастап кеткендігі жайлы айтылған тікелей хабарды кездестірмедік. Сонда, жоғарыдағы тарихшы ғалымдар қандай дерекке сүйенді?! Меніңше, мұндай тұжырымға екі нәрсе негіз болған. Біріншіден, Кенесары ханның қозғалысында Бопайдың есімі аталып, күйуенің аты кездеспейді. Екіншіден, фольклорлық деректі қосымша етіп пайдаланған. Әйгілі «Төрт төре» тарихи дастанында «Апасы Кене ханның Бопай ханым, жасында күйеуі ермей қалған оның» деген жолдары бар [5, б. 62]. Бұл өлең жолдарынан «Бопай күйеуін тастап кетті» деп түсінбеу керек. Мұнда «күйеуі ермей қалды» деген сөзді «Кенесары ханның қозғалысын қолдауға шақырған Бопайды күйеуі қолдамады» деп ұққан дұрыс болар. Дастанды құрастырушы оқиғадан пәлен уақыт өткеннен кейін мәлімет жинастырған сияқты. Бопай ханым 1837 жылы қайын жұртынан оңтүстік бағытында ішкері көшкенде 40 жас

шамасындағы (мүмкін одан да үлкен) 8 баланың анасы екенін ескерсек, оны «жас» деп айтуға келмейді. Дастандағы «жасында күйеуі ермей қалған оның» деген сөзі лайық емес, қате ақпарат. Сәмеке сұлтан Түркістанға қоныс аударуы жай емес. Олардың мұнда арқа сүйеп келген аталас туыстары бар-тын. Сәмеке сұлтан – Сәмеке ханның ұлы Есім ханның немересі болса, Түркістан өңіріндегі қоңыраттың төрелері (Жәпекен сұлтан, Әликен сұлтан және т.б.) – Сәмеке ханның ұлы Сейіт ханның ұрпақтары [3, б.15-37].

Бопай ханымның аяулы көп балалы ана ғана емес, елде беделі биік, құрметке ие болғанын айта кетуіміз керек. Оның есімі қайын жұртында атасы ақсақал Әбілқайыр сұлтанмен қатар аталатын дәрежеге жеткен. 1837 жылы Әбілқайыр сұлтан бастаған қазақтың рулары оңтүстікке қарай Кенесары сұлтанның көшіне қарай бет алғанда, Бопай ханымның кісі жұмсап, інісіне барынша көмек беріп жүргенін архивтен көреміз [2, б.63-64]. Күйеуі Сәмеке сұлтанға «көмек бермесең, өзім көмектесемін!» деп беделін, байланыстарын қосып шамасы келгенше қол ұшын беруге тырысқан сияқты. Қасым сұлтан жанында балалары Көшек сұлтан мен Кенесары сұлтан бастаған топ Саржан мен Есенгелдінің кегін алуды ойлады. Олар Қоқан билеушісіне қарсы Хиуа хандығының билеушісімен астыртын байланыс орнатуға ұмтылады. Бұл Ташкент билешусіне ұнамады. Сондықтан, 1840 жылы Көшек сұлтан Қасымұлын алдап шақырып, ұстап алды. Қасым сұлтан Арыс шатқалында қыстап шыққан еді, оны Созақ төңірегінен 300 әскер келіп тұтқындады. Бопай ханым қысты алшын-жағалбайлы руларымен бірге өткізген болатын. Ол да ұсталып, Әзрет бекінісіне жабылды. Бопай ханым тұтқын бола отырып, өздерінің босатылуына Ташкент құшбегімен өз бетінше келіссөздер жүргізген. Қасым сұлтанның жанында жүрген тұтқын орыстыро әкесінің рұқсатынсыз құшбекке сыйға тартып жіберген. Әлгі орыс амал тауып Қасымға хабар беруінің арқасында, әкесі қызына айтып қайтадан алдырыпты [2, б.150-153,163]. Ахмет сұлтан Кенесарыұлы өзінің естелік кітабында Кенесарының да Ташкенде қамалғанын, Қоқанның Мұхаммедғали ханына хат жазып, туыстарымен босап шыққанын жазды [6, б.19-20]. Бірақ, қартайған әкелері Қасым сұлтан 1840 жылы қыркүйекте тұтқында өліп кетті. Оның үстіне, баласы Нұрханның орыстардың қолында отырғандығы Бопайдың жанына батты [2,б.158-159]. Ахмет Кенесарыұлының хабарлауынша, Кенесары сұлтан бастаған туыстары тұтқыннан босаған соң, ол қоқандықтардан кек алуды көздеп, Шу бойына он бес үй тіктірген. Онда келген қоқандықтарды түгел қырған [6, б.23-27]. Кенесары ханның ұрпағы Файзулла Үрмізовтің (1920-2015) жазуынша, мұны бүг-шігімен ойластырып ұйымдастырған Кенесары сұлтан мен інісі Бопы сұлтан екен. Олар ойларын Құрымбай датқаның көмегімен жүзеге асырған [7, б.76-77]. Ахамет Кенесарыұлы Бопыны «Кенесарының ағасы» дейді [6, б.13]. Сол заманның адамы Ахмет біледі ғой. Ал енді «Бабалар сөзі» атты жинақта ел ішіндегі аңыз әңгімелердің қатарында біз қарастырған оқиғаның басында Бопай ханым мен інісі Кенесары сұлтанның тұрғаны айтылады [8, б.164-167]. Біз Кенесары ханның әулетінің аузындағы әңгімеге сенеміз. Ел аузындағы

аңызға айналдырып айтушылар «Бопы сұлтан» мен «Бопай ханым» есімдерін шатастырып алған деп түйеміз.

Осы оқиғалардан нені білеміз? Бопай ханымды қоқандықтардың ұстауы оның елдегі беделі мен белсенділігін көрсетеді. Оның өз бетінше шешім қабылдауы тәуекелге бел буғыштығын, ер мінезділігін ашып береді. Бопай ханымды Бопы сұлтанмен шатастыру да бар көрінеді.

Кенесары хан қозғалысындағы Бопай ханымның рөлі: аңыз бен ақиқат.

Кенесары сұлтан бастаған Қасым әулеті Шу өңірінде қоқандықтарды өлтіргеннен кейін, мұндағы қазақтардың арасында қалу қауіпті болғандықтан, Сырдарияның төменгі ағысындағы Кіші жүз руларының арасына кетеді. Бірақ, Бұхар ханының қытығына тигісі келмей, өзін мойындаған рулармен бірге Торғай бағытында көшеді [2, б.198-199]. Кенесары хан бастаған көтерілісті терең зерттеген Е.Бекмаханов Бопайдың көтерілістегі рөлін былай көрсетеді: «Өзінің әскери ерліктерімен Кенесарының әпкесі Бопайдың да даңқы шықты. Ол көтерілістің алғашқы күндері-ақ оның белсенді қатысушысына айналды... Осымен қатар, Бопай Кенесарының барлық ірі шайқастарына қатысты және өзі де жау тылына партизандық жорық жасайтын. Бопай ханым Кенесарының барлық кеңестеріне қатысып отырған, ал Кенесары Бопайдың ақыл-кеңестеріне құлақ салған» [1, б. 217-218]. Мұндай тұжырым қаншалықты өзін ақтайды? Осыған зер салайық. Кенесары сұлтанның әрекетін бірден қолдағанын, оған қайын жұртын тартуға тырысқанын, Түркістан төңірегіне көшіп келіп, онда белсенділік танытқанын жоғарыда айттық. Бірақ, жауларымен тікелей қақтығысқа түскендігі жайлы жалғыз архивтік мәліметті Е.Д.Ділмұхаммедов өзінің еңбегінде келтірген. Ондағы ақпаратқа қарағанда, 1839 жылы 17 маусымда Бопай ханым мен Наурызбай төре, әрқайсысы 200 жауынгерді бастап Көкшетау дуанына шабуылдап, полковник Ладыженскийдің отрядымен айқасқа түскен. Көтерілісшілер Көкшетаудың аға сұлтаны Ғұбайдолла сұлтан Уәлихановты қолға түсіріп, өздерімен бірге алып кеткен [9, б.438]. Сірә, архивтің осы құжатын қайта алып тексеру керек. 40 жастан асып кеткен көп балалы Бопай ханымның ат үстінде өзі қол бастауы күмәнді. Қоластындағы жігіттерді жұмсаса көңілге қонымды. Оның жасына қарағанда, ондай әрекеттер жасауға физикалық мүмкіндігі шектеулі. Кенесары сұлтанның жанында үлкен ағасы Көшектен гөрі, қол бастап, өзіне кеңесші болған кейінгі ағасы Бопы сұлтан бар емес пе? Тағы да Бопы сұлтанмен шатастыру бар сияқты. Алайда, Бопайдың еліндегі беделіне қарай, інісі Кенесары сұлтанның апасымен кеңесуін жоққа шығаруға болмас.

Кенесары сұлтан Кіші жүз руларының жұртына көшіп кеткенде, Бопай ханым бауырының соңынан ілесті ме? Бұл көтеріліске қатысты құжаттар жинағынан 1840 жылы әкесі Қасым сұлтан өлгенде, оның әйелі мен қызы Бопай ханымның оңтүстікте бірге жүргенін көреміз [2, б.159]. Кенесары ханның жанындағы ең жақын адамдарының 1843 жылғы тізіміне қарасақ, Көшек сұлтан, Бопы сұлтан, Наурызбай сұлтан Қасымұлдары, Ержан сұлтан мен Құдайменде сұлтан Саржанұлдары, қалмақтан шыққан Тәте сұлтан таңбаланған [2, б. 220].

1844 жылы Кенесарының жанындағы ең жақын адамдарының тағы бір тізімі берілген. Кенесарының бауырларынан Көшек сұлтан мен оның ұлы Әбілпейіз, Бопы, Наурызбай, Мұса сұлтандар болды. Олардың балалары әлі жас екен. Кенесарының немере інілерінен Ержан, Құдайменде, Иса Саржанұлдары, Кенесарының туыстарынан Тәти, Әти, Сатыбалды Дайырұлдары және Қыдырбай Сатыбалдыұлы, Сәмеке сұлтанның алты ұлы (олардың анасы Кенесарының апасы) [10, б.89]. Екі тізімде де Бопайдың есімі аталмайды. Соңғы тізім атын атамай, балаларының Кенесарының жанында жүргендігін білдіріп қана қоймай, олардың әкесі Сәмеке сұлтанның жоқ екендігін хабарлап тұр. Келесі 1845 жылы Бопай ханым мен Сейітхан сұлтан 200 жігітті бастап бағаналы руы мен қаз-кедел-қыпшақ руынан зекет жинауға барғандығы жайлы хабар айтылған. Сонда да, Бопай ханым салық жинау үшін ғана келмеген. Ол бағаналы руының ішіндегі Дүйсек сұлтан Қысырауұлының Кенесарының ұлына айттырған қызын алып кетуге келіпті [2, б.436,439]. Меніше, Бопай ханымның онда барған негізгі мақсаты да осы – құдалық рәсімдері. Қауіпсіздікті сақтап, екі төренің құдандастығын жар салып сыртқа білдіргісі келмеген.

Бопай ханымның Түркістандағы өмірі. Аңыз бен ақиқат.

1845 жылдың аяғында Кенесары хан елін алып Ұлы жүз жеріне бет алып, Шу өңіріне қоныстанды. Міне, дәл осы кезде Бопай ханымның есімі пайда болады. Олар 1846 жылдың көктемінде Іле өзені бағытына жылжып кетті. Осында отырып қыркүйек айында Бопай ханым 1000 түйелі 500 жігітті үйсін руларынан тары жинауға жұмсаған екен. Ең қызығы, Бопайды орыс құжаты «вдова», яғни «жесір» деп құнды ақпарат берген [2, б. 439-441,452]. Соңғы мәліметтер Бопай ханымның ат үстінде жүріп соғыстарға қатыспағанын, қоластында жасақ ұйымдастырып, жұмсап отырғанын дәлелдей түседі. Сонымен қатар, Бопай ханымның 1840 жылы тұтқынға түсіп, босап шыққаннан кейін, ешқайда бармай Түркістан өңірінде қалғандығын аңғартады. Кенесары ханның жанына алдымен балаларын жіберіп, өзі 1845 жылы келіп қосылғанын түсінеміз. Бұл Сәмеке сұлтанның 1844-1845 жылы дүние салғанын білдіреді. Меніңше, Бопай ханым астыртын Кенесарымен байланысқаны болмаса, күйеуі өлгенге дейін Түркістан аумағында отырды. Біздің ойымызды растай түсетін «Төрт төре» дастанына қайта ораламыз. Онда жоғарыда келтірген шумақта «Апасы Кене ханның Бопай ханым, Жасында күйеуі ермей қалған оның» деп дастанды құрастырушы Бопай ханымның жалғыз екенідігін білдіріп, ары қарай «Қазысы сол қышлақтың қол салыпты, Мұнысы Кенекеңе болған мәлім!» деп жалғайды. Сонда, Кене хан намыстанып, ашуға булығып өзін әрең ұстап, ыңғайлы сәтті күтіп жүріпті: «Азуын жүруші еді бұған басып, Ішінен іс қылмаққа жанталасып, Қазыны қамшыменен тартып кетті, Ат үстінен ойнаған боп ажуаласып». Қазы да көңіліне кек сақтап қалады. Кене хан «Іздесең мені Шудың бойынан тап» деп кете берген. Сөйтіп, Шуға барып, жауын тосады. Бәрі ойындағыдай шығып, әлгі қазы бас болып 83 сарт іздеп келгенде, оларды бас салып, қырып тастайды [5, б.62-68]. Бұл оқиға Кенесарының 1840 жылы тұтқыннан босатып алып, Шудың бойында

қоқандықтарды алдап шақырып қырып тастаған оқиғаны қайталап тұрғандай көрінгенімен, Сәмеке сұлтанның қайтыс болғаннан кейінгі уақыт екенін тікелей хабарлауда. Кенесары ханның Ұлы жүз жеріне оралғандағы алғашқы қадамы осылайша кек алу актісімен басталғанын көрсетеді. Мұндағы біз үшін маңызды ақпарат Бопай ханымның күйеуі өлгеннен кейін біраз уақыт сол елді мекенді аялдап тұрғанын байқатады. Дастанда қоқандықтардың жергілікті билігі қазақтарды басынсуы сарттың қазысының Бопайға қол салуымен әшкереленген. Бұл оқиғадан біз Бопай ханымның жауынгер мінезін емес, керісінше, сарттың қол салуына шарасыздан жол бергізген нәзік, әрі қорғансыз әйелдің кейпін көреміз. Бопайдың мінез-құлқына ұқсамайды. Мұнда бір гәп бар. Әлде, бұл ханымның өз ықтиярымен болған жәйт па?! «Ел құлағы елу» демекші мұндай қылықты жасырып қалу қиын. Мүмкін тарихта күйеусіз Бопайдың Кенесары ханның күресіне қосылуы туралы мәлімет шығармашылық адамдардың қиялына дем бергізді ме? Мысалы, М.Әуезов «Хан Кене» атты пьесасында Бопай ханым мен шапырашты Бұғыбай батырды бір-біріне ғашық етіп көрсетеді де, ақырында сатқындыққа барған Бұғыбайды Бопайдың өзіне садақпен атып өлтіргізеді [11, б.149-196]. І.Есенберлин өзінің трилогиясында Бопай ханымды арсыздау етіп көрсетіп, оны Жанайдар батырмен кездестіріп қояды [12, б. 643,661]. Бопайдың көтеріліске қосылғанда 40 жас шамасында болса, жесір қалғанда 50 жасқа тақап қалғанын ескерсек, бұл шындықтың ауылынан алыс. Ол замандағы 40-50 жастағы әйелдер бүгінгі заманғы әйелдерден әлдеқайда үлкен көрінгенін білеміз ғой. Бұл бұл ма? Ж.Артықбаев бастаған бірнеше автордың бірлескен еңбегінде Бопай ханымның қайын-жұртының Кенесары ханға жау екендігі айтыла келіп «Кенесарының қарындасы Бопайдың бұйрығымен 1843 жылы Өтей-Дәуіш Уақтан шыққан Қожық Мақашұлы (1822-1874 ж.ж) атаман Досан мен Сөртекті қылышпен турап өлтіріп, Бопайға оларың бастарын әкеп тапсырды. Досан Бопайдың күйеуі, бірақ екеуі 1836 жылы ажырасып кеткен» деп ақпарат беріпті [4, б.17]. Біз жоғарыда олардың ажырасқандығы жайлы мәліметтің құжаттармен расталмайтынын айттық. Досан – Бопайдың күйеуі емес, күйеуі Сәмекенің бауыры. Авторлар тағы да қателескен. Оның үстіне, құжаттар бойынша, Досан сұлтан Әбілқайырұлы 1844 жылы көтеріліске қатысқаны үшін жер аударылған [13, б.57]. Сартөк сұлтанға келсек, құжаттарда «Сарытан» деп жазылған. Ол 1837 жылы бауырлары Бопы мен Досалы (Досан) сұлтандармен бірге «Кенесары бастаған көтеріліске қатысы бар» деген айыппен тұтқындалған. Олардың ағасы Бірәлі сұлтан 1842 жылы жер аударылған [3, б. 99-102]. Кенесарының Ресей билігіне қарсы әрекетін қолдаған Әбілқайырұлдарының кейінгі тағдыры белгісіз. Мұның барлығы «Бопай ханымның қайындары Кенесарының жауы болды» деуге сәйкес еместігін көрсетеді.

Бопай ханым інісі Кенесары ханның Ұлы жүз жеріндегі 1846 жылғы сапарына жолдас болса, 1847 жылғы қырғыздармен болған ақырғы шайқасына да қатыспауы мүмкін емес. Солай десек те, ақтық шайқасқа қатысқан сұлтандардың қатарында Бопай ханымның есімі деректерде аталмайды. Кенесары ханның ұлы

Ахмет сұлтан өзінің кітабында Бопай ханым жайлы бір сөз де айтпайды. Ақсақал Файзулла Үрмізовтің Кенесары әулеті туралы кітабынан да Бопайдың есімін таппаймыз. Бүгінгі тарих беттерінде батыр, қолбасшы ретінде айтылып жүрген Бопай апасының тұлғасына неге олар бір ауыз сөзді қимады екен?

Кенесары ханның өлімінен кейінгі Бопай ханымның тағдыры.

Кенесары хан 1847 жылы қырғыздардан жеңіліп, бірнеше сұлтандармен бірге қаза тапқаннан кейін, олардың отбасылары Қартаудың етегінде, Созақ пен Түркістан аралығында көшіп қонды. Олардың ішінде Көшек сұлтан Қасымұлы, Кенесары ханның ұлы Жағыпар мен анасы Күнімжан ханым Ақмола өңіріне оралуды сұрап, Ресей билігі өкілдеріне өтініш жасады. Ақмола округінің бедел иесі Қоңырқұлжа сұлтан Құдаймендеұлы мен қуандық болысының үлкендеріне жүгінді. 1848 жылы қыркүйек айында Ақмола округіне айтқожа-қарпық болысына Саржан сұлтан Қасымұлының әйелі Қарақас ханым мен келіні Жолдас ханым (Ержан сұлтанның әйелі) 3 үй болып көшіп келіпті [10, б.157-158,163]. Бірақ, 1850 жылы ақпанда Қарақас ханым мен Жолдас ханым Ақмола округінен шығарылып жіберілген. Олар оңтүстікке кеткен. Сонымен қатар, сол жылы Қарқаралы округіндегі Бопай ханымды да жұрттан аластатуға жарлық шығыпты [14, б. 47] Көріп тұрғанымыздай, олармен бірге Арқаға Бопай да оралған екен.

Annotation. The special place of structured cultural function in medieval Spain began during the Umayyad period. The article examines the features of cultural development during the reign of the Umayyad leader Abd ar-Rahman III and his Jewish vizier. The successes of Abd ar-Rahman III attracted the attention of all Europe, and the caliph, with his wise policies, gained even more universal respect. European kings, recognizing the power of Abd ar-Rahman III, sent embassies to him with requests to conclude alliances. Arab Spain became the political and cultural center of Europe. He cared about the development of culture and strengthening political power by patronizing the development of agriculture, crafts, trade, literature and education. Under him, large monuments of art were created in the capital and in other cities. He had an approach to governance that included all populations of his kingdom. His consistency in management and length of reign contributed to his success. Abd ar-Rahman III realized that he needed to be careful when conducting public affairs with other countries that were not Muslim. He knew that this would upset some conservative Muslim sentiments in al-Andalus. This is why he included trusted Christians and Jews in his diplomatic corps. The Jewish community of Cordoba flourished especially after the declaration of an independent caliphate. Vizier Hasdai ibn Shaprut established connections with his fellow believers in the East, and thanks to him, many Jewish poets, grammarians and scholars moved to Cordoba. As a result of the cooperation of the latter, a higher theological school was organized. The purpose of this article is to examine the factors that made possible cultural flourishing among Muslims, Jews, and Christians in tenth-century Islamic Spain during the reign of the Umayyad Muslim leader Abd al-Rahman III and his Jewish vizier Hasdai ibn Shaprut.

Keywords: Muslim Spain; cultural flourishing; Abd ar-Rahman III; Hasdai ibn Shaprut; European Renaissance.

ӘОЖ 94(574):325.1
ҒТАХР 03.01.21
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).24

[1]Сенгирбаева З.Ж.[*], [2]Айнабекова Ғ.Р.

[1]Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
[2] «Болашақ» жоғары колледжі, Шымкент, Қазақстан

***Корреспондент авторы:** zaure.sengirbaeva@gmail.com

E-maıl: zaure.sengirbaeva@gmail.com, gaziza.aynabekova@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-50 ЖЫЛДАРЫ ОҢТҮСТІККЕ АРНАЙЫ ҚОНЫСАУДАРУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАЙ КҮЙІ

Аңдатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы Сталиннің жүргізген солақай саясатының нәтижесінде бүкіл КСРО-ның аймақтарынан арнайы қоныс аударткан түрлі ұлт өкілдерінің соның ішінде гректердің тағдыры мен олардың Қазақстанның Оңтүстік өңіріне көшуінің салдарынан елдің әлеуметтік – экономикалық жағдайын әсер еткен тұсы жайында және мәдени рухани өмірі жайында сөз болмақ. Кез келген ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі мен рухани мәдениеті болары сөзсіз. Оны олар өздерінің ата баба салтымен қанға сіңген дәстүрі мен салттарын көздерінің қарашығындай сақтап, атадан балаға мұра ретінде өздерінен кейінгі ұрпақтарына аманат етіп мұра етері сөзсіз. Сол сияқты өткен ғасырымыздың ортасындағы грек ұлтының Қазақ жеріне қоныс аударуының нәтижесінде олардың сол оңтүстік өңірдің әлеуметтік және экономикалық, саяси-мәдени жағдайының өзгеріске ұшыраганын байқамасқа болмас. Қазақтардың өзге ұлт өкілдерін қарсы алудағы өзара іс-әрекеттерін, олардың күдіктері мен ойларын, сонымен қоса көрсеткен қонақжайлығы мен көмегі жайында да сөз болмақ. Қазіргі таңдағы біздің өлкеміздің көп ұлтты болып шоғырлануының себебін де осы өткен ғасыр оқиғаларымен өте тығыз байланысты екендігін аңғаруымызға әбден болады.

Кілт сөздер. КСРО; Арнайы қонысаудару; депортация; Сталин; Оңтүстік; әлеуметтік-экономикалық; гректер; ұлттар; Қазақстан; мәдениет.

Кіріспе

Мақалада XX ғасырдың 30-50 жылдарында бүкіл кеғес халқының тарихында орын алған арнайы қоныс аудару саясаты жүргізілгендігі жайындағы мәселе негізге алынып отыр. Сталиннің жарлығымен КСРО-да 1930-1950 жылдары бірнеше ұлт өкілдері өз жерлерінен күштеп көшіріліп, басқа аймақтарға депортацияланды. Бұл депортациялардың себептері әртүрлі болды, бірақ көбінесе саяси және ұлттық негізде жүргізілді. Солардың қатарында депортацияға ұшыраған кейбір ұлттар, корейлер 1937 жылы Қиыр Шығыстан Орталық Азияға,

негізінен Қазақстан мен Өзбекстанға депортацияланды. Бұған Жапонияның Қиыр Шығыста күшейіп келе жатқаны және корейлердің жапон тыңшылары болуы мүмкін деген қауіп себеп болды. Немістер 1941 жылы Еділ бойынан және басқа аймақтардан Сібірге, Қазақстанға және басқа да КСРО-ның шығыс аймақтарына депортацияланды. Бұған Ұлы Отан соғысының басталуы және немістердің Германия жағына өтіп кетуі мүмкін деген қауіп себеп болды. Қарашайлар 1943 жылы Солтүстік Кавказдан Орталық Азияға, негізінен Қазақстан мен Қырғызстанға депортацияланды. Олар фашистермен ынтымақтастық жасады деп айыпталды. Шешендер мен ингуштар 1944 жылы Солтүстік Кавказдан Қазақстан мен Қырғызстанға депортацияланды. Олар да фашистермен ынтымақтастық жасады деп айыпталды. Қырым татарлары 1944 жылы Қырымнан Орталық Азияға депортацияланды. Олар да фашистермен ынтымақтастық жасады деп айыпталды. Түрік-месхеттер 1944 жылы Грузиядан Орталық Азияға депортацияланды. Олардың шекараға жақын жерде тұруы және «сенімсіз» ұлт ретінде қарастырылуы себеп болды. Арнайы қонысаударудың салдарында адамдардың шығынына алып келді, атап айтқанда арнайы қонысаудару кезінде көптеген адамдар, әсіресе балалар, қарттар мен науқастар жолда және жаңа қоныстағы қиын жағдайларда қайтыс болды. Сонымен қатар ұлттық мәдениетке кері әсерін берді тіпті мәдениеттің жоғалуында арнайы қонысаударған ұлттар өздерінің мәдениеті мен тілін жоғалтуға мәжбүр болды. Арнайы қонысаударушылар психологиялық жарақат алды яғни адамдардың көпшілігі психологиялық жарақат алып, өмір бойы оның зардабын тартты.

Жоғарыда аталған түрлі ұлт өкілдерінің арасында гректер де болды. Грек ұлт өкілдерінің де тағдырлары басқа да ұлттардың көрген қыйыншылықтарымен бір. Барлығы Сталиннің жеке басқа табынушылығының құрбандарына айналған халықтар еді. Өз жері мен атамекенін тастап, қыйын жағдайларда Кеңес үкіметінің түкпір-түкпірлеріне қоныстануына мәжбүр болды. Оңтүстік Қазақстан жеріне қонас аударған гректер туралы көптеген тарихи зерттеулер мен монографиялар, ғылыми жобалар әзірленгені көпшілікке мәлім.

Қазіргі таңда көп ұлтты мемлекет ретінде Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық, мәдени жағынан қалыптасуында арнайы қонысаударушылардың келуінің маңызы өте өзекті болып табылады. Мақаланы жазу барысында баспа материалдары мен мұрағаттар атап айтқанда Түркістан облыстық мемлекеттік мұрағатының және Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы мұрағатында сақталған құжаттардың көшірмелері, Ғылыми-Техникалық Құжаттаманың Орталық Мемлекеттік Мұрағатының құжаттары пайдаланылды. Оңтүстік Қазақстанға арнайы қоныс аударылған түрлі халықтардың өткен тарихын әділ сонымен қатар әртүрлі тараптарынан зерттеуде, өзге ұлт өкілдерінің біздің елге депортациялануынан туындаған, ұлт өкілдерінің саяси және әлеуметтік-мәдени тағдырындағы өзгерістердің көлемін және салдарын түсінуді талап етеді. Ұзақ жылдар бойы бұрынғы КСРО-да депортацияға ұшыраған халықтардың ауыр тағдыры зерттелмеген және бұл тақырыпқа қатысты мұрағат құжаттары зерттеушілерге қол жетімді болмаған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы» жарлығының жариялануы [1].

2021 жылдың қаңтар айынан бастап еліміздің барлық аймақтарында саяси қуғын-сүргіннің он бір бағыты бойынша жұмыс топтарын құруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тоқсан жылға жуық «құпия» болып келген құжаттар зерттеушілер үшін ашыла бастады. Ендігі жерде жариялана бастаған мұрағат құжаттарының негізінде, Сталиндік тоталитарлық жүйенің құрбандарының басым бөлігін құрайтын депортацияланған халықтар мен арнайы қоныс тұрғындарының тарихы мен тағдырын қайта зерттеу және талдау өте маңызды. Сондықтан да бұл мақалада тарихи көзқарас тұрғысынан баға берілген.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл мақаладағы сұхбаттарға түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетінің әртүрлі жас тобы мен әлеуметтік топтарының өкілдері қатыстырылған. Сұхбаттарда дәстүрлердің күнделікті өмірде қалай сақталатыны және олардың қалай қабылданатыны туралы пікірлердің өзгеруіне баса назар аударылған. Қазіргі жаһандану жағдайында оңтүстік өңірдің түрлі ұлт өкілдерімен сұхбаттасып, мәселелерді терең талқылау, сондай-ақ, жұмыс топтарының көмегімен дәстүрлердің өзгеруі мен қабылдану мәселелері зерттеледі. Сонымен қатар, сандық-этнографиялық мәліметтерді талдау арқылы онлайн-кеңістіктегі түрлі ұлттардың тіліндегі дәстүрлердің (әлеуметтік желілер, блогтар, бейне мазмұны) және олардың дәстүрлерге әсері зерттеледі. Арнай қонысаударған әр түрлі топтарының дәстүрлерге енгізілген жаңалықтарға қалай қарайтынын, олардың қайсысы қабылданатынын, қайсысы қабылданбайтынын зерттеу маңызды.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі таңда Қазақстан 130-ға жуық ұлт пен ұлыстың өкілдері бірге тұратын көпұлтты мемлекет болып саналады. Қазақстанның ерекшелігі – бір шаңырақ астында көптеген этностардың тату-тәтті өмір сүріп жатқандығында. Қазақстанның көпұлтты мемлекетке айналуы оңай болған жоқ. Қазақстанның қазіргі ұлттық құрамы 1930-1950 жылдар аралығындағы өзгерістердің нәтижесінде қалыптасты. Атап айтқанда, 1937-1944 жылдары корей, иран, поляк, неміс, қарашай, қалмақ, шешен, ингуш, балқар, қырым татарлары, грек, түрік-месхеттер және басқа да ұлттардың Қазақстанға депортациялануы, қоныстануы, жаңа ортаға бейімделу процестері жан-жақты зерттеуді талап етеді. Қазақстанның ұлттық құрамын қалыптастырған бұл халықтардың арнайы қоныстардағы тағдыры, жергілікті халықпен қарым-қатынасы, сол кездегі ауыр жағдайға қалай көнгені секілді мәселелерді зерттеу маңызды.

Шет ел тарихшылары сталиндік депортациялау тақырыбын кеңестік тарихшылардан әлдеқайда ерте зерттей бастады. Қалыптасқан халықаралық саяси ахуал мен цензураның жоқтығы ағылшын-американ тарихшыларына, соның ішінде эмигранттарға да XX ғасырдың 60-жылдарының басында КСРО-дағы ұлттық депортацияларды зерттеуге мүмкіндік берді [2]. Кеңестік тарихнамада халықтарды күштеп қоныс аудару тақырыбы әртүрлі себептермен зерттелмеді және ғылыми әдебиетте ғана жанама түрде талқыланды. 1990 жылдардың басында Ресей тарихнамасында осы мәселені жан-жақты зерттеуге арналған алғашқы еңбектер пайда бола бастады. Н.Ф.Бугай [3], В.Н.Земсков [4] таралу географиясы, демографиялық өзгерістер және арнайы қоныстардың ерекшеліктеріне қатысты құнды статистикалық мәліметтермен толықтырылған ақпараттар берді.

Репатриация және кадрлар мәселелерін зерттеуге А.А.Герман [5], М.Ю.Привалова [6] еңбектерін арнады.

Қазақстандық зерттеушілер Ж.А.Ермекбаева [7], М.Ш.Қалыбеков [8], Р.М.Мұсагалиеваның [9] еңбектері жер аударудың жалпы проблемаларына, арнайы қоныс аударушылардың еңбек және шаруашылық жүйесіне, сонымен қатар олардың құқықтық жағдайына арналған.

Гректер орналасқан аймақтарда оларға қазақ отбасылары қамқорлық көрсетіп, барымен бөлісті. Жергілікті халықпен тез араласып кеткеніне қарамастан, гректер өздерінің мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтап қалды. Гректердің салт-дәстүрі мен жалпы мәдени салт-дәстүрлеріндегі өткен тарихы өте бай әрі тамыры тым тереңде екені белгілі. Грек халқының өзі ерте алғашқы халықтар арасында алғашқы болып моногамдық неке принципін ұстанған. Христиан дінін қабылдап, олар өздерінің сенімдеріне қарай заңды некенің тұруға деген рәсімінен тыс ерлі зайыптылардың отбасын құру кезінде шомылдыру тәрізді іс шараларын өткізді. Понтикалық грек халқының өзіндік ата баба салт-дәстүрлері мен өздеріне тән тарихи жөн жоралғылары бар. Салт-дәстүрлі Понтикалық тұрғыдан грек халқы өздерінің баспанасын бірнеше қабатты іргетас арқылы тұрғызды және оның бірінші қабатына жануарларды орналастыру мақсатында пайдаланды. Бүгінгі таңда гректер өздеріне баспана салу мақсатында бірнеше құрылыс материалдары соның қатарында кірпіш, саз балшық т.б. материалдары қолданылады. Понтикалық грек халқы Қазақстан өңіріне Кавказ елінен арнайы жер аударған кезде де, олар еуропалық стильде зауыттық киім үлгісінде болған. Ер адамдар сәнді костюмдерді үстеріне киім ретінде қолданған: курткалар, шалбарлар, футболкалар мен бас киімдер. Ал әйелдер киімінде дәстүрлер ұзақ уақыт бойы сақталған. Грек әйелдері шалбар, юбка және орамал киген. Грек халқының күнделікті өмірінде ата бабасынан қалған ұлттық киім үлгісі былғарыдан жасалған аяқтарына киетін киімі – чаруши деп аталатын аяккиімді ұзақ уақыт қолданылып келді. Бүгінгі таңда герк халқының киім үлгісі заманауи сипатқа ие. Дін нағыз этникалық белгі ретінде бағалануы тиіс. Гректер өз нанымдары мен символикасына өте адал. Ата-бабалары жаңа қоныстану жерлерін игере бастағанда, ең алдымен шіркеулер мен мектептер салды. Осы алғашқы ғимараттардың айналасында тұрғын үй құрылысы басталды [10]. 1920-30 жылдарда шіркеулер жабылып, кейбіреулері ескіріп, қиратылды. Дегенмен, діни мерекелерде адамдар оларға келіп, жартылай қираған қабырғаларына шамдар іліп қоятын. Қазіргі кезде көптеген шіркеулер тұрғындардың күшімен қалпына келтірілді. Көне славян тілінде жүргізілетін тұрақты ғибадат барлық жерде өткізілмейді, бірақ бұл олардың құрметтелуіне еш кедергі келтірмейді.

Арнайы қонысаударған грек халқының тамыры тереңде болған ұлттық тағамы ретінде мерекелік іс шараларда той томалақтарында жасайды. Гректердің ерекше тағамы - бидай жармасынан барынша ұзақ уақыт бойы бабымен былбырап буға піскен тауықтың етімен жасалған ботқа. Ботқаны тауықтың етімен өоса етті талшықтанып майдаланып езілгенше әбден қайнатады. Ары қарай жұмыртқаны қуырып, жүзімнің жапырағына неболмаса қырыққабат жапырағына айналдырған майдаланған ет және күрішті қосып долма жасайды. Біздің аймағымыздағы понтийлік гректердің тағам мәзірінде өзге халықтардың да тағамдары кездеседі.

Гректер қайтыс болған адамдардың рухтары өлгеннен соң жер асты әлеміне барады деп сенген. Бұл жер асты әлемінің ең танымал бөліктерінің бірін Зевстің ағасы Гадес билеген және ол Гадес (бастапқыда «Гадестің мекені» деп аталған) деп аталған. Сонымен қатар, қарғысқа ұшырағандар азап шегетін Тартар және ізгі жандар ләззат алатын Элизий сияқты басқа да белгілі патшалықтар бар. Ерте Микендіктердің дінінде қайтыс болғандардың бәрі Гадестің әлеміне баратын, алайда архаикалық дәуірде мистикалық сенімдердің дамуы Тартар және Элизий тәрізді жерлердің пайда болуына алып келді.

Кейбір гректер, соның ішінде Ахиллес, Алькмена, Амфиарай, Ганимед, Эно, Мелицерт, Менелаус, Пелеус және Троя мен Теба соғыстарына қатысқан көптеген жауынгерлер физикалық түрде мәңгілік өмірге ие болып, Элизийде, бақытты аралдарда, аспанда, өлілер мекенінде, мұхит астында немесе жер астында мәңгі жасайды деп сенген. Мұндай нанымдар Гомер мен Гесиод сияқты көне грек дереккөздерінде кездеседі. Бұл сенім христиан дәуірінде де әлі өз маңыздылығын сақтап қалған. Дегенмен көптеген адамдар үшін өмірден өткен соң денесіз жан болып өмір сүруден басқа үміт жоқ еді.

Кейбір грек философтары, мысалы Пифагор мен Платон, жанның қайта тууы туралы ілімді насихаттады, бірақ оған сенетіндер аз болды. Эпикур жанның тек өлім кезінде ыдырайтын атомдар екенін айтты, сондықтан өлгеннен кейін жан жоқ деді.

Грек дінінде мифологияның орны ерекше болды. Ол негізінен құдайлардың өмірі мен адамдармен қарым-қатынасы туралы аңыздардан құралды. Аңыздардағы кейіпкерлер мен олардың істері басты орын алды. Мысал ретінде: Геракл мен оның он екі ерлігі, Одиссейдің Отанына оралуы, Иасонның алтын жүн іздеуі, Тесей мен Минотавр.

Грек мифологиясы көптеген кейіпкерлерді қамтиды. Олардың ең маңыздылары – құдайлар мен адамдар, бірақ грек аңыздарында титандар (олимпиадалық құдайлардан бұрын өмір сүргендер) да жиі кездеседі. Кіші кейіпкерлер қатарына жартылай адам-жартылай жылқы кентаврлары, табиғат нимфалары (ағаш нимфалары – дриадалар, теңіз нимфалары – нереидалар) және жартылай адам-жартылай ешкі сатирлер жатады [10]. Грек мифтерінде бір көзді алып циклоптар, теңіз құбыжығы Скилла, құйынды Харибда, Горгоналар және жартылай адам-жартылай өгіз Минотавр сияқты жантүршігерлік жаратылыстар да болған.

Гректерде жаратылыс туралы бекітілген миф болмаған. Түрлі діни топтар әлемнің әртүрлі жолдармен жаратылғанына сенген. Жаратылыс туралы бір грек мифі Гесиодтың «Теогониясында» баяндалған. Онда хаос деп аталатын бастапқы құдай ғана болғаны, ол Гея, Тартар және Эрос сияқты басқа да алғашқы құдайларды жаратқаны, содан кейін олардың өздері көп құдайларды, титандарды, кейін алғашқы олимпиадашыларды дүниеге әкелгені туралы айтылады.

Гректер мифологияға берік сенген және бұл сенім кейінгі Рим мифологиясының гүлденуіне әсер етті. Грек және Рим мәдениетінің шығармашылық көрінісі эпикалық поэзия (мысалы, «Илиада», «Одиссея» және «Аргонавтика») мен драмалық пьесалар (мысалы, Еврипидтің «Вакханкалары» және Аристофанның «Бақалары») арқылы көрініс тапты. Мифология христиандық

Еуропада Қайта Өрлеу дәуірінен кейін жаңа серпіліс алып, Боттичелли, Микеланджело және Рубенс секілді суретшілердің жұмыстарының негізіне айналды.

Гректер әр алуан діни мерекелер өткізген. Олардың көпшілігі белгілі бір құдайға немесе қала-мемлекетке ғана тән болып келген. Мысалы, Грекияның Аркадия аймағында малдың құдайы Панға арналған Ликия мейрамы аталып өтілген. Өзге де жалпыгректік ойындар сияқты, ежелгі Олимпиада ойындары да Олимпиядағы Зевс ғибадатханасында өткізілген діни мейрам болған. Ал қалған мерекелер грек театрына бағытталған, олардың ішінде ең маңыздысы Афиныдағы «Дионисия» мейрамы болған. Әдеттегі мерекелер шеру, үлкен құрбандықтар және құрбандық еттерін жеуге арналған тойлардан құралған. Олардың көпшілігінде қонаққа бару, сәнді киімдер кию және көшелерде түрлі қылықтар көрсету секілді көтеріңкі көңіл мен салт-дәстүрлер болатын жайттар кездескен. Кейде бұл жағдайлар кездейсоқ қасында жүріп жатқан адамдар үшін қауіпті жағдай еді. Жалпы алғанда, Афиныда бір жылдың 140 күні діни мерекелерге арналған, алайда оларда оның маңыздылығы сан алуан болған.

Архаикалық және классикалық Греция дәуірінде шахар тұрғындары мен құдайларға арналған тас ғибадатханалар салынып, олардың дизайны бүкіл Грек әлемінде бірдей болған. Дін азаматтық өмірмен етене жақын болды және дін қызметкерлері көбінесе жергілікті ақсүйектерден шығарылды. Діни тақырыптар бұл гректердің өнер саласының ішіндегі мүсінге деген қызығушылықты білдірді. Діни практиканың маңызды жақтары жеке тәжірибемен қатар, саясаттағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Бұдан басқа, грек әлемінің түкпір-түкпірінен адамдарды тартатын бірнеше қасиетті орындар «панеллендік» қасиетке айналды. Гректер ұлтшылдығының өсуі мен өзін-өзі тануында маңызды орынға ие болды.

Гректердің негізгі діни сенімі Грекияның өзімен шектелмеді. Грек философиясы этикалық идеяларын үнемі жетілдіріп отырды. Бірнеше танымал философтар құдайларға деген сенімді сынады. Олардың ең алғашқысы Ксенофан болған, ол құдайлардың адамдарға зиян келтіруін, сондай-ақ олардың антропоморфтық бейнесін айыптады. Платон «игіліктің бір түрі» деп атаған, сондай-ақ ғаламдағы кемелдіктің көрінісі деп санайтын жалғыз Жоғарғы тәңірдің бар екендігін мойындады. Грек ойшылы Платон ғалымының шәкірті болған Аристотель де көп құдайлыққа сенімсіздік білдірді, өйткені оған жеткілікті эмпирикалық дәлел таба алмады. Ол жаратылысты қозғалысқа келтірген, бірақ әлеммен ешқандай тығыз қатынасы болмады тіпті қызығушылық танытпайтын бастапқы қозғаушыға сенді.

Гректер православиелік дінді ұстанатын халық болғандықтан, барлық діни жөн жоралғыларды, ұлттық дәстүрлерді және христиандық мерекелерді қатаң түрде сақтайды. Рождество мен Пасха мейрамдары маңызды рол ойнайды. Рождество мерекесінде василопита – жаңғақ пен мейіз қосылған, кекс дәміне ұқсайтын торт ас мәзірінде пісіріледі. Бұл тағамды тек Рождество күні дайындауға болады, оған ақшаны отбасы мүшелері жинап береді. Ежелгі сенім бойынша, торттың ішінен ақша шықса сол адамға жыл сәттілікке толы жыл болатындығын айқындаған.

Гректердің мифологиялық құрылымы күрделі және әртүрлі болғанымен, ол суреттерінің жоғары көркемдігімен ерекшеленіп, тыңдаушыларға және оқырман қауымға маңызды болуы мүмкін. Бұл көркемдіктің негізгісі гректердің сенім нанымындағы бейнелердің терең гуманизмінде жатыр. Антропоморфизм дегеніміз бұл гуманизм олардың жоғарғы сенімі және батырлардың мүсіндер мен суреттерде жанды пенде рухында көрсетілуінен көрініс табады. Грек құдайларына адамдық еш нәрсе жат емес және оларда адам бойындағы қасиеттердің бәрі бар. Өлместік – құдайларды сенуші гректер үшін адамдардан ажырататын жалғыз қасиет. Олардың құдіреті мен білімі шексіз болмағанымен, олар көптеген адамдардан күші мен ақылдылығы жағынан асып түседі.

Гректердің діни рәсімдері басқаларға қарағанда өте қарапайым ерекше түрлі. Ең жиі кездесетін рәсім – барлық мұсылмандар тәрізді малды құрбандық ретінде қан шығаруы болған. Құрбандықтың мөлшері мен сипаты әртүрлі болып кездескен. Оның ішіндегі қарапайымы – либация, яғни құдайларға сұйық тағам немесе шарапты жерге немесе отқа құю. Сондай-ақ, құдайларға астық, жеміс-жидек, май және тағы басқа ұсынылған. Жануарларды, әсіресе, қымбат тұқымды ірілі ұсақты қара малдарды құрбандық ретінде арнауы да көптеп кездескен, кейде құрбандыққа шалынған малдар өте көп болған: құрбандықтың көлемі оқиғаның маңыздылығына байланысты; маңызды жағдайларда гекатомбалар (100 бас мал) ұсынылған. Мифтерден адам құрбандықтарының болғаны туралы болжам жасауға болады, алайда расталмаған мәлімет. Құрбандықтың сипаты оны кімге арнағанына тікелей байланысты. Олимпиада ойындарындағы құдайлар әдетте ақ түсті малдар, жердің астындағы құдайларға – қара түсті малдар ұсынылған. Соңғысы толығымен өртеліп, жерге көмілген. Марқұмға арналған сый-сияпаттар жерге шашылып немесе көмілген. Батырларға арналған құрбандықтар өртелген. Ал құдайларға шалынған жануарлардың еттерін рәсімге қатысушылар жеген.

Құдайлар әлемдегі тәртіпті түсіндіретін аллегориялық бейнелер болды (яғни, адамдарға түсініксіз құбылыстарды жоғары сенушілік құдай деп түсіндіру). Кейінірек кейбір құдайлар нақты кәсіптердің, мысалы, қолөнердің, соғыстың, сауданың басқаның да қамқоршысы болып саналды. Кейбір құдайлар адамдардың бойындағы қасиеттерді, ал басқалары пенделер үшін, адамнан басқа қасиеттерді (тағдыр, бақыт және т.б.) меңгерді. Грек мифологиясындағы құдайлардың көпшілігі антропоморфты (адамдарға ұқсас бейнеленген) және адамдарға мінез-құлығы жағынан өте ұқсас: олар ұрысып, татуласып, соғысып, өлтіріп, сүйісіп, алданады. Құдайлар адамдармен араласып, олармен сөйлесіп, бәсекелесіп, олардан бала сүюі де ғажап емес.

Гректерде діндар адамдар ерекше бірлестік құрмаған, олардың жеке меншігі болмаған. Діни қызметкерлер жеке құдайлардың ғибадатханаларында жұмыс жасайтын қарапайым жандар болған. Олардың міндеттеріне құдайға табыну рәсімдерін күнделікті өткізу, құрбандық шалу, құдай мүсіндерін әсемдеу, салттық дәрет етуге т.б. жатқан. Кейбір кездерде діндар адамдар сәуегейлікпен, көріпкелдікпен және емдеу істерімен айналысқан. Дін қызметкері лауазымы көбінесе өмір бойы және ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Бұл әсіресе, рулық мәдениеттен шыққан көпшілік табынатын жерлерде кездескен. Бірақ діндар адамдар көбіне сайлау арқылы қысқа мерзімге тағайындалған, тіпті, мысалы,

Олимпияда бір айға ғана сайланған. Дегенмен сайлау кезінде дін қызметкерлерін әдетте ақсүйек отбасылардан таңдаған. Дін қызметкерінің бойында салттық тазалық, кемшіліктердің болмауы, көбінесе пәктікті сақтау талап етілген. Соңғы талапқа байланысты кейбір ғибадатханаларда дін қызметкерлері ұлдар болған, ал олардың діндарлықты атқаруға дайын болған кезде оларды әйелдер, кейде тіпті қыздар атқарған.

Дін қызметкері қызметі беделді саналғанымен, тікелей билікке ие болмаған, әсіресе көпшілікке арналған діни рәсімдерді көбінесе дін қызметкерлері емес, азаматтық шенеуніктер басқарған. Грек құлдық саясаты бұл жағынан діни қызметкерлердің билігімен Шығыс деспоттық мемлекеттерінен айтарлықтай ерекшеленді.

Ғибадатханаларда дін қызметкерлерінен басқа да қызметкерлер болған, олар ғибадатхананың кірісі, құрбандықтар мен сенушілердің жарналарынан пайда көрген.

Ең құрметті ғибадатханаларда маңызды құндылықтар жиналған, көбінесе жеке тұлғаларға немесе мемлекетке тиесілі қазыналар сақталған, яғни бұл ең қауіпсіз сақтау орындары болған. Мысалы, Афины теңіз одағының қазынасы алдымен Аполлонның Делиан ғибадатханасында, кейінірек Афинидағы Парфенонда болған [11]. Сонымен қатар, ғибадатханалардың да қайырымдылық пен жарнадан құралған өз қазыналары болған.

Діни қызметкерлердің лауазымы құрметті саналғанымен, оларға тікелей билік жүргізу құқығы берілмеген. Әдетте ресми діни рәсімдерді дін қызметкерлері емес, азаматтық лауазымды тұлғалар басқарған. Гректердің билік жүйесінде діни қызметкерлердің үстемдік етуі жоқ болғандықтан, бұл жағынан Шығыстың деспоттық мемлекеттерінен ерекшеленген.

Ғибадатханаларда дін қызметкерлерінен бөлек, ғибадатханаға түскен қаражат, құрбандықтар мен сенушілердің жарналары арқылы өмір сүретін түрлі қызметшілер болған.

Аталмыш орталықтың маңызды жетістіктерінің бірі грек халқының құрған музыкалық «Афродита» деп аталатын ансамбілі болды. Бұл ансамбілдің бастапқы құрылуы тарихына үш жақты грек халықтарының яғни олар Стелиос Эргатидистің Кипрден келуі, Георгия Драгудакидің Грекия елінен келуі және Елена Якупидидің Қазақстан елінен келуі олардың қосқан үлесінің зор екендігін көрсетеді. Онымен қоса «Македония» ансамбілі Томаровский атындағы ауылда пионти деп аталатын бидің негізінде құрылған болатын. «Эльпида» деп аталатын тек грек жастарының басын қосатын вокалдық топ құрылды ал оның жетекшісі болып Нина Павловна сайланды. Достық бағдарламасы аясында 2002 жылдары «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан Томаровский совхозының тұрғындары сол совхоздың өзге ұлт өкілдеріне төрт түрлі телехабар көрсетті.

Қорытынды

Соңғы қортынды бойынша айтатын болсақ грек деп аталатын ұлттардың жалпы адамгершілігі мен аққөңілділігі, сабырлығы мен момындығы өзіміздің қазақ бауырластарымызға өте жақын екендігі сөзсіз. Грек халқы басына қандай жағдай болса да, ата бабасынан келе жатқан аспабы кеменжидің дыбысын естігенде, кәрісі мен жасы бірдей таңға дейін би билеуге әзір.

Грек халқының наным-сенімдері жайында тереңірек білу мақсатында Кентау қаласында тұратын грек ұлтының ұрпағының үйіне барып сұхбаттастық.

Тарих беттеріндегі қыйлы оқиғалар барысында грек халқы үшін Қазақстан екінші Отанына айналды. Олар Қазақстанда бостандық пен еркіндіктің нағыз мағынасын түсініп, өмірдің кез-келген жағдайында ұлттар бір-бірімен тату тәтті күн кешіп мәдениетін жаңғырту бақытын сезінді [12]. Қазақстанның қай аймағында болсын орын тепкен грек халқы әрдайым жергілікті тұрғындармен достық қарым қатынас орнатуға әрдайым дайын.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қ.К. Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия құрамы» туралы жарлығы. Әділет. 24 қараша 2020

[2] Conquest R. (1960). The Soviet Deportation of Nationalities. New York.

[3] Бугай Н. Ф. Операция «Улусы». Элиста, 1991. - 32–44с.

[4] Земсков В. Н. К вопросу о репатриации советских граждан 1944–1951гг. // История СССР. - 1990. - №4. – С. 26–41.

[5] Герман А. А. Репатриация граждан СССР немецкой национальности и отправка их на спецпоселение (1944–1946 гг.) // Военно-исторические исследования в Поволжье. - Саратов. - 2000. – С. 260–273.

[6] Привалова М.Ю. Изменения в механизме репатриации советских граждан немецкой национальности в начале «холодной войны» // Власть. - 2008. - № 8. С. 130–132.

[7] Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы. Алматы. 2009.- 255с.

[8] Калыбекова М. Ш. Депортация народов в Казахстан в годы Великой Отечественной войны // Гуманитарные науки в Сибири. - 2015. - Т.22, №1. – С. 98–101.

[9] Мусагалиева Р.М. Депортация и судьбы спец переселенцев из Северного Кавказа (по материалам архивов Акмолинской и Кокчетавской областей) // Вестник ИнгНИИ. - 2018. - №2. – С. 38–48.

[10] Земсков В.Н. Спецпоселенцы в СССР 1930-1960 -М.: Наука. 2003. – 306с.

[11] Депортация народов в Казахстан в 1930-1950-е гг.: общность истории. Астана. 2019. - 671-675с.

[12] Депортация - ұлы дала қасіреті https://aikyn.kz/47578/deportaciya-uly-dala-qasireti

REFERENCES

[1] Toqaev Q.K. «Saiasi quğyn-sürgın qūrbandaryn tolyq aqtau jönındegı komisia qūramy» turaly jarlyğy. [Message «Composition of the commission for the full rehabilitation of victims of political repression»] Ädılet. (November 24. 2020) [in Kazakh]

[2]Conquest R. (1960). The Soviet Deportation of Nationalities. NewYork.

[3] Bugai N. F. (1991). Operatsiia «Ulusy» [Operation "Ulysy"]. Elista. [in Russian]

[4] Zemskov V. N. (1990). K voprosu o repatriatsii sovetskikh grazhdan1944–1951gg. [On the issue of the repatriation of Soviet citizens 1944-1951] // Istoriia SSSR. - №4, 26–41. [in Russian]

[5] German A. A. (2000). Repatriatsiia grazhdan SSSR nemetskoi natsionalnosti i otpravka ikh na spetsposelenie (1944–1946 gg.) [Repatriation of Soviet citizens of German nationality and sending them to a special settlement (1944-1946)]// Voenno-istoricheskie issledovaniia v Povolzhe. Saratov. 260–273 [in Russian]

[6] Privalova M.Iu.(2008). Izmeneniia v mekhanizme repatriatsii sovetskikh grazhdan nemetskoi natsionalnosti v nachale «kholodnoi voiny» [Changes in the mechanism of repatriation of Soviet citizens of German nationality at the beginning of the Cold War] // Vlast. № 8. 130–132 [in Russian]

[7] Ermekbaev Zh.A. (2009). Chechentsy i ingushiv Kazakhstane. Istoriia i sudby [Chechens and Ingush in Kazakhstan. History and destinies]. Almaty. [in Russian]

[8] Kalybekova M. Sh.(2015). Deportatsiia narodov v Kazakhstan v gody Velikoi Otechestvennoi voiny [Deportation of peoples to Kazakhstan during the Great Patriotic War] // Gumanitarnye nauki v Sibiri. T.22, №1. 98–101. [in Russian]

[9] Musagalieva R.M. (2018). Deportatsiia i sudby spets pereselentsev iz Severnogo Kavkaza [Deportation and fate of special migrants from the North Caucasus] (po materialam arkhivov Akmolinskoi i Kokchetavskoi oblastei) // Vestnik IngNII. №2. 38–48. [in Russian]

[10] Zemskov V.N. Spetsposelentsy v SSSR 1930-1960 -M.: Nauka. 2003 - S.306. [in Russian]

[11] Deportatsiia narodov v Kazakhstan v 1930-1950-e gg.: obshchnost istorii [Deportation of peoples to Kazakhstan in the 1930s and 1950s: common history]- Astana, 2019. - S.671-675. [in Russian]

[12] Deportatsiia - uly dala kasireti. https://aikyn.kz/47578/deportaciya-uly-dala-qasireti [in Kazakh]

Сенгирбаева З.Ж., Айнабекова Ғ.Р.

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПОСЕЛЕНИЙ НА ЮГЕ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация. В этой статье речь пойдет о судьбе греков, представителей различных национальностей, специально переселившихся из регионов всего СССР в результате проводимой Сталиным левой политики в 30-50-х годах XX века, и о том, как они повлияли на социально – экономическое положение страны в результате их миграции в Южный регион Казахстана, и о культурной духовной жизни. Любая нация, несомненно, будет иметь свои традиции и духовную культуру. Они, несомненно, сохранят свои традиции и обычаи, пропитанные предками, и передадут их потомкам в наследство от деда к ребенку. Точно так же нельзя не заметить, что в результате переселения греческой нации на казахскую землю в середине прошлого века их социальное и экономическое, политико-

культурное положение в этом южном регионе претерпело изменения. Речь пойдет о взаимодействии казахов в встрече представителей других национальностей, их подозрениях и мыслях, а также о оказанном гостеприимстве и помощи. Можно констатировать, что причина того, что наш край сегодня стал многонациональным, также очень тесно связана с событиями прошлого века.

Ключевые слова. СССР; спецпереселение; депортация; Сталин; Юг; социально-экономический; греки; нации; Казахстан; культура.

Sengirbaeva Zaure, Ainabekova Gaziza

THE SOCIO-ECONOMIC STATE OF SPECIAL SETTLEMENTS IN THE SOUTH IN THE 30-50S OF THE TWENTIETH CENTURY

Annotation. This article will focus on the fate of the Greeks, representatives of various nationalities who specially migrated from the regions of the entire USSR as a result of Stalin's leftist policies in the 30-50s of the twentieth century, and how they influenced the socio–economic situation of the country as a result of their migration to the Southern region of Kazakhstan, and cultural and spiritual life.. Any nation will undoubtedly have its own traditions and spiritual culture. They will undoubtedly preserve their traditions and customs, imbued with their ancestors, and pass them on to their descendants as an inheritance from grandfather to child. Similarly, it should be noted that as a result of the resettlement of the Greek nation to the Kazakh land in the middle of the last century, their social and economic, political and cultural situation in this southern region has undergone changes. It will focus on the interaction of Kazakhs in meeting representatives of other nationalities, their suspicions and thoughts, as well as the hospitality and assistance provided. It can be stated that the reason that our region has become multinational today is also very closely related to the events of the last century.

Keywords. USSR; special resettlement; deportation; Stalin; Yuga; socio-economic; Greeks; Nations; Kazakhstan; culture.

ӘОЖ 93/94 (433); 248.14
ҒТАХР 03.20; 21.31.51
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).25

Заңәділұлы Нөсербек, Сайфунов Бауыржан*

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

***Корреспондент-авторы:** bauyrzhan.saifunov@ayu.edu.kz

E-mail: bauyrzhan.saifunov@ayu.edu.kz, nosserbek.zangadilulu@ayu.edu.kz,

АЛТЫН ОРДАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ ЯСАУИ ІЛІМІ

(Қытай зерттеулері негізінде)

Аңдатпа. Алтын Орда - Жошы ұлысы негізінде құрылған мемлекет. Алтын Орда мемлекетінің хандарынан алғашқы болып Берке хан Ислам дінін қабылдады. Өзбек хан тұсында Ислам діні мемлекеттік дінге айналды. Тарихи тұрғыдан қарасақ, Алтын Орда мемлекетінің исламдану үдерісі мемлекеттік деңгейде өте жүйелі түрде жүзеге асырылды. Бұл үдерісте сопылық бағытты ұстанатын Хорезм мұсылмандарының рөлі ерекше болған. Алайда Қожа Ахмет Ясауи (1041-1166) [1; 2; 3] негізін қалаған Ясауи тариқаты маңызды рөл атқарды. Алтын Орда хандары Ислам дінін мемлекеттік дін етіп, Ясауи мектебінің ұстанымдарын мемлекеттік идеологияға айналдыру арқылы тұтас Жошы ұлысының бірлігін қамтамасыз ете алды. Ясауи ілімін ұстану арқылы көшпелі тұрмыс-салт Исламмен үндесіп ұлыстың негізін құрайтын моңғол-қыпшақ руларының қолдауына ие болды. Алтын Орда мемлекетінің ұзақ уақыт өмір сүруінің және Жошы әулеті билігінің Алтын Ордадан тарған хандықтарда да Ясауи ілімі сәулесін шашып тұрды. Көркейген ислам мәдениетімен Ясауи жолын ұстануының арқасында Алтын Орда мемлекеті парсы, орыс және тағы басқа мәдениеттерге жұтылмай түркілік реңін сақтап қалды. Мақалада Берке хан мен Өзбек хан дәуіріндегі тарихи үдерістер кеңінен қарастырылып, олардың билігі тұсында қалыптасқан саяси, діни және мәдени жетістіктерге назар аударылады. Әсіресе, Ясауи ілімін ұстану Алтын Орда мемлекетінің дамуына тигізген ықпалы ерекше атап өтіледі. Мақалада тақырыбымызға қатысты қытай зерттеулеріне айрықша мән беріліп, осы тақырыпқа қатысты қытай тарихшыларының еңбектері егжей-тегжейлі талданған. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, Берке хан мен Өзбек хан дәуіріндегі исламның таралуы, құқықтық жүйенің өзгеруі және мәдени алмасу үдерістері салыстырылып сипатталады. Бұл тәсіл тарихи деректердің объективтілігін қамтамасыз етіп, Алтын Орда тарихын тереңірек түсінуде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Алтын Орда; Ислам діні; Берке хан; Өзбек хан; Кубравийа тариқаты; Ясауи тариқаты, Ұлы жосық (Ұлы заң).

Кіріспе

Алтын Орда – Еуразиядағы ортағасырлық ірі мемлекеттердің бірі, Жошы ұлысында құрылған алғашқы ірі мемлекет. 1240 жылдары Рус кінәздіктері жаулап алынғаннан кейін, Моңғол қағанатының батыс бөлігінде қалыптасқан хандық болды. Ол қазіргі Ресей, Украина, Молдова, Орталық Азия және Кавказ аумағында орналасқан. Шарықтау кезеңінде Алтын Орда мемлекеті Шығыс Еуропадан Орал тауларынан бастап, Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі аймақтарды және тұтас Сібір жерлерін қамтыды. Оның оңтүстігі Қара теңізбен, Кавказ тауларымен және Моңғол Хулагу мемлекетінің қол астындағы Парсылар мемлекетімен шектесіп жатты.

Алтын Орда хандығының құрылуы мен оның мұрагерлік негіздері Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының иелігінде болғаны белгілі. 1235 жылы Моңғол империясының астанасы Қарақорымда өткен құрылтайда Батыс жорығының мәселелері қарастырылып, бұл жорықты ұйымдастыру міндеті Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның екінші ұлы Бату ханға жүктелді. Құрылтайда Бату бас қолбасшы ретінде тағайындалып, оған Күйік сынды Шыңғыс ханның басқа да ұрпақтары қолдау көрсетті. Осылайша, Еуропаға бағытталған ірі әскери экспедицияны жүзеге асыру жоспарланды.

1236 жылы басталған бұл жорық барысында Бату хан басқарған моңғол қосындары Еділ мен Жайық өзендерінен өтіп, Орыс және Украина жерлерін бағындырды. Одан әрі Шығыс Еуропа аумағына тереңдей еніп, бұл аймақтың елдерін талқандап, Адриат теңізінің жағалауларына дейін жетті. Бұл жаулаушылық жорықтар Моңғол империясының батыс шекараларын кеңейтіп, Жошы ұлысының негізін қалап, оның аймақтық ықпалын арттыруда шешуші рөл атқарды [3, б.128].

Еділ өзені бойында Бату ханның басшылығымен Алтын Орда мемлекеті құрылды. Бұл мемлекеттің құрамына Ертістен бастап Днестірге дейінгі кең аумақ енді. Алтын Орданың билігін Рус кінәздіктері мойындады, бұл оның аймақтағы саяси ықпалының жоғары болғанын көрсетеді. Мемлекеттің алғашқы астанасы Сарай-Бату қаласы болса, кейіннен астана Сарай-Берке қаласына көшірілді. Тарихи деректерде бұл кең көлемді аумақ «Жошы Ұлысы» деген атаумен белгілі болған, ал орыс жылнамаларында «Алтын Орда» атауы жиі кездеседі. Алтын Орда мемлекеттігі Еуразия халықтарының тарихында айрықша рөл атқарды. Бұл мемлекет көптеген аймақтарда мемлекеттілік дәстүрінің қалыптасуына ықпал етіп, моңғол, түркі және славян мәдениеттері арасындағы өзара байланыстарды нығайтты. Сонымен қатар, Алтын Орда құрлықтық Еуразия тарихының жаңа кезеңін бастауға себепкер болды, саяси, экономикалық және мәдени ықпалымен Еуразияның дамуында маңызды орын алды деуге толық негіз бар.

Алтын Орда – көпұлтты мемлекет болған, оның құрамына қоғамдық-экономикалық даму деңгейі әртүрлі, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтаған көптеген ұлттар мен халықтар енген. Алайда Жошы ұлысының негізгі құрылымы көшпелі моңғол-қыпшақ руларынан құралды. Бұл көшпелі рулардың басым бөлігін қыпшақ, қаңлы, қоңырат, найман, керей, жалайыр, маңғытт барлас және меркіт сияқты моңғол және түркі рулары құрады. Сонымен қатар,

мемлекеттің құрамына отырықшы халықтар – бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер және басқа да этностар кірді. Айта кетерлік жайт, орыстар Жошы ұлысының этникалық негізін құрамады. Олар Алтын Орда билігіне салық төлеумен ғана шектеліп, орталық билікке бағынды. Алтын Орда билеушілері бұл аймақтарды тікелей басқармаған, керісінше, жергілікті билеушілер арқылы әкімшілік бақылау жүргізген. Мемлекеттің негізгі саяси және экономикалық орталығы Қыпшақ даласы болды, ол Жошы ұлысының негізгі ордасын тіккен аймақ ретінде маңызды рөл атқарды [3, б.131].

Моңғолдар құрған Шағатай ұлысы, Жошы ұлысы негізінде құрылған Алтын Орда мемлекеті және Хулагулық Илхан мемлекеттері біртіндеп Ислам дініне өту үдерісін бастан кешті. Бұл үдеріс әртүрлі әлеуметтік және саяси факторлардың ықпалымен жүзеге асырылды, сондықтан әрбір ұлыстың исламдану қарқыны мен оның нәтижелері бір-бірінен ерекшеленді. Хулагулық Илхан мемлекеті Ислам дінін қабылдағаннан кейін саяси тұрақтылықты сақтай алмады және шамамен жарты ғасырға жетпейтін уақыт ішінде ыдырап кетті. Шағатай ұлысы Ислам дініне кешірек өтті, бұл үдеріс 1430 жылдарға дейін созылды. Алайда, исламдану аяқталғаннан кейін көп ұзамай ұлыс батыс және шығыс бөліктерге бөлініп, саяси әлсіреу кезеңіне түсті.

Алтын Орда мемлекетінің исламдану үдерісі салыстырмалы түрде жүйелі әрі тиімді жүзеге асырылды. Мемлекет Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін 180 жылдан астам уақыт бойы өмір сүріп, саяси және мәдени ықпалын сақтай алды. Шыңғыс хан әулетінің Жошы ұрпақтары билігі Алтын Ордадан тараған хандықтарда да жалғасын тапты. Осылайша, исламданғаннан кейінгі Шыңғыс хан билігінен кейінгі үш ұлыстың ішінде саяси тарихы ең ұзаққа созылғаны Алтын Орда мемлекеті екенін көруге болады. Мақалада Алтын Орда мемлекетінің исламдану үдерісі және Ясауи ілімінің мемлекеттік идеологияға айналуының трансформациясы салыстырмалы талдау және қытай зерттеулері мен тарихи дереккөздерді сараптау әдістері негізінде зерттеледі. Ясауи ілімінің мемлекеттік идеологияға айналу процесі және оның Алтын Орда мемлекетіне тигізген әсері бірнеше қырынан қарастырылып талданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада Алтын Орда дәуіріндегі исламдану үдерісі мен Ясауи ілімінің мемлекеттік идеологияға айналуын талдау үшін отандық зерттеулер және қытай, араб, орыс, түрік тіліндегі тарихи дереккөздер пайдаланылды. Мақаламызда негізінен қытай тарихшыларының Алтын Ордаға қатысты зерттеулеріне екпін қойылған. Зерттеу барысында қолданылған материалдар мен әдістер Алтын Ордадағы исламның орнығуы мен Ясауи ілімінің рөлін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау және қытай зерттеулері мен тарихи дереккөздерді сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Алтын Орда мемлекетінің исламдануының негіздері

Бату ханның билігімен тығыз байланысты. Бату хан, Шыңғыс ханның немересі және Жошы ханның екінші ұлы, өзі мұсылман болмаса да, Шыңғыс ханның «Ұлы жосық» (Ұлы заң) аясында бекітілген діни толеранттық саясатты

ұстанды. Бұл саясатқа сәйкес, Бату хан барлық діндерге бірдей көзқарас танытып, еркін діни саясат жүргізді. Осыған байланысты, оның билігі кезінде мұсылмандардың өмірі қалыпты әрі бейбіт болды. Жузжанидың XIII ғасырда жазылған «Табақат-и Насири» еңбегінде Бату ханның мұсылмандардың досы болғаны жазылады. Сондай-ақ турашыл әрі әділ саясаткер ретінде сипатталады. Бату ханның уақытында және оның билігінің жалғасуы барысында Алтын Ордадағы мұсылмандарға көптеген қолдаулар көрсетілген. Оның қоныстарында мешіттер салынған және мұсылман ғалымдарының ықпалы арта түскен. Мәселен, Бату ханның саясаты мұсылман ғалымдарының арасында үлкен құрметке ие болып, олардың қолдауына себеп болған. Бату ханның басқаруында Түркістан өлкесіндегі мұсылмандар тату-тәтті өмір сүріп, исламның таралуына қолайлы жағдай жасалған (бұл жердегі «Түркістан өлкесі» деп Жаң Вндының меңзеп отырған географиялық кеңістігі - Хорезм аймағы.) [4, б.55].

Қызығушылық туғызатын тағы бір факт, Бату ханның өз басы шамандық сенімді ұстанған, өлгенде шамандық салты бойынша жерленген. Сөйте тұра, Бату ханның мемлекеттік саясаты Алтын Ордада мұсылмандықтың кеңінен таралуына жол ашты. Алтын Ордада исламның таралуы Бату ханның қамқорлығымен басталды деп айтуға толық негіз бар. Оның билігі кезінде және одан кейінгі кезеңде Алтын Ордадағы мұсылмандардың саны артты, мұсылмандық мәдениет пен дін өмірде кеңінен орын алды. Осылайша, Бату ханның исламға деген қолдауы мен оның саясаты Алтын Орда мемлекетінің исламдануының негізін қалауға ықпал етті. Ясауи ілімінің де Алтын Ордада кең таралуы осы кезеңге сәйкес келеді, себебі Бату ханның дінге деген жұмсақ саясатының арқасында Ислам дінінің ықпалы оның мемлекетінде терең тамыр жайып, Ясауи ілімі негізінде мұсылмандық танымның іргетасы мықтап қалана түсті.

Алтын Ордадағы исламдану процесі және Ясауи іліміне сұраныстың артуы

Бату ханнан кейін Жошы ұлысында тақ таласы орын алған еді. Бұл кезеңде христиан дінін ұстанатын Сартақ пен Ұлақшы секілді екі ханнан кейін билікке келген Берке хан (1209-1266) Жошы ұлысындағы саяси дағдарысқа уақытша нүкте қойды. Осы кезеңдегі Жошы ұлысының тақ таласын парсы тарихшысы Жузжанидің «Табақат ән-Насири» атты еңбегіне сүйене отырып, қазақ тарихшысы М. Сапарғалиев бұл процесстерді діндер арасындағы тартыс ретінде сипаттайды [5, б. 56]. Алтын Орда мемлекеті ішіндегі саяси-рухани процестерге тереңірек талдау жасай отырып, Жузжанидың пікірінің негізсіз еместігін аңғаруға болады. Өйткені, Алтын Ордадай ірі мемлекеттің түрлі аймақтарында халықтар арасында діни сенімдердегі айырмашылықтар орын алғаны белгілі. Бұл өңірлерді басқарған Жошы ұрпақтарының әртүрлі діни ықпалдардың әсеріне ұшырауы табиғи құбылыс еді.

Қытайдың Орталық Азия тарихын зерттеушісі Жаң Вды (张文德) «Орталық Азиядағы Кубравийа тариқатына талдау» (中亚库布拉维教团述论) атты зерттеуінде Алтын Орда мемлекетінің исламдануы ұғымын негізінен Алтын Орда құрамындағы көшпелілерінің исламдану процесі ретінде анық көрсеткен. Жошы ұлысының моңғол-қыпшақ руларын негіз ретінде алғандығын Зардыхан

Қинаятұлының зерттеулері негізінде жоғарыда көрсеттік. Моңғол шапқыншылығына дейін Алтын Орда құрамындағы Хорезм, Болғар, Солтүстік Кавказ өңірлері халқының басым көпшілігі мұсылмандықты қабылдаған болатын. Себебі аталған аймақтарда сопылық ілімді меңгерген шайхтар мен молдалар көптеп кездесетін. Наджмад-дин Кубра негізін қалаған Кубравийа тариқаты да осы өңірлерде кең тарады. Біз сөз етіп отырған аймақтар Алтын Орда мемлекетінің исламдану процесінде маңызды рөл атқарды. Негізінде Алтын Орда мемлекетінің исламдану үдерісінің көшбасшылары сопылар болатын [6, б.46].

Берке хан Алтын Орда мемлекетінде 1257-1266 жылдар аралығында билік жүргізген және ол Алтын Ордадағы Ислам дінін қабылдаған алғашқы хан болып саналады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықты мұсылмандыққа тарту мақсатында алдымен олардың билеушілері мен ру басшыларына дін уағыздалды. 14 ғасырдағы араб тарихшысы Ибн Баттутаның жазбаларына сүйенсек, мұсылмандықты қабылдаған Берке хан Наджм ад-дин Кубра негізін қалаған Кубравийа тариқатының сопыларымен тығыз байланыста болып, олардың ықпалына көп түскен. Берке хан осы тариқаттың ілімін өз ұлыс аумағында кеңінен таратуға күш салды, бұл үдерісте мешіттер мен медреселердің салынуы үлкен рөл атқарды. Берке ханның Ислам дінін қабылдау саясаты тек діни тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік салада да маңызды өзгерістерге алып келді. Мұның бәрі Алтын Ордадағы мұсылмандықтың нығаюына және сопылық ілімнің кеңінен таралуына жол ашты [4, б.56].

Қытайлық зерттеуші Жаң Внды (张文德) өзінің «Алтын Орданың исламдануы» (论金帐汗国的伊斯兰化) атты мақаласында Алтын Ордадағы исламдану процесін талдай келе, Берке ханның Ислам дінін қабылдауын саяси-экономикалық факторлардың әсерімен байланыстырады. Оның пікірінше, «*Берке хан исламды қабылдағанымен, бұл тек бірқатар мешіттер мен медреселердің салынуына негіз болды, бірақ исламды насихаттау мақсатында кең ауқымды шаралар атқарылған жоқ. Сондай-ақ, ол исламды қабылдағанымен, өзінен кейін мұсылман ізбасар қалдырмаған*» [4, б.57].

Берке ханның билігі кезінде ислам діні Алтын Орда аумағында кең таралмаған, тек билеуші топ өкілдері арасында ғана шектелген. Бұдан басқа, Берке хан Самарқанд христиандарын жою туралы бұйрық Беркендігі туралы деректер де бар (Греков, Якубовский, 1985:35). Бұл әрекет Шыңғыс ханның «Ұлы жосық» (Ұлы заң) аясында бекітілген діни толеранттылық саясатына қайшы келіп, барлық діндерге бірдей мәміле жасау ұстанымын бұзған.

Қазақстандық тарихшы, Зікірия Жандарбеков өзінің зерттеулерінде Берке ханның Жошы ұлысын исламдандыру мақсатындағы әрекеттерінің жекелеген топтар тарапынан қолдау тапқанымен, жалпы халық арасында кеңінен қолдау көрмегендігін атап өтеді. Оның пікірінше, *бұл* жағдайдың себебі *«...Ислам дінінің Берке хан ұстанған бағыты - Наджм ад-дин Кубра негізін қалаған Кубравийа тариқатының моңғол-түркі халықтарының рухани дүниесіне жат болуында жатыр. Бұл тариқаттың ілімі мен әдіс-тәсілдері осы халықтардың дәстүрлі наным-сенімдерімен толық үйлеспей, оның қабылдануына кедергі келтірді»* [5, б.60].

Берке ханның билігі кезінде исламның Алтын Орда аумағында кең таралмағаны, тек белгілі бір топтардың арасында ғана орныққаны байқалады. Сонымен бірге, Берке ханнан кейін Алтын Орда хандарының барлығы бірдей мұсылман болмаса да, олардың діни төзімділік саясаты исламның Алтын Ордада таралуына объективті түрде тиімді әсерін тигізді. Бұл жағдай Өзбек ханның (1312-1340 жылдары билік құрған) исламды мемлекеттік дін ретінде орнықтыруының әлеуметтік негізін қалады. Өзбек ханның бұл саясаты Алтын Ордадағы мұсылмандықтың нығаюына және оның кеңінен таралуына ықпал етті, бұл үрдіс сол уақыттағы саяси-әлеуметтік өзгерістер мен діни трансформацияның маңызды кезеңі болды.

Алтын Ордадағы исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуы және Ясауи ілімінің мемлекеттік идеологияға айналуы

Ортағасырлық тарихшылардың еңбектеріне сүйенсек, 1312-1313 жылдары Алтын Орда тағына жас әрі жігерлі Өзбек хан (1280 - 1341) көтерілген. Ол билікке келгеннен кейін Ислам дінін мемлекеттік дін деңгейіне көтеріп, Ясауи ілімін Алтын Орда мемлекетінің ресми идеологиясына айналдырды. Деректер бойынша, Өзбек хан исламды Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған Ясауи сопылық тариқатының өкілдерінен қабылдаған [8, б. 280]. Өзбек ханның ислам дінін қабылдауы Алтын Ордада діни-саяси өзгерістердің негізін қалап, мемлекеттің әлеуметтік құрылымында маңызды өзгерістерге әкелді. Сонымен қатар, Өзбек хан кейіннен Сұлтан Мұхаммед есімін алып, исламды одан әрі дәріптеді және оның саяси билігінде діни идеологияның кеңінен таралуына ықпал етті.

Өзбек хан 1320 жылы Ислам дінін Ясауи мектебінің шейхтарының бірі саналатын Зеңгі бабаның шәкірті Сейіт атадан қабылдаған (СМИЗО, 1941:206). Қытай тарихшысы Ли Исиннің (李一新) «Өзбек хан кезеңіндегі Қыпшақ хандығының исламдануы» (月即别时期钦察汗国的伊斯兰教化) атты тарихи зерттеулерін негізге алсақ, Өзбек ханның билікке келуі оның діни сенімімен тікелей байланысты болған. Бұл үдеріс әмір Құтлұқтемірдің (Hutulu Temür, 忽都鲁帖木儿) қолдауымен жүзеге асқан [9, б. 242].

Қытайдың ұлты моңғол тарихшысы Чин Жилетудының (新吉乐图) «Моңғолдардың исламдануы туралы» (伊斯兰化蒙古概论) зерттеулеріне сүйенсек, Өзбек ханның билігі кезінде Ислам діні Шығыс пен Батыс арасындағы ұлан-байтақ аймақта, яғни Қытай мен Еуропа арасында кеңінен таралған. Өзбек ханның билігі тұсында Алтын Орда мемлекетінің өндірістік қуатының артуы, әскери күшінің нығаюы және мемлекеттің халықаралық аренадағы абыройының өсуі байқалады. Бұл кезеңде Алтын Ордада Ислам дінінің саяси және мәдени негізде нығаюы мен кең таралуы маңызды факторға айналды, және мемлекет ішіндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ықпал етті [10, б. 64].

Тарихшы Зікрия Жандарбеков зерттеулерінде Өзбек ханның билігі кезінде Жошы ұлысы халықтарының рухани-мәдени бірлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарған Ясауи тариқатының өкілдерінің ерекше орнын атап көрсетеді. Оның пікірінше, Ясауи тариқаты ұлыстың негізгі ұйыстырушы күшіне айналып, оның мәдени және діни тұтастығын нығайтуда шешуші фактор болған [9, б. 82]. Өзбек

ханның кезінде Қожа Ахмет Ясауи тариқаты ерекше қолдауға ие болып, Алтын Ордада исламның терең мәдени және діни ықпалының кеңеюіне зор үлес қосты. Бұл тариқат бұрыннан өзіне тән ықпалы бар аймақтарда кең тарағанымен, Өзбек ханның билігі тұсында оның әсері одан әрі күшейіп, Алтын Ордадағы Ислам мәдениетінің негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Исламды алғаш қабылдаған Берке хан болғанымен, Ислам діні арада жарты ғасырдан көп уақыт өткеннен кейін Өзбек ханның тұсында ғана мемлекеттік дін ретінде бекітілді. Өзбек ханның саясаты мен исламды мемлекеттік дін ретінде енгізуі Алтын Ордадағы ислам мәдениетінің қалыптасуына және оның кең таралуына мүмкіндік берді, бұл Алтын Орда мемлекетінің діни және мәдени дамуына елеулі ықпал жасады.

Алтын Орда мемлекетінің Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін жеткен жетістіктері

Өзбек ханның тұсында Алтын Ордада ислам дінінің мемлекеттік дінге айналуы мен Қожа Ахмет Ясауи ілімінің Алтын Орда мемлекетінің ресми идеологиясына айналуы мемлекет үшін маңызды саяси, мәдени және әлеуметтік жетістіктерге жол ашты. Ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы мемлекетте саяси тұрақтылық пен бірлік қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Осы кезеңде исламды қабылдаудың нәтижесінде халық арасында діни тұтастық нығайып, ұлттар мен этностар арасында рухани байланыстар күшейді. Ясауи ілімінің кең таралуы мен оның мемлекеттік идеологияға айналуы халықтың моральдық және этикалық құндылықтарын қайта қарастыруға, қоғамның рухани дамуына және мәдени өркендеуіне ықпал етті. Бұл өзгерістердің нәтижесінде Алтын Ордада ислам мәдениетінің елеулі салт-дәстүрлері мен ғұрыптары орнығып, қоғамның рухани-мәдени өмірі сапалық тұрғыда жаңа деңгейге көтерілді. Мемлекет ішінде исламның діни нормалары мен шариғат талаптары іске қосылып, қоғамның құқықтық жүйесі мен әлеуметтік құрылымы жаңартылды. Ясауи тариқатының ықпалы арқылы сопылық ілім мен практикалық діни тәжірибе халық арасында кеңінен таралып, адамдардың дүниетанымы мен көзқарастарында өзгерістер орын алды.

1. Өзбек ханның билігі кезінде исламның мемлекеттік дін болып бекітілуі Алтын Орда мемлекетінің халықаралық аренада беделін арттырды. Ислам әлемімен тығыз байланыстар орнатылды, бұл сауда, мәдени алмасу және саяси ықпал тұрғысынан мемлекеттің қуатын арттырды. Алтын Орда өзінің саяси және экономикалық күш-қуатын нығайта отырып, ислам мәдениетінің, әсіресе Ясауи ілімінің кең таралуына мүмкіндік берді. Бұл процестер Алтын Ордадағы мемлекетаралық қатынастарды да нығайтып, мемлекетке сыртқы және ішкі саяси тұрақтылық әкелді. Өзбек ханның исламды мемлекеттік дін ретінде енгізуі мен Ясауи ілімін идеология ретінде қабылдауы арқылы мемлекет өзінің ішкі бірлігін нығайтып қана қоймай, сондай-ақ сыртқы әлемде күшті әрі беделді мемлекет ретінде танылды. Бұл кезеңде Алтын Орда мәдениетінің гүлденуі, оның көркемөнер саласында жетістіктерге жетуі, исламның теориялық және практикалық аспектілерінің тереңдеп дамуымен сипатталды. Өзбек ханның билік құрған дәуірінде Қытайдың Мин әулеті кезеңінде Сун Лиан (宋濂) құрастырған «Юань тарихы» (元史) жинағына сүйенсек, Құбылай құрған Юань әулеті мен

Алтын Орданың қарым-қатынастары Өзбек хан дәуірінен бастап айтарлықтай жақсарған. Мысалы, нақты деректерге жүгінсек, 1330 жылы Юань әулетінің императоры Юань Вэнцзун (元文宗) мен Алтын Орданың билеушісі Өзбек хан өзара елшілер алмасып, құрмет көрсету дәстүрін жалғастырған [11, б. 629-761]. Алтын Орда мен Юань әулеті арасындағы экономика, сауда және түрлі саладағы байланыстардың нығаюы нәтижесінде қытайлар батыс әлемін тереңірек тани бастаған. Сонымен қатар, бұл байланыстар еуропалық елдермен қатынастардың дамуына ықпал еткен [13, б. 40]. Осы мәліметтер Алтын Орда ханы Өзбек ханның мұсылмандықта сопылықтың ясауилік бағыттын ұстана отырып, батыс пен шығыс елдері арасындағы экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

2. Алтын Орда мемлекетінің исламдануы мен моңғол-қыпшақ көшпелілерінің жаппай мұсылмандыққа бет бұруы барысында маңызды рөл атқарған факторлардың бірі – Ислам дінінің көшпелі өмір салтына бейімделу мүмкіндігі. Жаң Внды (张文德) «Алтын Орданың исламдануы» (金帐汗国的伊斯兰化) атты зерттеуінде мұсылмандықтың көшпелілерге ыңғайлы болуын атап көрсетеді. Оның пікірінше, исламда күрделі діни рәсімдер мен құрылыстардың болмауы, храмдар мен пұттардың қажет етілмей, қарапайым мешіттердің жеткілікті болуы, ислам дінін көшпелі халықтарға қабылдауға жеңілдетті. Жаң Внды ислам өркениетінің көшпелілердің өмір салтына бейімделуі арқылы Алтын Орда мемлекетінің ұзақ уақыт бойы өмір сүруінің негізін қалады деп қорытындылайды [4, б. 58]. Бұл жерде Жаң Внды исламның көшпелілердің өмір салтына бейімделуін атап көрсеткенімен, Ясауи тариқатының ерекше маңызы жөнінде тікелей айтпаған. Алайда, Ясауи тариқатының көшпелі тұрмысқа бейімделгендігі мен оның Алтын Орда мемлекетінің идеологиясына айналуы айқын факті. Ясауи ілімі көшпелі халықтың рухани дүниесіне терең еніп, олардың әлеуметтік және мәдени құрылымымен үйлесім тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи тариқатының ықпалын Жошы ұлысының ұстанған діндері мен мәдениетінің табиғи жалғасы ретінде қарастыруға болады. Алтын Орда мен оның құрамындағы мемлекеттерде Ясауи ілімінің таралуы мен қолдау табуы осы кезеңдегі қоғамның рухани бірлігін қалыптастыра алатын ілім ретінде мемлекеттерді мойындата алғаны әрине ерекше назар аударатын дүние.

3. Алтын Орда мемлекетінің негізін қалаған моңғол-қыпшақ руларындағы ортақ қасиет – көшпелі мәдениеттің өкілі болуында жатқанын ескерсек, Ясауи ілімінің осы мәдениетпен үйлесім табуы табиғи заңдылық. Ясауи ілімінің көшпелі тұрмыс салтына бейімделуі оның мемлекеттік идеологияға айналуына мүмкіндік берді. Бұл ілімнің Алтын Орда мен оған бағынышты хандықтарда да кең таралуы Шыңғыс-Жошы әулеттерінің билігінің ұзаққа созылуына ықпал етті. Ясауи ілімінің Алтын Орда мемлекетінің идеологиясына айналуы осы әулеттің руханимәдени негізін қалыптастырып, мемлекет ішіндегі бірлікті нығайтты. Ясауи ілімінің бұл бейімделуі Алтын Орда мемлекетінің дін мен мәдениет саласындағы тұрақтылығын қамтамасыз етті. Осылайша, Ясауи тариқатының ықпалы тек діни-сопылық дүниетанымның ғана емес, сонымен қатар саяси және әлеуметтік құрылымның нығаюына, көшпелі өмір салтын ұстанған халықтардың біртұтас

рухани және мәдени жүйеге бірігуіне себеп болды. Алтын Орда мемлекетінде Ясауи ілімінің мемлекеттік идеология ретінде қабылдануы осы мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтап, дамуына серпін берді.

4. Алтын Орда мемлекетінің исламдануы Хулагу әулетінің Елхандар (Илхандар немесе Хулагу әулеті) мемлекетімен айтарлықтай ерекшеленеді. Елхамдар мемлекетінде исламды қабылдау халифаттың заңдары мен қатаң талаптарына сәйкес жүргізілді, ал Алтын Ордада исламның қабылдануы мен таралуы әлдеқайда жұмсақ болды. Алтын Ордада мұсылмандық сана радикалдыққа бейім болмай, керісінше, вассал халықтардың діни сенімдеріне қолдау көрсетуімен ерекшеленді. Моңғол шапқыншылығына дейін Русь халқының өмірінде христиандандыру процесінің ықпалы мардымсыз болды. Сол кезеңде бұл дін негізінен қала тұрғындары арасында таралды және халықтың аз ғана бір бөлігін қамтыды. 13 ғасырға дейін діни қызметкерлер мен монахтар көбінесе жоғарғы тап өкілдері мен қалалықтарға қызмет етті. Алайда, Алтын Орда дәуірінде монастырлар қалалардан ауылдық жерлерге, өркениетті аймақтардан шалғай өңірлерге дейін кеңейе бастады. Бұл үрдіс аймақтық әлеуметтік-мәдени өзгерістерге ықпал етті [13, б. 77].

5. Алтын Орда мемлекеті мен ислам өркениеті дамыған Иран және басқа да мұсылман елдерімен салыстырғанда, исламның Алтын Ордадағы таралуы біршама баяу жүрді. Академик В. В. Бартольд Алтын Ордадағы саяси биліктің 200 жылдан астам уақыт бойы бір әулеттің қолында болуын көшпелі қоғамдардың тарихындағы сирек құбылыс ретінде бағалаған. Ол бұл ұзақ уақыттық билікті Алтын Ордадағы көшпелілердің жауынгерлік дәстүрінің сақталуымен және көшпелі құрылымдардың әсерімен байланыстырады. Алтын Ордада саяси тұрақтылықтың сақталуы мен биліктің ұзақ уақыт бойы бір әулеттің қолында болуы, көбінесе олардың әскерлік дәстүрлері мен қоғамның көшпелі өмір салтымен үйлесім тапқандығының нәтижесі болды. Бұл ерекшеліктер, сондай-ақ Алтын Ордадағы исламдану үдерісінің басқа мұсылмандық мемлекеттерден өзгеше сипатын көрсетеді. Алтын Ордада исламның таралуы тек қана діни емес, сонымен қатар әлеуметтік-саяси факторлармен де тығыз байланысты болды, бұл өз кезегінде елдің мәдени және идеологиялық дамуына үлкен серпін берген құбылыс.

6. Алтын Орданың мемлекет басқару жүйесі Өзбек ханның билігі кезінде айтарлықтай дамуға қол жеткізді. Өзбек хан исламды қабылдағаннан кейін ресми түрде Мұхаммед Сұлтан Өзбек хан деген атаққа ие болды және бірқатар саясі-әкімшілік реформалар жүргізді. Оның тұсында Алтын Орданың түркі-моңғолдық басқару жүйесіне мұсылман мүфтилері мен қазылары енгізілді, бұл мемлекет басқару ісіне исламдық құқық нормаларын ықпалдастырудың маңызды қадамы болды. Өзбек ханның билігі кезінде исламдық құқық пен Шыңғыс ханның «Ұлы жосық» (Ұлы заң) жүйесінің қатар қолданылғаны айрықша назар аударады. Бұл кезеңде сахара халықтарының дәстүрлері мен ислам заңдарының үйлесімді түрде қатар жүруі мемлекеттік басқарудың ерекше моделі ретінде сипатталды (Уаң Шаулин, Сай Бин, 2014: 39). Өзбек хан толеранттылық саясатын ұстанып, еркін діни саясат жүргізді. Бұл саясаттың негізінде ислам қазылары мен халықтық қазылардың заң жүйесін бірлесе басқаруы жатты. Бұл тәжірибенің айқын көрінісі

Хорезм аймағында байқалды. Хорезм тарихында ерекше тұлғалардың бірі – Нағанбай би[2]. Ол Өзбек ханның қайын атасы әрі ұлығбегі ретінде Алтын Ордадағы ханнан кейінгі екінші маңызды лауазымды иеленді. Оның міндеттеріне бас қолбасшылық пен сыртқы істер уәзірі қызметтері қоса кірді. Сонымен қатар, ол Хорезм өлкесінің билеушісі және қоңыраттардың ұлыс бегі ретінде танылды. Хорезм тарихында Әмір Нағанбайдай ықпалды тұлға болмағаны атап өтіледі. Оның басқару ісіндегі маңызды ерекшеліктерінің бірі – күн сайын сот қазыларын арнайы қабылдап, олардың қызметі жөнінде есеп алып отыруы болды (Әбусейітова, 2006: 263). Алтын Орда дәуірінде Ислам діні мемлекеттік дін ретінде танылып, ислам сот жүйесінің қалыптасуы мен қызмет етуі маңызды орын алды. Қытай ғалымдары Уаң Шаулин мен Сай Биннің (王绍林，蔡斌) Алтын Орданың Өзбек ханы туралы зерттеулеріне (金帐汗国月即别) сүйенсек, Өзбек хан билігі кезінде ислам заңдары мен Шыңғыс ханның «Ұлы жосығы» (Ұлы заңы) қатар қолданылған. Қазақ тарихшысы Бүркітбай Аяғанның «Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті тарихы» атты дәріс жинағында көрсетілгендей, «Ұлы жосық» шариғат ережелерімен толықтырылып, дәстүрлі құқықтық нормалармен бірге мемлекеттік қолданыста болған. Бұл деректер Өзбек хан дәуірінде сахара халықтарының құқықтық жүйесінде Шыңғыс ханның «Ұлы жосығы» ислам шариғатымен ұштастырылғанын дәлелдейді [12, б. 39; 14, б. 49].

7. Бұл құбылыс Алтын Орда мемлекетінің исламдануынан кейін де тек қана діни құқықтық негіздерге сүйенбегенін көрсетеді. Мемлекет құрылымы көпқырлы болып, зайырлы және дәстүрлі элементтерді сақтап қалды. Бұл жағдай, біріншіден, Алтын Орданың исламды ресми дін ретінде қабылдағаннан кейін де діни фанатизмге ұшырамай, кеңейтілген құқықтық жүйені сақтағанын айғақтайды. Мемлекеттік басқарудағы құқықтық нормалар ислам шариғатымен қатар, сахара халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық дәстүрлеріне де негізделді (Saifunov and et al. 2024). Осылайша, Алтын Орда билігі ислам діні мен жергілікті халықтың құндылықтарын үйлесімді түрде біріктіре алды. Екіншіден, бұл факт Алтын Орданың исламданғаннан кейін де сахара халықтарының құндылықтарын жоғары бағалағанын дәлелдейді. Мұндай саясаттың негізінде Исламның дәстүрлі түркілік дүниетанымммен, әсіресе, Ясауидің даналық ілімімен тығыз байланысы жатыр. Ясауи ілімінің Алтын Орда дәуірінде таралуы исламдық құндылықтардың жергілікті мәдениетпен үйлесімді интеграциялануына ықпал етті. Сопылық ілімнің өзіне тән толеранттылық принциптері мен рухани дәстүрлері осы кезеңдегі мемлекеттік идеологияның маңызды элементіне айналды. Жалпы, Алтын Орда исламды қабылдағаннан кейінгі кезеңде діни-рухани және құқықтық салаларда өзіндік синтезге қол жеткізіп, ислам діні мен сахара халықтарының дәстүрлерін қатар ұштастыра білген ерекше мемлекет ретінде сипатталады.

8. Моңғолдардың батысқа қоныс аударуы олардың түркітену процесіне жол ашты. Қытайдың моңғол тарихшысы Чин Жилету «Моңғолдардың

[2] Нағанбай би (1298-1361 жж), Алтын Орда мемлекетінің рухани жетекшісі, діни көшбасшы тұлғасы .Шығу тегі Қоңырат бірлестігіне тән.

исламдануы туралы жалпы шолу» (伊斯兰化蒙古概论) атты зерттеуінде «*XIV ғасырдың ортасынан кейін батысқа бет алған моңғолдардың әрекеттері хандықтардың түркіленуіне елеулі ықпал етті. Моңғолдардың батысқа жасаған жорықтары нәтижесінде Қыпшақ даласына қоныс аударуы, кейіннен олардың бірнеше жергілікті тайпалармен араласуына алып келді. Негізінен, батысқа жылжыған моңғолдар қатарында Қоңырат және Маңғыт сияқты екі ірі моңғол тайпасы ерекше рөл атқарды. Моңғол тайпалары өздерінің бастапқы моңғол сахарасындағы тайпалық құрылымдарын жоғалтқанымен, Қыпшақ даласында жаңа, ірі тайпалық бірлестіктерді қалыптастырды. Бұл үдеріс моңғолдардың ислам дінін қабылдауымен тығыз байланысты болды. Исламдану нәтижесінде моңғол тайпалары еуразиялық кеңістікте маңызды тарихи процестердің қатысушысына айналды және өзіндік ерекшеліктерімен ислам әлемінің тарихына тың беттер қосты»* [15, б. 66].

XIV ғасырдың ортасында моңғолдардың кең көлемді түркітену үдерісі қарқын алды. Чин Жилетудың зерттеулерінде көрсетілгендей, бұл кезеңде моңғолдар арасында діни нанымдардың өзгеруі мен жергілікті халықтардың мәдениетімен араласу үдерістері белсенді жүрді. Мұндай өзгерістер моңғол тайпаларының жаулап алған байырғы халықтармен өзара ықпалдасуына жағдай туғызды. Бұл өзара ықпалдастық олардың діни сенімдері мен өркениеттік тұрғыдан жаңа бағытқа бет бұруына себеп болды. Батыс Моңғол хандығы (Алтын Орда) аймағындағы моңғолдардың діни сенімдері ғана емес, сонымен бірге мәдени және өркениеттік құрылымдары да түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Олар біртіндеп ислам дінін қабылдап, түркітік өркениетпен астасып, жаңа этномәдени сипатты иеленді. Бұл үдеріс моңғолдардың ислам әлемімен жақындасып, түркі халықтарының біртұтас өркениеттік кеңістігіне қосылуына ықпал етті. Екпін қойып айтар болсақ, моңғолдардың батысқа қоныс аударуы тек географиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге олардың этномәдени және діни құрылымдарының өзгеруіне негіз қалап, ислам өркениетімен және түркі өркениетімен тығыз интеграциялану процесін жеделдетті.

Қытай тарихшысы Чин Жилетудың пікірінше, XIV-XV ғасырлардағы моңғолдардың түркітену процесі кейінгі кезеңдерде Өзбек хан (1280 - 1341), Мұхаммед Шайбани хан (1451 - 1510), Әмір Темір Тарағай Барлас 1336 - 1405), Мұхаммед Жалалуддин Бабыр (1483 - 1530) секілді ұлы билеушілер мен батырлардың моңғол тектерін сақтап қалуында ешқандай кедергі болмады. Осылайша, Чин Жилетудың айтуынша, түркітенген моңғолдардың тарихы бүгінгі күні моңғол тарихымен тығыз байланысты болып, оған енуі қажет деп саналады [15, б. 66]. Бұл пікір моңғолдардың түркітену үдерісінің олардың тарихи тұлғалық бейнесіне әсерін тигізгенін көрсетеді. Бұл жерде айта кететін маңызды жәйт, қоңырат, найман, керей, жалайыр, меркіт, маңғыт сияқты руларды Қытай тарихшылары көбінесе моңғол руларының құрамына жатқызады. Бұл рулардың тарихи негізі мен құрылымы олардың моңғол-түркі қоғамына ортақ екенін көрсетеді. Сондықтан, бұл тайпалар әрқашан сахарадағы моңғол мен түркі халықтарының бірлескен тайпалық қауымдастығының бөлігі болып саналған. Моңғолдар мен түркітердің араласуы нәтижесінде қалыптасқан бұл рулардың

Алтын Орда құрамына кіргеннен кейін де өздерінің этникалық және мәдени ерекшеліктерін сақтап қалуы тарихшылардың назарын аударады. Алтын Орда кезеңінде жоғарыда атап өткен рулардың сақталуына және олардың тарихи мәдени мәнінің тереңдеуіне Ясауи ілімінің зор ықпалы болды. Ясауи ілімі, әсіресе, түркі халықтарының рухани өміріне айтарлықтай әсер етіп, олардың этникалық және мәдени бірегейліктерін сақтауға септігін тигізді. Ясауидің сопылық мұрасы, оның діни құндылықтары мен дүниетанымдық принциптері осы рулардың діни-мәдени құрылымдарының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Ясауи ілімінің әсерінен бұл рулар ислам дініне қабылдауымен қатар, өздерінің ежелгі түркі дәстүрлерін де жоғалтпай, оларды жаңа діни-мәдени контексте сақтай білді. Осылайша, моңғол-түркі қоғамының интеграциялық процесі мен оның тарихи және мәдени құрылымдарының сақталуы, сондай-ақ Ясауи ілімінің рөлі осы кезеңдегі әлеуметтік-мәдени трансформацияның маңызды факторлары ретінде қарастырылуы тиіс [16, б. 132]. Моңғолдардың түркітену үдерісі мен олардың өз этникалық руларын сақтап қалуы, исламның түркілік дәстүрлермен үйлесуінің және Ясауи ілімінің тарихи контекстіндегі маңызы зор болды.

7. Түркі тілінің кең таралуына Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған Ясауи тариқатының ықпалы айрықша болды. Деректерге сүйенсек, Ясауи тариқатының ілімі сахарадағы моңғол-қыпшақ қауымдарына Хорезм өлкесіндегі білім беру ошақтары арқылы тарады. Өзбек ханның билігі кезеңінен бастап, Алтын Орда мемлекетінде Ясауи тариқаты белсенді миссионерлік қызмет атқарып, діни және рухани бағыт-бағдар беретін маңызды институтқа айналды. Өзбек хан тұсында сопы-шайхтардың қоғамдағы ықпалы айтарлықтай артып, олардың қызмет аясы бірнеше бағытта кеңейтілді. Біріншіден, сопы-шайхтар билеушілерге рухани тұрғыдан ықпал ету арқылы мемлекеттік басқаруда маңызды рөл атқарды. Олар әкімшілік және діни мәселелер бойынша билеушілерге кеңес беріп, олардың саяси және діни шешімдеріне бағыт-бағдар көрсетті. Екіншіден, олардың ықпалы исламдық білім беру мен мәдени мекемелердің дамуына жол ашты. Бұл кезеңде Алтын Орда аумағында мешіттер мен медреселердің саны айтарлықтай көбейді. Исламдық сопылық білім беру жүйесі қалыптасып, оған қаржылай қолдау көрсетілді. Мешіттер жанынан медреселер мен басқа да білім беру орталықтарының ашылуы халықтың діни және зайырлы сауаттылығын арттырып, білім беру саласында жаңа деңгейге жол ашты. Бұл процестер түркі тілінің кең көлемде таралуына және қолданылуына үлкен үлес қосты. Жаң Вндының зерттеулеріне сүйенсек «*Алтын Орда дәуірінде мешіттер мен медреселерде түркі тілі білім беру мен діни ілімді таратудың негізгі құралына айналды.*» [4, б. 58]. Бұл тілдің мәдени және ғылыми өмірдегі рөлін күшейтіп, оны бүкіл аймақтағы негізгі қарым-қатынас құралына айналдырды. Сонымен қатар, Алтын Ордада әдебиет пен ғылым саласында ерекше өрлеу байқалды. Әдеби шығармашылық Ясауи тариқатының сопылық рухани мұрасымен байытылып, жаңа мазмұндық және тақырыптық бағыттарды қамтыды. Сопылық ілімнің әдебиетке әсері тек діни мазмұнда ғана емес, сондай-ақ адамның рухани ізденістерін, адамгершілік құндылықтарды және қоғамның рухани дамуын қамтитын шығармаларда көрініс тапты. Алтын Орда дәуірінде Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған тариқаттың ықпалымен түркі тілі исламдық білім беру, әдебиет

және ғылым салаларының негізгі тіліне айналды. Бұл түркі тілінің Еуразия кеңістігінде кеңінен таралуы мен оның мәдени ықпалының артуына зор үлес қосты.

8. Ибн Баттутаның естеліктері Алтын Орда дәуіріндегі тілдік және діни үдерістердің өзара тығыз байланысын айқын сипаттайды. Ол өз жазбаларында Алтын Орда аумағындағы жергілікті халықтың әуелі араб тілінде, содан кейін түркі және парсы тілдерінде Құран аяттарын және діни мазмұндағы жырларды оқығанын атап өтеді [17, б. 329]. Бұл дерек Алтын Ордада ислам дінінің таралуы барысында бірнеше тілдің маңызды рөл атқарғанын, олардың діни және мәдени ықпалдастықты қалыптастырудағы маңызын көрсетеді. Алайда, ислам дінін насихаттау мен тарату ісінде түркі тілі ең көп қолданылған негізгі құралға айналған. Бұл құбылыс Ясауи тариқатының қызметімен тікелей байланысты болды. Ясауи тариқатының сопылары ислам дінін халыққа түркі тілінде түсіндіріп, оның негізгі қағидаттарын жеткізуде ерекше белсенділік танытты [18, б. 66]. Олардың қажырлы еңбегінің арқасында көшпелі түркі халықтары өз ана тілінде исламның ілімімен және құндылықтарымен таныса алды. Бұл үдеріс исламның көшпелілер өмір салтына табиғи түрде енуіне жағдай жасап, түркі тілінің діни ілім мен мәдени мұраны жеткізудегі шешуші рөлін айқындады. Сонымен қатар, Алтын Ордада ислам дінін насихаттаушылардың басым бөлігі исламның терең ілімдерін меңгерген түркілер болды. Бұл жағдай ислам дінін тарату барысында түркі тілінің басты құралға айналуына мүмкіндік берді. Түркі тілі исламдық білім беру мен мәдениетті таратуда ғана емес, сонымен бірге ислам өркениетінің тұтастай бір бөлігі ретінде қалыптасты. Түркі тілінде діни мәтіндерді түсіндіру арқылы көшпелі қоғамның рухани санасы мен мәдени құндылықтарына ықпал етті.

Түркі тілінің Алтын Орда аумағында мұндай кең таралуы және ислам дінін таратудағы рөлі моңғол халқының да тілдік және мәдени трансформациясына әсер етті. Түркі тілінің ислам дінімен бірге насихатталуы моңғолдардың біртіндеп түркшеленуіне ықпал етті [19, б. 198]. Жаң Вндының зерттеулерін негізге алсақ, ислам дінін қабылдау және исламдық білімнің түркі тілінде берілуі моңғол тіліне жаңа лексикалық қабаттарды енгізіп, оның түркі мәдениетімен тығыз байланысын күшейтті [4, б. 58]. Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуірінде түркі тілі ислам дінін таратудағы негізгі құрал ретінде қызмет етті. Бұл тілдің рөлі тек діни ілімді жеткізуде ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани, мәдени және этникалық тұтастығын қамтамасыз етуде ерекше маңызды болды. Түркі тілі ислам өркениетінің бірегей элементіне айналып, оның аймақтағы халықтарды біріктіру және ортақ құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын арттыра түсті.

Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауи тариқатының адами құндылықтарға негізделген ілімі Алтын Орда мемлекетінің саяси, әлеуметтік және мәдени дамуында ерекше орын алды. Моңғол-қыпшақ руларын негіз еткен Алтын Орда мемлекеті вассалд (тәуелді) халықтар мен өзге ұлт өкілдеріне теңдік пен татулық саясатын ұстанды. Бұл саясаттың көрінісі ретінде әйгілі саяхатшы Ибн Баттутаның 1330–1340 жылдары Берке-Сарай қаласында болған кезіндегі жазбаларын атап өтуге болады. Оның мәліметінше, Берке-Сарай – көпұлтты, тіршілігі қайнаған орта ғасырлық

іргелі қалалардың бірі болған. Мұнда тек мұсылмандар ғана емес, Русь, Бұлғар, Мажар, Роман, Черкес, Армян, Грузин, Араб және Кавказ халықтарының өкілдері де бірге өмір сүрген [16, б. 359; 3, б. 156]. Бұл мәліметтер Алтын Орданың ұлттық, этникалық және діни теңдік саясатын табысты жүзеге асырғанын айқындайды.

Ясауи ілімінің ықпалы тек діни салада ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және мәдени салаларда да айтарлықтай сезілді. Алтын Орданың исламдану үдерісінде Ясауи тариқаты негізгі қозғаушы күштердің бірі болды. Бұл ілімнің арқасында батысқа жасаған жорықтарынан кейін моңғолдар мен сахаралық қыпшақтардың исламдану процесі қарқынды жүрді [20, б. 7]. Ислам діні мен мәдениеті түркі тілі арқылы насихатталып, араб жазуы негізіндегі шағатай жазуының кең таралуына ықпал етті. Ясауи ілімінің Алтын Орда аумағында таралуы Шыңғыс-Жошы әулеттерінің билік еткен аймақтарында сопылар мен олардың мектептерінің рөлін күшейтті. Бұл мектептер исламдық білім беру, рухани тәрбие және әлеуметтік реформалар жүргізу орталықтарына айналды. Соның нәтижесінде, Ясауи ілімі тек діни құндылықтардың ғана емес, сонымен қатар аймақтық бірлікті қамтамасыз ететін күшке айналды.

Алтын Орда бірте-бірте Ясауи ілімін мемлекеттік идеология деңгейіне көтеріп, ислам мемлекетіне айналды. Бұл ілім этникалық және әлеуметтік тұрғыдан алшақ жатқан қыпшақ, моңғол, хорезм және қырым аймақтарын біріктіре отырып, ортақ идеологиялық негізді қалыптастырды. Ясауи ілімі көшпелі өмір салтына бейімделгендіктен, бұл идеология Алтын Орда мемлекетінен кейін де жалғасын тапты. Шыңғыс хан әулетінің билігі құлағаннан кейін де, Ясауи ілімінің ықпалы Алтын Орда мұрагерлері – Қазан, Қырым, Ноғай және Қазақ хандықтарында сақталып, одан әрі нығая түсті.

Алтын Орда дәуірінен бастап Қожа Ахмет Ясауи ілімі түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының ұлттық идеологиясына айналды. Бұл ілімнің тарихи және мәдени маңызы ерекше: ол түркі әлемінің рухани бірлігін қалыптастырып, исламдық өркениеттің негізгі бағыттарын көшпелі қоғамның өмір салтына бейімдеді. Ясауи ілімі тек ортағасырлық қоғам үшін ғана емес, бүгінгі таңда да рухани және мәдени тұрғыдан баға жетпес мұра.

Алғыстар

Зерттеу жұмысына қолдау көрсеткені және құнды ғылыми материалдармен қамтамасыз еткені үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ясауитану ғылыми-зерттеу институтына алғысымызды білдіреміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Saifunov, B.N., & Sambetov, Zh. *Ahmed Yesevî Hakkında Bibliyografik Araştırma. Journal of Turkish Culture and Hacı Bektash Veli Research, 2023, 105, 279-299*. DOI: https://doi.org/10.34189/hbv.105.013

[2] Saifunov, B.N.Ahmad Yassawi from the Perspective of Primary Sources (Bibliographic Analysis). *Journal Hikmet, 2 (2),* 2024, 50-60 pp. DOI: 10.47526/3007-8598-2024.2-09

[3] Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004.

[4] 张文德.论金帐汗国的伊斯兰化.贵州师范大学学报，2000年 第2期. (Жаң Внды. Алтын орданың исламдануы. ҚХР Гуй Яң қаласы: Гуй Жоу педагогикалық университеті Орталық Азия тарихы мәдениеті журналы, №2, 2000.)

[5] Сапарғалиев М.Г. Алтын орданың ыдырауы. – Алматы: Дайк-пресс, 2014.

[6] 张文德.中亚库布拉维教团述论. 贵阳市: 贵州师范大学学报(社), 1992年2期. (Жаң Внды, Орталық Азиядағы Кубравийа тариқатына талдау. ҚХР Гуйяң қаласы: Гуйчжоу педагогикалық университетінің хабаршы журналы (гуманитарлық), №2, 1992)

[7] Жандарбеков З. Иассауи жолы және қазақ қоғамы. – Алматы: Ел-шежіре баспасы, 2006.

[8] 李一新. 月即别时期钦察汗国的伊斯兰教化. 西北民族研究.1989年1 期. (Ли Исин. Өзбек ханның кезеңіндегі Қыпшақ хандығының исламдануы. Солтүстік-Батыс этникалық зерттеулері журналы. №1, 1989)

[9] 新吉乐图: 伊斯兰化蒙古概论.内蒙古社会科学1991 年05期. (Чин Жилету «Моңғолдардың исламдануы туралы», ҚХР Ішкі моңғол: Әлеуметтік ғылымдары журналы №5, 1991.)

[10] 明:宋濂. 元史.北京:中华书局. 1976. (Мин патшалығы: Сун Лиан. Юань тарихы. Бейжің: Чжунхуа кітап компаниясы 1976)

[11] 王绍林，蔡斌: 试论金帐汗国月即别 .四川文理学院学报.2014 年第1期. (Уаң Шаулин, Сай Бин. Алтын орданың Өзбек ханы туралы. ҚХР Чң Ду: Сы Чуан өлкелік өнер және ғылым институты хабаршысы. №1, 2014)

[12] 贾宝维，张龙海. 试论蒙古西征与罗斯国家的统一. 呼和浩特市: 内蒙古社会科学第2011年32卷 第六期,-77页. (Цзя Баовэй, Чжан Лонхай. Моңғолдың батыс жорығы және Ресей мемлекетінің бірікке келуі туралы. ҚХР Хух-Хото: Ішкі Моңғол гуманитарлық ғылымы журналы. 2011, 32-бума №6, -77б.)

[13] Бүркітбай А. Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы. Дәріс жинағы. – Алматы: ЖШС Литера-м. 2020.

[14] 新吉乐图: 伊斯兰化蒙古概论.内蒙古社会科学1994 年05期. (Чин Жилету. Моңғолдардың исламдануы туралы. ҚХР Ішкі моңғол: Әлеуметтік ғылымдар журналы. №5, 1994)

[15] 格列科夫, 雅库博夫斯基1 金帐汗国兴衰史[M]1 北京: 商务印书馆, 1985. (Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. (1985), «*Алтын Орданың өркендеуі және оның құлауы*», Қытайша аударма, ҚХР Бейжің: Сауда баспасы).

[16] İbn Battûta (1987). *Rihletü İbn Battûta (Tuhfatü'n-Nüzzar fi Garaibi'l-Emsar ve'l-Acaibi'l-Esfar*), thk. Muhammed Abdülmünim el-Uryan. Beyrut: Daru'l-İhyai'l-Ulum.

[17] Saifunov, Bauyrzhan – Tolegenov, Mukhit – Zhanykulov, Nurlybek. “The Madhhabian Tendency of Ahmad Yassawi”. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. n.d. 20.12.2024.* DOI: https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1559619

[18] СМИЗО. Тизенгаузен, Владимир Густавович Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том II. – Москва, 1941.

[19] Әбусейтова М.Х. История Казахстана в персидских источниках. Том IV. – Алматы: Дайк-пресс, 2006.

REFERENCES

[1] Saifunov, B.N., & Sambetov, Zh. (2023). Ahmed Yesevî Hakkında Bibliyografik Araştırma, *Journal of Turkish Culture and Haci Bektash Veli Research*, 105, 279-299 [in Turkish].

[2] Saifunov, B.N. (2024), Ahmad Yassawi from the Perspective of Primary Sources (Bibliographic Analysis). *Journal Hikmet, 2(2), 50-60* [in English].

[3] Qinayatuly, Z (2004) Qazaq memleketi jane Joshy han [The Kazakh State and Jochi Khan]. Astana: Elorda [in Kazakh].

[4] Zhāng Wén Dé. (2000). Lùn Jīn Zhàng Hàn Guó De Yī Sī Lán Huà. [On the Islamization of the Golden Horde] *Guì Zhōu Shī Fàn Dà Xué Xué Bào, Dì2qī* [in Chinese].

[5] Sapargaliev, M.G. (2014). Altyn ordanyn ydyrauy [The Collapse of the Golden Horde]. Almaty: Daik-press [in Kazakh].

[6] Zhāng Wén Dé. (1992). Zhōng Yà Kù Bù Lā Wéi Jiào Tuán Shù Lùn [On the Kubrawi Order in Central Asia]. *Guì Yáng Shì: Guì Zhōu Shī Fàn Dà Xué Xué Bào (Shè), Dì2qī* [in Chinese].

[7] Jandarbekov, Z. (2006). Iassawi joly jane qazaq qogamy [The Yassau Way and Kazakh Society]. Almaty: El-shejire baspasy [in Kazakh].

[8] Lǐ Yī Xīn (1998). Yuè Jí Bié Shí Qī Qīn Chá Hàn Guó De Yī Sī Lán Jiào Huà [The Islamization of the Kipchak Khanate during the Uzbek Khanate]. *Xī Běi Mín Zú Yán Jiū. 1 Qī* [in Chinese].

[9] Xīn Jí Lè Tú. (1991). Yī Sī Lán Huà Méng Gǔ Gài Lùn [Introduction to Islamization of Mongolia] *Nèi Méng Gǔ Shè Huì Kē Xué Nián05qī* [in Chinese].

[10] Míng Sòng Lián. (1976). Yuán Shǐ [History of Yuan Dynasty]. Běi Jīng: Zhōng Huá Shū Jú [in Chinese].

[11] Wáng Shào Lín & Cài Bīn. (2014). Shì Lùn Jīn Zhàng Hàn Guó Yuè Jí Bié. [On the Farewell of the Golden Horde]. Sì Chuān Wén Lǐ Xué Yuàn Xué Bào. Dì1qī [in Chinese].

[12] Jiǎ Bǎo Wéi & Zhāng Lóng Hǎi. (2011) Shì Lùn Méng Gǔ Xī Zhēng Yǔ Luó Sī Guó Jiā De Tǒng Yī [On the Mongol westward expedition and the unification of the Russian state]. *Hū Hé Hào Tè Shì: Nèi Méng Gǔ Shè Huì Kē Xué Dì2011nián32juǎn Dì Liù Qī,-77yè* [in Chinese].

[13] Burkitbay, A.(2020). Ulyq Ulys-Altyn Orda memleketi tarihi. Daris jinagy. [History of the Great Ulus-Golden Horde. Collection of lectures]. Almaty: JŞS Litera-m [in Kazakh].

[14] Xīn Jí Lè Tú. (1994) Yī Sī Lán Huà Méng Gǔ Gài Lùn [Introduction to Islamization of Mongolia]. *Nèi Méng Gǔ Shè Huì Kē Xué, Nián05qī* [in Chinese].

[15] Gé Liè Kē Fū & Yǎ Kù Bó Fū Sī. (1985). Jī1 Jīn Zhàng Hàn Guó Xìng Shuāi Shǐ [The Rise and Fall of the Golden Horde]. Běi Jīng: Shāng Wù Yìn Shū Guǎn [in Chinese].

[16] İbn Battûta (1987). Rihletü İbn Battûta (Tuhfatü'n-Nüzzar fi Garaibi'l-Emsar ve'l-Acaibi'l-Esfar), thk. Muhammed Abdülmünim el-Uryan. [Ibn Battuta's Journey (A Gift to the Observers on the Wonders of Cities and the Marvels of Travel) thk. Muhammad Abdulmunim al-Uryan]. Beyrut: Daru'l-İhyai'l-Ulum [in Turkish].

[17] Saifunov, B., Tolegenov M., & Zhanykulov N. (2024) The Madhhabian Tendency of Ahmad Yassawi. Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. n.d. [in English].

[18] SMIZO. Tizengauzen & Gustavovich V. (1941). Sbornik materialov, otnosyashihsya k istorii Zolotoi Ordy [Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Tom II. Moskva [in Russian].

[19] Abuseytova, M.H. (2006). Istoriya Kazahstana v persidskih ïstochnïkah [History of Kazakhstan in Persian sources]. Tom IV. Almaty: Daik-press. [in Russian].

Занадилулы Н., Сайфунов Б.Н.

УЧЕНИЕ ЯСАУИ КАК ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИДЕОЛОГИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

(На основе китайских исследований)

Аннотация. Золотая Орда - государство, образованное на базе улуса Джучи. Берке-хан был первым из ханов Золотой Орды, принявшим ислам. Во время правления хана Узбека ислам стал государственной религией. Исторически процесс исламизации Золотоордынского государства осуществлялся весьма планомерно на государственном уровне. Особую роль в этом процессе сыграли мусульмане Хорезма суфийского толка. Однако орден Ясави, основанный Ходжой Ахмедом Ясави (1041-1166), сыграл важную роль. Ханы Золотой Орды смогли обеспечить единство всего улуса Джучи, сделав ислам государственной религией и превратив принципы школы Ясави в государственную идеологию. Придерживаясь учения Ясави, кочевой образ жизни гармонировал с исламом и получил поддержку монголо-кыпчакских племен, которые составили основу нации. За время длительного существования государства Золотой Орды и правления династии Джучи свет учения Ясави распространился даже в ханствах, выделившихся из Золотой Орды. Благодаря приверженности пути Ясави с процветающей исламской культурой, Золотоордынское государство сохранило свой тюркский колорит, не будучи поглощенным арабской, персидской и другими культурами. В статье всесторонне рассматриваются исторические процессы эпохи правления Берке-хана и Узбек-хана, особое внимание уделяется политическим, религиозным и культурным достижениям, возникшим в период их правления. В частности, следует особо отметить влияние учения Ясави на развитие золотоордынского государства. В статье особое внимание уделено китайским исследованиям, связанным с нашей темой, и подробно проанализированы труды китайских историков по данной теме. Кроме того, метод сравнительного анализа применяется для описания распространения ислама, изменений в правовой системе, процессов культурного обмена в эпоху правления Берке-хана и Узбек-

хана. Такой подход обеспечивает объективность исторических данных и позволяет сформировать новый научный взгляд на более глубокое понимание истории Золотой Орды.

Ключевые слова: Золотая Орда; Ислам; хан Берке; хан Узбек; орден Кубравия; орден Ясавия; Великий Закон.

Zangadilulu Nosserbek, Saifunov Bauyrzhan

YASSAWI TEACHING IS THE STATE IDEOLOGY OF THE GOLDEN HORDE

(Based on Chinese research)

Annotation. The Golden Horde was a state founded on the basis of the Jochi ulus. The first of the khans of the Golden Horde state was Berke Khan, who converted to Islam. During the reign of Uzbek Khan, Islam became the state religion. Historically, the process of Islamization of the Golden Horde state was carried out very systematically at the state level. The role of the Khorezm Muslims, who adhered to the Sufi direction, was especially important in this process. However, the Yasawi order, founded by Khoja Akhmet Yasawi (1041-1166), played an important role. The khans of the Golden Horde were able to ensure the unity of the entire Jochi ulus by making Islam the state religion and transforming the principles of the Yasawi school into the state ideology. By adhering to the Yasawi teachings, the nomadic way of life harmonized with Islam and gained the support of the Mongol-Kipchak tribes that formed the basis of the ulus. During the long existence of the Golden Horde state and the rule of the Jochi dynasty, Yasawi teachings continued to shine in the khanates that had separated from the Golden Horde. Thanks to the flourishing Islamic culture and adherence to the Yasawi way, the Golden Horde state retained its Turkic character without being absorbed by Persian, Russian and other cultures. The article pays special attention to Chinese studies related to our topic, and the works of Chinese historians on this topic are analyzed in detail. In addition, the method of comparative analysis is used to describe the spread of Islam, changes in the legal system, and cultural exchange processes during the era of Berke Khan and Uzbek Khan. This approach ensures the objectivity of historical data and allows for the formation of a new scientific approach to a deeper understanding of the history of the Golden Horde.

Keywords: Golden Horde; Islam; Berke Khan; Uzbek Khan; Kubraviya order; Yassawi order; Grand Law (Great Law).

UDC 93/94
IRSTI 03.09.55
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).26

[1]Gaukhar Batyrbekkyzy*, [2]Mukhtar Issayev, [2]Makhsat Tuleev

[1]Mukhtar Auezov South Kazakhstan university, Shymkent, Kazakhstan
[2]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

***Author-correcpondent:** goha_batyr@mail.ru

E-mail: goha_batyr@mail.ru
mukhtar.issayev@ayu.edu.kz, makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

DEPORTED PEOPLES ON THE TERRITORY OF SOUTHERN KAZAKHSTAN: PROBLEMS OF ADAPTATION AND REHABILITATION

Annotation. An objective, comprehensive study of the history of the deportation of peoples to South Kazakhstan during the years of mass political repression, as the process itself, as well as the consequences of this large-scale tragic event, is one of the most important tasks of modern historical science. The study of the problem of adaptation and rehabilitation of the deported peoples of Southern Kazakhstan is important not only from the point of view of self-knowledge of their past by these peoples, but also for the study of a huge page in the history of Kazakhstan in its scope and consequences, which is the resettlement movement, the object of which was Southern Kazakhstan. Goals and objectives: a comprehensive study of the topic "Deported peoples on the territory of Southern Kazakhstan: problems of adaptation and rehabilitation". So, despite the relevance, theoretical and practical significance of this problem, it can be stated that the issue of studying the history of the deportation of peoples to the territory of Kazakhstan on the eve and during the Great Patriotic War has not yet received comprehensive, objective coverage of the republic and its regions. In particular, the issues of the placement of the deported peoples in Southern Kazakhstan, their adaptation as an economic structure, legal status, labor use and the consequences of forced resettlement both for themselves and for the Kazakh society remain little explored. during the study of the problem, the principles of historicism, scientific objectivity, integrity were used. Statistical and descriptive methods were also used to consistently reveal the essence of the issues being studied. The scientific novelty and practical significance of the study lies in the fact that the paper attempts a comprehensive study of the history of the deportation of peoples to Southern Kazakhstan, as a result of which Kazakhstan became the object of forced resettlement of peoples.

Keywords: deportation; South Kazakhstan; adaptation; rehabilitation; forced resettlement.

Introduction

One of the tragic pages of the history of Kazakhstan is the deportation (forced resettlement of peoples) of peoples from almost all regions of the former Soviet Union to its territory. Kazakhstan, not by the will of its indigenous inhabitants, turned into a Stalinist prison of peoples.

The topic of mass forced deportation of peoples, organized and carried out in the 30-50s of the XX century by the totalitarian Stalinist regime in the USSR, is more important than ever for studying today, when in new geopolitical and cultural-historical conditions there is a resuscitation of public and scientific interest in national history.

The forced resettlement of peoples has led to huge human, moral and political losses. Existence in an alien civilizational, ethnic and confessional environment had a serious negative impact on the way of life of the deportees, their educational and cultural level, led partly to the loss of their native language. (Tabuldenov, 2020 ; Dinasheva, 2014).

In such conditions, the preservation of one's own identity becomes such an important task that all other spheres of life obey it. On the other hand, small nations living in a foreign cultural environment are forced to adapt to new living conditions, look for their place in a new society, perceive the language, culture, customs, lifestyle of the surrounding peoples (Atantayeva, 2020)

In 1941, the Soviet Germans, as well as the Crimean Tatars, Kalmyks, Balkars, Chechens, Ingush, Karachai Meskhetians were deprived of their statehood and on suspicion of having "thousands and dozens of saboteurs and spies" were sent to a foreign land, and the main fault, as justified in the Decrees of the Supreme Soviet of the USSR, the peoples themselves were charged with not informing about the presence of these mythical spies and saboteurs. It is from this period that the modern difficulties in the national question, faced by peoples forcibly deprived of their autonomy, begin.

The Germans were the largest national group of all the listed nations, and their fate from that moment on in many ways differs from the fate of other peoples. In 1941, out of 472,174 Germans planned for resettlement, 105 echelons arrived in the republic and 243,904 people resettled. On November 1, 1941, in connection with the sending of 113 thousand evacuees to Kazakhstan who did not have warm clothes, the German resettlement plan was changed by the decision of the Central Committee of the CPSU (b) of Kazakhstan. 50 thousand people were removed from the southern regions of Kazakhstan (Alma-Ata, Kyzylorda, Dzhambul and South Kazakhstan). (Maksimov, 2017, Zhanbossinova, 2019, Sabanchiev, 2018).

Thus, the migration of peoples continued until the end of the 40s. In this chronological order, the process of forced resettlement of peoples to Kazakhstan took place in the pre-war period and during the Great Patriotic War. The deportation of peoples to Kazakhstan took place under the conditions of the punitive policy of Stalinism. The compassion and humanism of the ordinary Kazakh people helped the repressed peoples to survive in those difficult, critical years.

Representatives of the deported peoples from the very beginning of their eviction were morally and socially disadvantaged, deprived of basic rights. The right of preservation of personal property and property of special settlers was not ensured,

although this was provided for by state documents: the delivery of agricultural equipment, livestock, grain fodder belonging to special settlers to special commissions, followed by their compensation at the place of settlement. The situation of special settlers was characterized by humiliating registration procedures, re-registration and marks in local commandant's offices, NKVD bodies. Every step of the special settler was monitored, and any minor violation was immediately punished. A personal card was created for each special resident who reached the age of 16. Family records were kept, as well as records of special settlers by alphabetical cards. A personal file was opened for each special settler.

Despite the humiliation, the deported peoples were full of patriotism in a difficult time for the country. Experiencing the distrust of the authorities, restrictions in civil rights, they fully shared the grief and difficulties of the entire Soviet people. But the labor army became a special lot during the war. Showing steadfastness and heroism on the labor front, they made a great contribution to the national Victory, which in the history of the Great Patriotic War meant no less than heroism on the military front.

In the late 1980s and early 1990s, works appeared in the USSR, including in Kazakhstan, revealing the history and scale of the deportation of peoples in the pre-war and war years. The process of democratization began to develop, as a result of which the declassification of documents related to mass repressions against peoples subjected to forced resettlement began. It should be noted that the very fact of the deportation of peoples has been hushed up for a long time. Until the 80s, stereotypes were widespread about the displacement of a huge number of people as a forced measure due to the current international crisis situation, wartime circumstances. With the beginning of the process of democratization of Soviet society, works of a general nature appeared. These are the already mentioned works of N.F. Bugai, M. K. Kozybaev and others. Then studies on the history of individual deported peoples were published. For example, in the history of Koreans until 1991, almost the only specialist in the republic was Kim Seung-hwa, who in his work "Essays on the History of Soviet Koreans" for the first time systematically studied the history of Soviet Koreans (Kim Seung-Hwa, 1965: 251). An important role in the publication of documents on the deportation of Koreans was played by the "White Book on the Deportation of the Korean population of Russia in the 30-40s". Unique documents that served as the basis for the forcible resettlement of Koreans were made public in it, but the materials on Kazakhstan given in this publication were general and limited. Later, there are works where archival documents on the problems of deported Koreans occupy a significant place. In 1995, G.V. Kan's book "The History of the Koreans of Kazakhstan" was published, which is the first complete scientific and documentary study of the history of the Koreans of Kazakhstan. At the same time, the study of the history of Koreans at the regional level begins.

The situation is similar with the study of the issues of resettlement of the German population to Kazakhstan. K. Ehrlich's monograph "Living Heritage" was published in German. In recent years, this problem has been studied at the regional level by L.A. Budgart, who published two monographs "Germans in East Kazakhstan in 1941-1956: deportation and life in conditions of special settlement" and "From the history of German settlements in East Kazakhstan (the beginning of the twentieth century - 1941.)". This topic was also studied by historians K. Aldazhumanov, I.V. Erofeeva, Zh.

Kasymbayev. German problems are also being developed by the writer G. Belger. The collection of documents "Deportation, special settlements, labor Army", compiled by A. Eisfeld and V. Herdt, published in Cologne, is of particular interest for studying this problem.

The publications of researchers K. S. Aldazhumanov "Deportation of peoples to Kazakhstan"; S. Zhamankulov "Poles in Kazakhstan in the 30s"; L. Mikhailova "They were transported like cattle in freight cars" contribute to the coverage of the history of Poles in Kazakhstan, their resettlement, economic structure, demographic processes, labor activity and the development of spiritual culture et al . It should also be noted the joint work of S. Mishimbayev and L. And the book "The problem of the history of Polish immigrants in Kazakhstan" (1936-1946), separate works on the study of Poles, such as "In the distant steppe. Poles in Kazakhstan" (Mishimbayev, 2005: 158).

At the same time, the history of individual peoples of Kazakhstan is studied sporadically. In addition to the work of the chairman of the Republican Society of Turks "Turkia" T.A. Kurdaev "The Book of People's Memory", which tells about the fate of the Turks of the CIS, Kazakhstan has not yet had any significant publications on the history of the Chechen - Ingush, Kurds, Karachays, Balkars, Crimean Tatars and others. Some works are known, in particular, "Narodicide - the murder of the Chechen-Ingush people" by A. Uralov (A. Autorkhanov), in which the author tells about the fate of the Caucasian people. A great help in studying the policy of resettlement of the peoples of the Caucasus was provided by the collection "White Book (From the history of the eviction of Chechens-Ingush 1944-1957). Memoirs, archival materials, photo documents)". Among the studies of Russian authors, the works of I.M. Sigauri, Z. Shakhbiev can be distinguished.

The attention of researchers is also attracted by certain aspects of the history of the deportation of peoples. So, D. Shaimukhanov and S.D. Shaimukhanova consider the use of forced labor of special settlers in Central Kazakhstan, and J.B. Abylkhozhin – the "camp economy" as a whole.

In the 1980s and 1990s, scientists showed interest in the historical and demographic aspect of the study. It is known that the 30-50s were a period of demographic catastrophe of small peoples, primarily deported. One of the main works on this problem is the work of M. Asylbekov and A.B. Galiev, which presents an analysis of the number of major ethnic groups, but does not say anything about the impact of the deportation of peoples on socio-demographic processes in the republic. Academician M.T. Baymakhanov studies the legal aspects of the problem of deportation of peoples.

In 1998, the Arys Foundation for the Study of the Heritage of the Repressed Intelligentsia of Kazakhstan published the collection "Peoples Deported to Kazakhstan: Time and Fate" (Sadykov, 2005: 428)

This collection largely filled the gap in Kazakh historiography, which did not have information about the crimes of totalitarianism: special settlements and deportations of peoples in the pre-war years and during the Great Patriotic War. The same little-studied aspect of historical science is totalitarianism as a special socio-political phenomenon that played an ominous role in the fate of people of the Soviet era. One of the gravest crimes of totalitarianism is the deportation of peoples as the violent

destruction of their ethno-social and territorial unity, which had far-reaching negative consequences, including for the people into whose habitual habitat they were introduced.

Біріккен Ұлттар ұйымының 2015 жылы қабылданған ресми тұжырымдамада "Мұхиттарды, теңіздерді және теңіз ресурстарын тұрақты даму үшін сақтау және орнықты пайдалану" қаралған, аталған тұрақты даму мақсатының 14а сәйкес "Теңіз экожүйесін қорғау және сақтау қағидасын табысты жүзеге асыру үшін қорғаудың маңыздылығы" туралы хабардарлығын арттыру қажет. Мақсат 2030 жылға дейін қол жеткізілетін нақты міндеттемелерді көздейді. Әрбір мақсатқа жету барысы әрқайсысы бір индикатормен өлшенеді. Ол үшін ғылыми білімдерді арттыру мен зерттеулерді кеңейтуді көздейді. Мақаланың негізгі мақсаты – Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік тұқы балықтары популяцияларының жай-күйі мен ауланым динамикасын анықтау және зерделеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Кіші Арал теңізінен аудандары бойынша тереңдікті өлшеу, сондай-ақ гидрофизикалық және гидрологиялық бақылау «Көлдер мен су қоймаларындағы

гидрометеорологиялық бақылау жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес жүргізілді [8]. Кіші Арал теңізінің деңгейі, түскен су көлемі Қызылорда РМК «Қазгидромет» орталығының ұсынған мәліметерінен алынды [9]. Су құрамын, тұздылық дәрежесін талдау Алекин О.А. [10], судың стандартқа сәйкестігі ҚР МЕМСТ Р 51592-2003 анықтамасы бойынша талданды [11]. Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік балық түрлерінің таралуы мен олардың популяциялық құрылымын анықтау үшін ғылыми құрма аулардың реттілігі құрылды. Ғылыми аулардың ұяшықтарының өлшемі 18, 22, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100 мм болып, олардың әрқайсысының ұзындығы 25 м, биіктігі 2,5-3 м құрады. Құру ұзақтығы 12 сағатқа түнгі уақытқа қойылды.

Зерттеу жұмыстары Кіші Арал теңізінің кәсіптік аудандарында тұзды, тұздылау, тұщы биотоптарында жүргізілді. Ихтиологиялық материалдарды жинау, аулауға талдау жасау, балықтардың негізгі биологиялық өлшемдерін алу балықшаруашылық зерттеулерді жүргізетін оқулықтармен жасалды [12, 13]. Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік балықтар түрлерін визуалды анықтау және олардың қазақша атауларын беру Бәйімбет Ә.А., Темірханов С.Р. (1999) оқулықтарымен жүзеге асырылды [14]. Балықтардың қазіргі систематикалық жағдайы Эшмейер балықтар каталогы интернет ресурсымен түзетілді [15] және Lifemap [16] базасымен тексерілді.

Мәліметтердің статистикалық өңделуі [17] әдістемелік ұсыныстарға сәйкес Excel компьютерлік бағдарламасында орындалды, сонымен қатар кестелермен тұрғызылды және графиктермен көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау

Қазіргі кезеңде Кіші Арал теңізінің кәсіптік ихтиофаунасының басым бөлігін тұқытәрізділер отрядтармағының (Cyprinoidei) өкілдері құрайды. Жыл сайынғы ғылыми зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Cyprinoidei отрядтармақтың 3 тұқымдасына жататын келесідей кәсіптік түрлер кездеседі:

Cyprinidae тұқымдасы

1 сазан *Cyprinus carpio* Linnaeus 1758;
2 бозша мөңке *Carassius gibelio* (Bloch 1782);
3 арал қаязы *Luciobarbus brachycephalus* (Kessler 1872);

Leuciscidae тұқымдасы

4 шемей *Alburnus chalcoides* (Güldenstädt 1772);
5 тыран *Abramis brama* (Linnaeus 1758);
6 айнакөз *Ballerus sapa* (Pallas 1814);
7 ақмарқа *Leuciscus aspius* (Linnaeus 1758);
8 аққайран *Leuciscus idus* (Linnaeus 1758);
9 қылышбалық *Pelecus cultratus* (Linnaeus 1758);
10 қызылқанат *Scardinius erythrophthalmus* (Linnaeus 1758);
11 торта *Rutilus lacustris* (Pallas 1814);

Xenocyprididae тұқымдасы

12 ақ амур *Ctenopharyngodon idella* (Valenciennes 1844);
13 ақ дөңмаңдай *Hypophthalmichthys molitrix* (Valenciennes 1844).

Бұлардың ішінде тек ақ дөңмаңдай мен ақ амур жерсіндірілген болса, басқалары Арал-Сырдария бассейні бойынша аборигенді түрлер болып табылады.

Аталған өсімдікқоректі балықтар теңіздің сағалық тұщы, қамысты және қоғалы Көкарал аумағында кездеседі. Жалпы кәсіптік және ғылыми ау құралдарында аулануы сирек.

Қазгидромет РМК Қызылорда филиалынан алынған мәліметтер бойынша соңғы бес жылда Кіші Арал теңізінің су деңгейі наурыз-шілде айлары аралығында 41,05-ден жазғы кезеңде 40,30 мБЖ дейін төмендегені тіркелсе, ғылыми есептеулер бойынша акватория ауданы 333100 гектардан 285357 га дейін қысқарғаны анықталған [9]. Кіші Арал теңізінің оңтайлы және қазіргі кезеңдегі (2023 жылғы мәлімет бойынша) гидрофизикалық көрсеткіштері жылдық зерттеулерге сәйкес 1 кестеде ұсынылған.

1 – Кесте – Кіші Арал теңізінің гидрофизикалық көрсеткіштері

Гидофизикалық көрсеткіштер	Оңтайлы кезеңде	Қазіргі кезеңде
Су айдыны ауданы (га)	333100	285357
Су көлемі (км^3)	27,1	18,5
Су деңгейі (мБс)	42,2	40,4
Су тұздылығы, ‰	8-10	11-12,5
Максимальды тереңдік (м)	19,6	15,2
Орташа тереңдік (м)	8,7	5,8

Кіші Арал теңізінде соңғы он жылдағы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, гидроэкологиялық жағдайының тұрақсыздығы қатты байқалады. Сумен қамтамасыз етілуі негізінен Сырдария өзеніне байланысты болса, маусым аралық кезеңдерде келер судың ауыл шаруашылық мақсатқа жұмсалуы теңіздің гидрологиялық және гидрофизикалық жағдайына кері әсер етеді. Кіші Арал теңізі деңгейінің қажетті нүктеден төмендеуі, әсіресе жаз және күз айларына келіп, теңіз суының құрамына, яғни оның тұздылануына себеп болады [18].

Кіші Арал теңізіне келіп түсер су көлемінің соңғы жылдардағы төмендеуі салдарынан, тұздылық дәрежесінің жоғарылауы теңізде мекен ететін камбала балығынан басқа балық түрлеріне қолайсыз әсер етті. Су тұздылығы 14-15‰-ден жоғарлағанда балықтардың уылдырық шашуы, жыныстық жетілуі және өнімділігі төмендейді.

Қазіргі уақытта Кіші Арал теңізі ауданы бойынша негізінен үш биотопқа бөлінеді және олардың ауытқу мәні келесідей: тұщы (2-4,5‰), тұздылау (4,5-8,8‰) және тұзды (9,1-12,5‰). Әр биотоптың өзіндік ерекшелігі бар және тұқы балықтары өкілдерінің де таралуы біркелкі болып келмейді. Кіші Арал теңізінің тұздылық дәрежесіне сәйкес тұқы балық түрлерінің биотоптар бойынша таралуы сурет 1 көрсетілген.



1-Сурет - Тұқы (Cyprinoidei) балық түрлерінің Кіші Арал теңізі биотоптары бойынша таралуы (%)

Ұсынылған гистограммаға сәйкес тұқы балықтарының басым түрі тұщы биотопта таралған. Кіші Арал теңізінде балықтардың басым түрі наурыз айының соңында тұзды және тұздылау биотоптағы қыстайтын терең аймақтардан шығып, тұщы биотоп пен Сырдария сағасына қарай келіп, уылдырық шашуға дайындалады. Әр балық түрінің уылдырық шашуы абиотикалық жағдайдың қолайлы болуымен байланысты.

Тыран және торта балық түрлері үшін уылдырық шашу теңіздің тұзсызданған аймақтарындағы 1,4-2,0 м тереңдіктегі өсімдік қалдықтары мен қамыс тамырлары өрістеу орны болып табылады. Сәуір айының соңына қарай уылдырық шашқандары 5-6 м тереңдікке қарай жылжып, қоректене бастайды. Терең аймақтар жылынған кезде температуралық өсім бойымен біртіндеп қозғалып отырады. Жаз айларында торта балығының басым бөлігі теңіздің биік жағалаулар бойындағы тереңдікте жүреді. Күзде торталар тырандарға қарағанда жағалауға қарай 1 ай бұрын жақындайды. Торта балығы теңіздің бүкіл айдынында таралғанымен, тұщы биотопта, яғни өзеннің құяр сағасында олардың саны басым.

Айнакөз балығы уылдырық шашар алдында теңіздің сағасында тіршілік етеді. Жыныстық жетілу басталғаннан кейін ол теңіздің ашық, тереңірек жерлерде қоректеніп, жетіледі. Күзде айнакөз сағалыққа дейінгі жерлерде қыстайды. Ақмарқа және қылыш балықтары жартылай көшпелі балық, теңізде қоректеніп, уылдырық шашу кезінде Сырдария өзеніне бағыттайды.

Сазан популяциясының негізгі бөлігі жағаға мамыр айында судың температурасы 15-19^{0}С жеткенде келе бастайды. Маусымда уылдырық шашқан балықтардың жағалаудан тереңдікке қарай біртіндеп қозғалуы байқалады. Қыркүйек-қазан айларында оның негізгі бөлігі жағаға қарай жылжыса, қазан-

қараша айларында сазан көбінесе теңіздің батыс жағалау аумағындағы тұздылау биотопта мекендейді.

Кіші Арал теңізінде 2023 жылғы ғылыми-тәжірибелік аулауға сәйкес, балықтардың биологиялық өлшемдері келесідей болды:

Сазан. Ауланған даралардың ұзындық құрамы 16,0- 57,0 см, салмақтық өлшемі 103-4536 г аралығында ауытқыса, орташа ұзындығы 26,8 см, салмағы 634,4 г көрсетті. Жастық құрамы 9 генерацияны құрады. Жастық қатары 2-9 аралығын құрады, кіші жастағылардың үлесі доминантты (92,7%) болды.

Бозша мөңке. Популяциядағы ұзындық құрамы 8,5-30 см, салмағы 14-796 г аралығында ауытқыса, ал орташа 19,7 см ұзындыққа және 281,2 г салмаққа сәйкес келді. Жастық қатары 7 генерацияны құрап, 3-5 жастағы даралардың аулаудағы үлесі басым (96,5%) болды.

Арал қаязы. Кезінде Арал алабында кең тараған және кәсіптік құндылыққа ие болған балық. Өзенің гидрологиялық режимінің бұзылуы, арал қаязы популяциясының табиғи көбеюінің қатты бұзылуына және оның санының апатты азаюына әкелді. Салдарынан арал қаязы 2008 жылы ҚР Қызыл кітабына енгізілді. Қазіргі таңда арал қаязы Кіші Арал теңізіндегі таралу аймағы үлкен емес, негізінен жекеленген даралары 2022 жылы Сырдария өзенінің сағасына жақын Көкарал бөгетінің тұщыланған бөлігінде ғылыми аулау кезінде табылды. Биологиялық көрсеткіштері бойынша Арал қаязының ұзындығы 21 см, салмағы 194 г болды.

Шемей. Ғылыми-тәжірибелік ауларда ұзындығы 16,0-27,0 см, салмағы 43-288 г аралығында болса, орташа ұзындығы 22,6 см, ал салмағы-161,4 г құрады. Шемейдің жастық қатары 3-6 жас аралығын қамтыса, аулауда 4-5 жастағы даралардың үлесі (81,3%) жоғары болды.

Тыран. Ауланған даралардың кәсіптік ұзындығы 9,5-38,0 см, салмағы 16-1215 г аралығында ауытқып, орташа мәндері 25,1 см, ал салмағы 404,2 г құрады. Жастық қатары 1-9 көрсете, аулауда 3-8 жас аралығындағы даралардың үлесі (90,5%) доминантты болды.

Айнакөз. 2023 жылы ғылыми-тәжірибелік аулау кезінде айнакөз балығы кездеспеді. 2022 жылғы зерттеулерде олардың ұзындығы 19,2- 27,5 см, орташа 24,4 см, ал салмағы 75-355 г, орташа 215 г болды. Кіші Арал теңізіндегі айнакөздің жас қатары үш генерацияны 3-5 жастағыларды қамтыса, 5+ үлесі доминанттылықты (50%) көрсетті.

Ақмарқа. Популяцияның ұзындығы 20,0-57,0 см, салмағы 144-3490 г аралығында ауытқыса, орташа мәндері 34,3 см және 798 г сәйкес келді. Жастық қатары 2-7 аралығын көрсетсе, 3 жастағылардың (34,5%) үлесі доминантты болса, қалғандарының саны салыстырмалы түрде жоғары болды.

Аққайран. 2023 жылғы тәжірибелік аулауларда балықтардың ұзындығы 14,5-29,0 см, салмағы 79 - 446 г аралығын құраса, ал орташа ұзындығы 22,5 см, салмағы 257 г сәйкес келді. Жас қатары үш генерациядан (3-5 жас) тұрса, басым көпшілігі 4+ жастағылардың үлесіне (48%) тиді. Ауланымда сандық мөлшері өте аз, сондықтан да ол аулау квотасына енгізілмейді.

Қылыш балық. Соңғы жылдары Кіші Арал теңізінде қылыш балығы кәсіптік деңгейге жетті. Олардың ұзындығы 16,5-34,0 см, орташа 25,4 см болса,

салмағы 37-455 г-ға дейін ауытқып, орташа 172,3 г құрады. Жастық құрамы 2-7 жас аралығында кездесіп, басым (45,8%) бөлігін 5-6 жастағылар құрады.

Қызылқанат. Ауланған даралардың ұзындығы 10,5-21,0 см, орташа 15,8 см, ал салмағы 21-239 г аралығында ауытқып, орташа 100 г құрады. Зерттеу кезеңіндегі қызылқанаттың жастық қатары бес генерацияны қамтыды, 4+ жастағылар басым (64,1%) болды.

Торта. Арал тортасы Кіші Арал теңізінің сағаларында сан жағынан басым түр болып табылады, десе де олар теңіздің барлық акваториясында таралған. 2023 жылғы зерттеулерде олардың ұзындығы 8,5-27,0 см аралығында, орташа 15,7 см болса, ал салмағы 12 г-446 г аралығында, орташа 93,4 г құрады. Жастық қатары 1-8 жас аралығын құрап, доминанттылықты 2-4 жастағылар (71,5%) құрады.

Ақ амур. Кәсіптік ауланымда ақ амурдың ұзындығы 19,56-46,0 см аралығында ауытқып, орташа ұзындығы 31,5 см құраса, салмағы салмағы 197-2140 г-ға дейін өзгеріп, орташа салмағы 817 г сәйкес келді. Зерттеулер барысында жастық құрамы алты генерациядан тұрып, 3+ жастағылардың үлесі жоғары (32,2%) болды.

Ақ дөңмаңдай. Қазіргі кезде ақ дөңмаңдай теңіздің өзек бөлігінде шоғырланған. Тәжірибелік аулауда балықтардың ұзындықтары 21,5-76,0 см аралығында, орташа 47,1 см болса, ал салмағы 462-8600 г аралығында, орташа 2696,6 г құрады. Зерттеу кезеңіндегі 2-8 аралығындағы жастық қатарды көрсетіп, 3-4 жастағы даралардың үлесі (58,3%) жоғары болды.

Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік және ғылыми ауланым кезінде тұқы балықтары өкілдерінің ұзындық құрамы диапазонының қысқаруы байқалады. Оған дәлел соңғы он жылдағы мәліметтерге сәйкес балықтардың орташа ұзындығының (SL) да қысқаруы растайды (кесте 2).

2 - Кесте - Кіші Арал теңізіндегі тұқы (Cyprinoidei) балық түрлерінің көпжылдық орташа ұзындық дәрежелері, (см)

Жыл-дар	Сазан	Мөнке	Арал қаязы	Шемей	Тыран	Айнакөз	Ақмарка	Аққайран	Қылышбалық	Қызылқанат	Торта	Ақ амур	Ақ дөңмаңдай
2014	38,5	18,5	-	25,5	20,7	23,4	41,6	18,5	28,4	20,8	20,9	48,8	57,1
2015	35,4	17,6	21,5	23	26,6	21,5	38,5	16,8	30,2	20,2	19,4	51	56,8
2016	36,2	19,5	-	25,9	24,5	21,3	41,3	18,2	29,4	18,2	18,6	49,8	57,4
2017	33,1	20,3	-	24	25,1	21,1	36,4	20,1	30,2	16,6	16,8	50,2	57,3
2018	26,3	21,5	-	21	23,2	22,3	26,6	22	26,5	18	16,9	53,6	59,4
201	29,4	22,2	-	21	24,5	19,1	29,4	21,3	25,9	17,2	17,2	52,6	39,5

9													
2020	32,9	22,1	-	22,9	24,9	26,4	38,6	21,5	26,7	18,6	16,5	50,6	33
2021	25,2	22,6	-	20,1	24,6	25,4	39,4	20,5	30,7	16,9	16,2	42,2	58,4
2022	28,4	20,5	21	22,6	25,1	24,4	33,9	21,7	28,8	13,8	16,1	33,1	43,1
2023	26,8	19,4	-	21,8	25,1	-	34,3	22,5	25,4	15,8	15,6	31,5	47,1

Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік тұқы балықтар популяцияларының жастық қатары 1-9 жас аралығын құраса, ауланымның басым көпшілігін кіші жастағы даралар құрайды. Сонымен қатар, балықтар популяцияларының орташа жасы да 3-4 жастан аспады, тек тыран популяциясында орташа жас 5+ көрсетті (сурет 2).



2-Сурет - Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік тұқы (Cyprinoidei) балықтары популяцияларының жастық құрамының боксплоты: үстіңгі және астыңғы шектер - жастық диапазоны, квартиль – ауланымдағы доминантты жас мөлшері, қызыл нүкте - орташа жас.

Қазіргі уақытта Кіші Арал теңізінің акваториясы 6 балық кәсіпшілігі ауданына бөлініп, барлығы 18 учаскеден тұрады. Жыл сайын теңіздің балық ресурстарын ұтымды пайдалану үшін 11 табиғат пайдаланушыға бекітілген. Қызылорда облыстық балық шаруашылығы аумақтық инспекциясы ұсынған өнеркәсіптік статистика деректеріне сәйкес теңізде жұмыс істейтін бригадалар саны 2023 жылы 53 бригаданы құраған.

Кіші Арал теңізінде жалпы кәсіптік аулау көлемі 7000 тоннаға жақын болатын, алайда соңғы жылдары зерттеулеріміз бойынша 2018-2024 жылдар аралығында гидроэкологиялық жағдайдың тұрақсыздануына байланысты теңіздің абиотикалық және биотикалық факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырады. Аталған жылдар аралығында кәсіптік аулау көлемі 5391 дейін азайып, тұқы

балықтарының өкілдері жалпы ауланымдағы үлесі 82-ден 73,6 %-ға дейін төмендеген. Негізгі орын алған қолайсыз әсерлер қатарына эксперименттік зерттеулерде судың сапасының нашарлануы, қоректік құрылымындағы таксон түрлерінің арақатынасының төмендеуі, теңіздің гидрофизикалық көрсеткіштерінің құбылуы, уылдырық шашатын кеңістіктің қысқаруы айқындалып, балықтардың өнімділігінің төмендеуіне әкеліп соқты.

Кіші Арал теңізіндегі тұқы балық өкілдерінің ауланым мөлшері жыл сайын ауытқығанымен, барлық түрлер үшін төмендеу тенденциясы анық байқалады (кесте 3). 2023 жылғы ғылыми мәліметтерді талдау барысында әр кәсіпшілік балық түрлері бөлінген квотадан игерілу мөлшері (35,2 %) де төмен болған.

Зерттеулердің деректері бойынша, әр биотоптың өзіндік ерекшелігі болса, әрбір балықтың қолайлы мекен ету ортасы болады. Тұқы өкілдері және басқада балық түрлерінің өсіп-өнуіне қазіргі кезеңде біріншіден қолайсыз гидрологиялық жағдайдың әсері ықпал етсе, екіншіден балық қорының жағдайы соңғы онжылдықта қарқынды аулау және балық ресурстарын біркелкі пайдаланбау әсерінен балық қорының төмендеуіне әкеліп соғуда [19]. Аумақтық балық шаруашылығы инспекциясының мәліметтері бойынша сазан (тұқы), ақ дөңмаңдай және ақ амур сияқты құнды түрлерді аулау көлемі 250 тоннадан аспайды (жалпы аулаудың 3,5% ғана), ал жалпы кәсіптік балық түрлерін аулау көлемі Кіші Арал теңізінде шамамен 6,5-7 мың тоннаны құрайды [20].

3 - Кесте – Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік тұқы (Cyprinoidei) балықтарының ауланым динамикасы, тонна

Жылдар	Сазан	Мөңке	Шемей	Тыран	Айнакөз	Ақмарқа	Қылышбалық	Қызылқанат	Торта	Ақ амур	Ақ дөңмаңдай	Жалпы ауланым, т
2014	146	-	-	1982	75	180	175	154	1372	10	15	5595
2015	265	-	-	2745	54	240	260	193	2105	8	12	7212
2016	108	-	-	2456	28	123	160	114	1913	2	4	6000
2017	165	-	-	2683	22	150	232	133	2083	4	5	6648
2018	210	-	-	2605	15	170	216	154	1950	8	12	6469
2019	181	-	-	2701	15	141	193	146	2098	7	11	6545
2020	184	-	-	2735	11,6	154	165,6	151	2284	0,2	10,8	6870
2021	520	-	-	770	15	323	147	146	529	-	13	3347
2022	158	-	21,99	249	6,1	155	147,1	100,	226	-	9,3	6590

			3	5			2	3	4			
2023	94	-	17,82	2322	-	105	124,3	75,39	1986	-	10,1	5851
2024*	89,4	6,1	15,6	1787	-	78,6	116,6	53,6	1833	-	8,5	5390
Ескерту: * 1 шілде 2023 жыл - 1 шілде 2024 жыл аралығындағы кезең, Жалпы ауланым, т – тұқы, алабұға, шортан және камбала отряд өкілдері қоса алғанда												

Соңғы жылдары зерттеулер бойынша теңізде негізгі кәсіптік балық ретінде тыран, торта және көксерке балықтарының қорын қарқынды пайдаланылуда. Балықтардың мақсатты ауланым мен толығу көрсеткіші бойынша индикатор деңгейін саралайтын болсақ тұқы тұқымдас балықтар аралығындағы үстемесін келесідей ажыратуға болады (кесте 4).

4 - Кесте – Кіші Арал теңізіндегі кәсіптік тұқы (Cyprinoidei) балықтарының мақсатты аулау-өсу көрсеткіштері

Балық түрлері	Мақсатты ауланым мен толығу
тыран, торта, аққайран, шемей	Толығу < Ауланым
қаракөз, сазан, қызылқанат, ақ амур	Толығу > Ауланым
қылышбалық, ақ дөңмандай	Толығу = Ауланым

2023-2024 жылғы эксперименталды зерттеулер негізінде көктем-күз мезгілдерінде ғылыми-аулау құралдарындағы үлесі: тыран-15 %, сазан-55%, мөңке-30% құрады. 2023 жылдан бастап кәсіптік балықтардың тізіміне бұрын болмаған мөңке балығы қосылды. Себебі аталған балық Кіші Арал теңізінде кәсіптік құны төмен болып есептеліп, оңтайлы мүмкіндік ауланымда ескерілмеді және тек кездейсоқ қосымша ауланым ретінде қарастырылды.

Кіші Арал теңізінде кәсіптік тұқы балықтарының ішінде саны бойынша доминантты тыран болса [21], одан кейінгі орын тортаға [22] тиесілі. Теңіздің акваториясы бойынша V кәсіптік балық аулау ауданында олардың кездесу жиілігі жоғары. Жыл сайын тыран мен тортаның саны артқанымен, басқа тұқы балық өкілдерінің керісінше ауланымдағы үлесі қысқарып келеді. Дұрыс бағытталмаған кәсіптік балық аулау, олардың алуантүрлілігіне де өзгерістер алып келеді [23].

Ихтиофауналы қайта жаңарту проблемасының шешімдерінің бірі балық өсіру жұмыстарын жүргізу, яғни су айдындарын бағалы кәсіптік балық түрлерінің шабақтарын жіберу болып табылады. Бұл ретте су айдынының қоректік қорының резервін есептей келе және жіберілетін шабақтар санының қандай да бір мөлшерін және қорекпен қаншалықты қамтамасыз ете алатынын ескеру қажет [24]. Қысқа мерзімде қалаған нәтижені алу үшін оны тұқы тұқымдас балықтардың біржылдықтарымен, одан да тиімдісі - екі жасар балықтармен балықтандыру дұрыс. Себебі ересек жастағы даралардың жыртқыш балықтармен су айдынында тіршілік етуі еселеп артады. Кіші Арал теңізінің өсімдікқоректі балықтар үшін қорек базасы қолжетімді болып табылады, себебі су айдынында қоректену бойынша бәсекелестер жоқ. Теңіздің қорек базасын тиімді пайдалану үшін

өсімдік қоректі балықтар ақ амур және ақ дөңмаңдаймен балықтандыру ұсынылады.

Кіші Арал теңізінің гидроэкологиялық жағдайын жақсарту алдағы уақытта басты мәселе болмақ. Сырдария өзенінің маусымаралық кезеңдегі ағыны біркелкі жағдайда жұмыс жасамайды. Судың ең көп шығыны көктемгі айларға тән болса, ең аз мөлшері - мамырдың соңынан бастап және бүкіл жазғы кезеңге тән. Сырдария өзенінің төменгі ағысы су ағынының біркелкі еместігі өзеннің әртүрлі сулылығына және өзен ағысы бойынша жоғары орналасқан су қоймаларынан су жіберудің әртүрлі көлеміне, егістіктерді суаруға және дельталық көлдерді толтыруға су алуға негізделген себебтері айқын тұрса, су ағынының аз кезеңдерінде ескерген жөн. Аталған осы жағдаяттар Кіші Арал теңізінің гидрологиялық жағдайын нашарлатады. Жыл сайын айқындалып тұратын осы проблемаларды шешу үшін келесі оңтайлы ұсыныстар ұсынылады:

- Сырдария өзенінен Кіші Арал теңізіне жаз мезгілінде келіп түсер су көлемін нақты 1500 млн.м^3 түсірмей, яғни 35-75 м^3/с аралығында тәулігіне су түсіп тұру қажет. Бұл көлем теңіздің ауданын, деңгейін 42 мБж және гидрохимиялық жағдайын қолайлы деңгейде ұстап тұруға септігін тигізеді;

- Уәкілетті мекемелер Кіші Арал теңізінің су деңгейін ұдайы бақылауда ұстап, цифырлық технологияларды пайдаланып мониторинг жасап тұру қажет, яғни негізгі кәсіпшілік балықтардың уылдырық шашу кезеңі ішінде Кіші Арал теңізіндегі су деңгейін көтеруді көздейтін (балық шаруашылығы мүдделерінің теңгерімін ескере отырып) Сырдария өзені бойынша гидроқұрылыстардан су жіберу кестесін келісу;

Балық аулау саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен аулау құралдарының мөлшері регламенттелмеген. Кіші Арал теңізінде аулау құралдарының модификациядағы параметрлері әртүрлі құрма аулар қолданылады, бұл ретте әрбір балықтың жеке-жеке өз ерекшеліктері бар екенін ескеру қажет. Сондықтан ау ұяшығының қадамы мен ауланатын балықтың әрбір түрінің мөлшері арасындағы тәуелділікті анықтау белгілі бір жастағы (мөлшердегі) балықтарды аулауға бағытталған ұтымды кәсіпшілікті жүргізу үшін келесі ұсыныстар ұсынылады:

- Популяциялардың неғұрлым жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін және жетілмеген дарақтар мен алғаш рет уылдырық шашатын балықтарды аулауды болдырмау мақсатында «Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды енгізу» бойынша (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 190 бұйрығы) Кәсіпшілік аулау құралдарында ұяшықтың конструктивтік қадамының ең аз мөлшері ау құралы жылымда: (ұяшықтың конструктивті қадамымен кем емес) мотня - 32 мм, қанаттары - 45 мм, құрма аулардың ұяшықтың конструктивті қадамы кемінде 40 мм және жоғары болуы ұсынылады.

Балықтандыру, гидромелиоративті және балық қорғау сияқты кешенді жұмыстары уақытылы жасалған жағдайда, балық түрлерінің ұдайы даму мүмкіншілігі артары сөзсіз. Тұқы тұқымдас балық түрлері Кіші Арал теңізінің

ихтифаунасының басым бөлігін құрайтындықтан, қандайда бір түрінің жойылу қаупіне жол берілмеуі тиіс [25]. Балық ресурстарын тиімді пайдаланып және сақтау үшін, алдағы уақытта қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен аулау құралдарының мөлшерін дұрыс регламенттеуді қажет етеді.

Қорытынды

Кіші Арал теңізінің кәсіптік ихтиофаунасында тұқытәрізділер отрядтармағының (Cyprinoidei) 13 түрі мекендейді: сазан, бозша мөңке, арал қаязы, шемей, тыран, айнакөз, ақмарқа, аққайран, қылышбалық, қызылқанат, торта, ақ амур және ақ дөңмаңдай. Соңғы екеуі жерсіндірілген бөгде түрлер болса, басқаларының барлығы осы бассейн үшін аборигенді түрлер болып табылады.

Кіші Арал теңізінде кездесетін тұқы балықтарының басым түрі акваторияның тұщыланған биотоптарында тараған. Соңғы он жыл көлемінде салыстырмалы деңгейде кәсіптік ауланатын тұқы балықтары (Cyprinoidei) популяцияларының ұзындық құрылымдары мен жастық қатарлары қысқарған және бұл динамика тенденциясының бағыты өзгеріссіз қалуды. Аулаудың басым көпшілігін кіші жастағы (2-4) даралар құрайды. Кәсіптік ауланым бойынша соңғы онжылда жалпы ауланым 7000 тоннадан 5391 тоннаға дейін азайса, сәйкесінше тұқы балықтары өкілдерінің құрамдағы үлесі 82-ден 73,6 %-ға дейін төмендеген.

Кіші Арал теңізінің гидроэкологиялық жағдайының өзгеруі және балық ресурстарын ұтымсыз пайдалану ихтиофаунаның өнімділігінің төмендеуіне әкелуде. Бүгінгі таңда, негізгі ауланатын тұқытәрізділер өкілдерінен, аулаудағы құнды балық түрлерінің пайызы төмен. Кіші Арал теңізінде құнды балық түрлерін молайту үшін, алдымен гидроэкологиялық жай-күйін қалыпқа келтіру қажет және гидромелиоративті жұмыстарды үздіксіз орындап, аулау квотасын қайту реттеп, сәйкесінше сапалы шабақтармен балықтандыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Мадақтама

Мақала авторлары ЖШС «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» Арал филиалының аға ғылыми қызметкері Қалымбетова Майраға және аға лаборанттар Сариев Бауыржанға, Кенжебаев Төребекке бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізгені үшін алғыс айтады.

Қаржыландыру көзі

Зерттеу жұмыстары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 021 бюджеттік бағдарламасының 100 кіші бағдарламасы аясында орындалды.

Мүдделер қақтығысы

Зерттеу жұмысына қатысқан барлық қызметкерлер мақаланың мазмұнымен таныс және мүдделер қайшылығы жоқ.

ӘДЕБИЕТ

[1] Sherman K., Duda A.M. Large marine ecosystems: an emerging paradigm for fishery sustainability //Fisheries. – 1999. – Т. 24. – №. 12. – С. 15-26. https://doi.org/10.1577/1548-8446(1999)024<0015:LME>2.0.CO;2

[2] Хаустов С.С. Сохранение и рациональное использование океанов, морей и морских ресурсов как одна из ЦУР для поддержания Мировой экологии //Мировая наука. – 2024. – №. 5 (86). – С. 179-182.

[3] Ermakhanov Z.K., Plotnikov I.S., Aladin N.V., Micklin P. Changes in the Aral Sea ichthyofauna and fishery during the period of ecological crisis //Lakes & Reservoirs: Research & Management. – 2012. – V. 17. – №. 1. – P. 3-9. https://doi.org/10.1111/j.1440-1770.2012.00492.x

[4] Амиргалиев Н. А. Арало-Сырдарьинский бассейн: гидрохимия, проблемы водной токсикологии //Алматы: Бастау. – 2007. – С. 257.

[5] Филип М., Аладин Н.В., Плотников И.С., Смуров А.О., Жакова Л.В., Гонтарь В.И., Ермаханов З. Возможное будущее Аральского моря и его фауны //Астраханский вестник экологического образования. – 2016. – №. 2 (36). – С. 16-37.

[6] Micklin P., Aladin N.V. Reclaiming the aral sea //Scientific American. – 2008. – Т. 298. – №. 4. – С. 64-71.

[7] Sharakhmetov S.E., Barakbayev T.R., Adayev T.O. Efficiency of the Sonar Fish Protection Device at the Kokaral Dam of the Small Aral Sea //Central Asian Journal of Water Research. – 2021. – Т. 7. – №. 1. – С. 102-127. https://doi.org/10.29258/CAJWR/2021-R1.v7-1/158-176.eng

[8] Руководство по гидрометеорологическим наблюдениям на озерах и водохранилищах. – Алматы, 2005. – 316 с.

[9] Бюллетень гидрологических данных Кызылординского филиала «Казгидромет», 2021-2023 гг.

[10] Алекин О.А. Общая гидрохимия. Л.: Гидрометеоиздат, 1970. -444 с.

[11] СТ РК ГОСТ Р 51592-2003 Вода. Общие требования к отбору проб. - Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан. - Введен в действие 01.01.2005. Справочник технического комитета по стандартизации. – М.: ИПК издательство стандартов, 2003.-775 с.

[12] Интересова Е.А. Методы рыбохозяйственных исследований пресноводных водоемов: учеб. пособие. – Томск: Издательство Томского государственного университета, 2022. – 52 с.

[13] Котляр О.А. Методы рыбохозяйственных исследований (ихтиология) //Астраханский гос. тех. ун-т, Рыбное хоз-во, 2004 – 180 с.

[14] Баимбетов А.А., Тимирханов С.Р. Казахско-русский определитель рыбообразных и рыб Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 347 с.

[15] Eschmeyer's Catalog of Fishes: (Қарастырылған уақыты: 15.12.2024).https://researcharchive.calacademy.org/research/ichthyology/catalog/fishcatmain.asp

[16] de Vienne D. M. Lifemap: exploring the entire tree of life: (Қарастырылған уақыты: 09.12.2024). https://lifemap.univ-lyon1.fr/explore.html

[17] Лакин Г.Ф. Биометрия – М.: Высшая школа, 1990. - 352 с.

[18] Toman M.J. Plotnikov I., Aladin N., Micklin P., Ermakhanov Z. Biodiversity, the present ecological state of the Aral Sea and its impact on future development //Acta Biologica Slovenica. – 2015. – V. 58. – №. 1. – P. 45-59. https://doi.org/10.14720/abs.58.1.15601

[19] Определение рыбопродуктивности водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований прогноза допустимых уловов и выдача

рекомендаций по режиму и регулированию рыболовства на водоемах международного и республиканского значения Арало-Сырдарьинского бассейна. Раздел: Аральское (Малое) море и р. Сырдарья: Отчет о НИР/НПЦ РХ – Аральск, 2010-2023.

[20] Смуров А.О., Плотников И.С., Аладин Н.В. Рыбы современного Аральского моря //Вопросы рыболовства. – 2024. – Т. 25. – №. 2. – С. 33-50. https://doi.org/10.36038/0234-2774-2024-25-2-33-50

[21] Ермаханов З.К., Плотников И.С., Аладин Н.В. Оценка биологического состояния популяций основных промысловых видов рыб Малого Аральского моря //Труды Зоологического института РАН. – 2013. – Т. 317. – №.3. – С. 105-112.

[22] Ермаханова Ж. Кіші Арал теңізіндегі арал тортасының қазіргі жағдайы //Яссауи университетінің хабаршысы. – 2018. – №. 108. – С. 125-131.

[23] Mitrofanov I. V., Mamilov N. S. Fish diversity and fisheries in the Caspian Sea and Aral–Syr Darya basin in the Republic of Kazakhstan at the beginning of the 21st Century //Aquatic Ecosystem Health & Management. – 2015. – V. 18. – №. 2. – P. 160-170. https://doi.org/10.1080/14634988.2015.1028870

[24] Berdiakhmetkyzy S., Assylbekova S.Zh., Abdybekova A.M., Barakbaev T.T. Current state of populations of the main commercial fish species of the Small Aral Sea //Experimental Biology. – 2021. – V. 88. – №. 3. – C. 119-129. https://doi.org/10.26577/eb.2021.v88.i3.12

[25] Самбаев Н.С. Приемная емкость Аральского Малого моря и потенциальные объемы искусственного воспроизводства карповыми видами рыб //Вектор ГеоНаук. – 2019. – Т. 2. – №. 4. – С. 26-29. https://doi.org/10.24411/2619-0761-2019-10043

REFERENCES

[1] Sherman, K., & Duda, A. M. (1999). Large marine ecosystems: an emerging paradigm for fishery sustainability. Fisheries, 24(12), 15-26. https://doi.org/10.1577/1548-8446(1999)024<0015:LME>2.0.CO;2 [in English].

[2] Haustov, S.S. (2024). Sohranenie i racional"noe ispol"zovanie okeanov, morej i morskih resursov kak odna iz CUR dlja podderzhanija mirovoj jekologii [Conservation and sustainable use of oceans, seas and marine resources as one of the sdgs for supporting global ecology]. Mirovaja nauka, (5 (86)), 179-182. [in Russian].

[3] Ermakhanov, Z. K., Plotnikov, I. S., Aladin, N. V., & Micklin, P. (2012). Changes in the Aral Sea ichthyofauna and fishery during the period of ecological crisis. Lakes & Reservoirs: Research & Management, 17(1), 3-9. https://doi.org/10.1111/j.1440-1770.2012.00492.x [in English].

[4] Amirgaliev N. A. (2007) Aralo-Syrdar'inskij bassejn: gidrohimija, problemy vodnoj toksikologii [Aral-Syrdarya basin: hydrochemistry, problems of water toxicology]. Almaty: Bastau [in Russian].

[5] Filip M., Aladin N.V., Plotnikov I.S., Smurov A.O., Zhakova L.V., Gontar' V.I., Ermakhanov Z.(2016) Vozmozhnoe budushchee Aral'skogo morya i ego fauny //Astrakhanskii vestnik ekologicheskogo obrazovaniya [The possible future of the Aral Sea and its fauna]. 2 (36), 16-37 [in English].

[6] Micklin, P., & Aladin, N. V. (2008). Reclaiming the aral sea. Scientific American, 298(4), 64-71 [in English].

[7] Sharakhmetov, S. E., Barakbayev, T. R., & Adayev, T. O. (2021). Efficiency of the Sonar Fish Protection Device at the Kokaral Dam of the Small Aral Sea. Central Asian Journal of Water Research, 7(1), 102-127. https://doi.org/10.29258/CAJWR/2021-R1.v7-1/158-176.eng [in English].

[8] Rukovodstvo po gidrometeorologicheskim nablyudeniyam na ozerakh i vodokhranilishchakh (2005) [Guidelines for hydrometeorological observations on lakes and reservoirs]. Almaty [in Russian].

[9] Byulleten' gidrologicheskikh dannykh Kyzylordinskogo filiala «Kazgidromet», 2021-2023 gg [in Russian].

[10] Alekin O.A. (1970) Obshchaya gidrokhimiya. [General hydrochemistry] L.: Gidrometeoizdat [in Russian].

[11] ST RK GOST R 51592-2003 Voda (2003). Obshchie trebovaniya k otboru prob. - Komitet po standartizatsii, metrologii i sertifikatsii Ministerstva industrii i torgovli Respubliki Kazakhstan [General requirements for sampling. - Committee on Standardization, Metrology and Certification of the Ministry of Industry and Trade of the Republic of Kazakhstan]. - Vveden v deistvie 01.01.2005. Spravochnik tekhnicheskogo komiteta po standartizatsii. – M.: IPK izdatel'stvo standartov [in Russian].

[12] Interesova E.A. (2022) Metody rybokhozyaistvennykh issledovanii presnovodnykh vodoemov: ucheb. Posobie [Methods of fisheries research of freshwater reservoirs: textbook. stipend.]. – Tomsk: Izdatel'stvo Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, [in Russian].

[13] Kotlyar O.A. (2004) Metody rybokhozyaistvennykh issledovanii (ikhtiologiya) [Methods of fisheries research (ichthyology)] //Astrakhanskii gos. tekh. un-t, Rybnoe khoz-vo [in Russian].

[14] Baimbetov A.A., Timirkhanov S.R.(1999) Kazakhsko-russkii opredelitel' ryboobraznykh i ryb Kazakhstana [Kazakh-Russian determinant of fish-like and fishes of Kazakhstan.]. Almaty: Қazaқ universiteti [in Russian].

[15] Eschmeyer's Catalog of Fishes: (Қarastyrylғan uaқyty: 15.12.2024).https://researcharchive.calacademy.org/research/ichthyology/catalog/fishcatmain.asp [in English].

[16] de Vienne D. M. Lifemap: exploring the entire tree of life: (Қarastyrylғan uaқyty: 09.12.2024). https://lifemap.univ-lyon1.fr/explore.html [in English].

[17] Lakin G.F. (1990) Biometriya [Biometrics] M.: Vysshaya shkola [in Russian].

[18] Toman, M. J., Plotnikov, I., Aladin, N., Micklin, P., & Ermakhanov, Z. (2015). Biodiversity, the present ecological state of the Aral Sea and its impact on future development. Acta Biologica Slovenica, 58(1), 45-59. https://doi.org/10.14720/abs.58.1.15601 [in English].

[19] Opredelenie ryboproduktivnosti vodoemov i/ili ikh uchastkov, razrabotka biologicheskikh obosnovanii prognoza dopustimykh ulovov i vydacha rekomendatsii po rezhimu i regulirovaniyu rybolovstva na vodoemakh mezhdunarodnogo i respublikanskogo znacheniya Aralo-Syrdar'inskogo basseina [Determination of fish

productivity of reservoirs and/or their sites, development of biological justifications for predicting allowable catches and issuing recommendations on the regime and regulation of fishing in reservoirs of international and national importance in the Aral-Syrdarya basin]. Razdel: Aral'skoe (Maloe) more i r. Syrdar'ya: Otchet o NIR/NPTs RKh – Aral'sk, 2010-2023 [in Russian].

[20] Smurov A.O., Plotnikov I.S., Aladin N.V. (2024). Ryby sovremennogo Aral'skogo morja. Voprosy rybolovstva [Fishes of the modern Aral Sea], 25(2), 33-50. https://doi.org/10.36038/0234-2774-2024-25-2-33-50 [in Russian].

[21] Ermahanov Z.K., Plotnikov I.S., Aladin N.V. (2013). Ocenka biologicheskogo sostojanija populjacij osnovnyh promyslovyh vidov ryb Malogo Aral'skogo morja [Assessment of the biological status of populations of the main commercial fish species of the Small Aral Sea]. Trudy Zoologicheskogo instituta RAN, 317(S3), 105-112. [in Russian].

[22] Ermahanova Zh (2018). Kishi Aral tenizindegi aral tortasynyn kazirgi zhagdajy [The current state of the Aral roach in the Small Aral Sea] //Jassaui universitetinin habarshysy. 108, 125-131. [in Kazakh].

[23] Mitrofanov I.V., Mamilov N.S. (2015). Fish diversity and fisheries in the Caspian Sea and Aral–Syr Darya basin in the Republic of Kazakhstan at the beginning of the 21st Century. Aquatic Ecosystem Health & Management, 18(2), 160-170. https://doi.org/10.1080/14634988.2015.1028870 [in English].

[24] Berdiakhmetkyzy, S., Assylbekova, S. Z., Abdybekova, A. M., & Barakbaev, T. T. (2021). Current state of populations of the main commercial fish species of the Small Aral Sea. Experimental Biology, (3 (88)), 119. https://doi.org/10.26577/eb.2021.v88.i3.12 [in Kazakh] [in English].

[25] Sambaev N.S. (2019). Priemnaja emkost' Aral'skogo Malogo morja i potencial'nye ob#emy iskusstvennogo vosproizvodstva karpovymi vidami ryb [Reception capacity of the Aral Small Sea and potential volumes of artificial reproduction by cyprinid fish species]. Vektor GeoNauk, 2(4), 26-29. https://doi.org/10.24411/2619-0761-2019-10043 [in Russian].

Самбаев Н.С, Шарахметов С.Е, Бердиахметкызы С.

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ И ДИНАМИКА ВЫЛОВА ПРОМЫСЛОВЫХ КАРПОВЫХ РЫБ (CYPRINOIDEI) В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННЫХ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ МАЛОГО АРАЛЬСКОГО МОРЯ

Аннотация. Восстановление гидроэкологического состояния Малого Аральского моря с 2006 года способствовало повышению вероятности выживания многих видов рыб. Солёность воды снизилась до 10 промилле, что привело к постепенному восстановлению кормовой базы. Однако за последние десять лет гидрологическая обстановка в море начала ухудшаться: благоприятный уровень воды 42 мБс с площадью 330 тыс. га на текущем этапе снизился до 40,8 мБс, а площадь уменьшилась до 285 тыс. га.

На сегодняшний день в Малом Аральском море преобладают карповые рыбы (Cyprinoidei): из 22 зарегистрированных видов 12 относятся к этому семейству. Распределение карповых рыб по акватории носит неравномерный характер,

поскольку море условно делится на три различных биотопа - солёные, солоноватые и пресноводные районы, отличающиеся химическим составом воды и отличием кормовой базы.

В ходе исследования, проведённого с использованием ставных сетей в разных биотопах, были проанализированы биологические параметры карповых видов рыб. В статье рассматривается текущее состояние карповых видов рыб Малого Аральского моря за последние годы, особенности их размерно-возрастной структуры и расселения по биотопам. Также предложены рекомендации для дальнейшего воспроизводства карповых видов рыб при благоприятных условиях среды.

Ключевые слова: Малое Аральское море; промысловые карповые рыбы; биотоп; гидроэкология; вылов.

Sambaev Nurlan, Sharakhmetov Sayat, Berdiakhmetkyzy Saliha

BIOLOGICAL CHARACTERISTICS AND POPULATION DYNAMICS OF COMMERCIAL CATCHES CARP FISH (CYPRINOIDEI) IN THE CONTEXT OF MODERN ENVIRONMENTAL CHANGES IN THE SMALL ARAL SEA

Annotation. Since 2006, the restoration of the hydro-ecological conditions of the Small Aral Sea has increased the probability of survival for many fish species. The salinity of the water decreased to 10 ppm, leading to a gradual recovery of the food base. However, over the past decade, the hydrological situation in the sea has begun to deteriorate: the previously favorable water level of 42 mBS, covering an area of 330 thousand hectares, has decreased to 40.8 mBS, reducing the area to 285 thousand hectares.

Currently, carp fish (Cyprinoidei) dominate the ichthyofauna of the Small Aral Sea, with 12 out of the 22 recorded species belonging to this family. The distribution of carp species across the sea is uneven, as the water body is conditionally divided into three distinct biotopes: saline, feed-rich, and freshwater areas, each differing in chemical water composition and nutrient reserves.

In this study, biological parameters of carp fish species were analyzed using pond nets in various biotopes. The article examines the current state of carp fish species in the Small Aral Sea over recent years, focusing on their size-age structure and distribution across biotopes. Additionally, recommendations are provided for the further reproduction of carp species under favorable environmental conditions.

Keywords: Small Aral Sea; commercial carp fish; biotope; hydroecology; fishing.

ӘОЖ 67.08
ҒТАХР 87.53.13
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).38

**Жумагулова Г.С., Корганбаев Б.Н., Кочеров Е.Н.,
Раматуллаева Л.И., Колесников А.С.**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

E-mail: Erkebulan083@mail.ru

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТАҒАМДЫҚ МАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫН ОЛЕОХИМИЯЛЫҚ ШИКІЗАТ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛЫМЕН ҚОРШАҒАН ОРТАҒА АНТРОПОГЕНДІК ӘСЕРІН ШЕКТЕУ

Аңдатпа. Қолданылған тағамдық май қалдықтарын құнды өнімдер алудағы екіншілей шикізат ретінде қажетке жаратудың қиындықтары мен болашақ мүмкіндіктерін айқындау үшін, қайта өңдеуде қолданылатын үрдістерді терең зерттеу қажеттілігі туындайды және өзекті мәселе болып табылады. Мақалада қолданылған тағамдық май қалдықтарының қоршаған орта компоненттеріне кері әсері, су бұру кәріз жүйелерінің кептеліп, ағынды сулардың уытты заттармен ластану сипаттамасы келтірілген. Қолданылған тағамдық май қалдықтарының тұрмыстық химиялық заттарды синтездеуде, санитарлық гигиеналық тазалық өнімдерін алуда қайталама шикізат ретінде қолданылу мүмкіндігі сипатталған. Қолданылған тағамдық май қылдықтарының олеохимиялық шикізат ретінде қолданылу әлеуетін бағалау нәтижелері келтірілген. Тағамдық май қалдықтарынан санитарлық гигиеналық сабын алу үрдісін кинетикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Бейтараптандыру, сабындану және күрделі май қышқылдарының сабындану реакциялары сипатталған. Бейтараптандыру және сабындану реакцияларының, күрделі май қышқылдарының сабындану реакциясының жылдамдық кинетикасы есептелген. Температураға тәуелді реакция жылдамдығының константасы Аррениус теңдеуімен сипатталды. Белсендіру энергиясының және экспоненциалды көбейткіш факторының мәндері анықталды. Кинетикалық модельдердің сәйкестігі мен дұрыстығы есептік және тәжірибелік мәліметтерді салыстыру жолымен тексерілді: орташа қателік мәні салыстырмалы түрде 5-10% аралығында болды. Ұсынылған зерттеу нәтижелері орасан көлемде түзілетін тағамдық май қалдықтарын екіншілей шикізат ретінде қолданып, санитарлық гигиеналық сабын алу өндірісінде практикалық қолданбалы келешегі бар.

Кілт сөздер: тағамдық май қалдықтары; қоршаған орта; улы ластағыш заттар; ағынды сулар: олеохимиялық шикізат.

Кіріспе

Тағамдық өсімдік майларының қалдықтарын қолдану әлеуеті 1990 жылдардың ортасынан бастап түрлі елдермен өнеркәсіптің түрлі салаларында

зерттелген, мысалы сабын өндірісінде және олеохимиялық өнеркәсіпте [1]. Қолданылған өсімдік майлары жергілікті қалдықтар ағымыны жатады, олар фрютирлі және кулинарлық майларды қамтиды, сонымен қатар жоғары температураға дейін қыздырылып, сәйкесінше кәріз жүйелеріне тасталатын тағамдық өсімдік майлары [2,3]. Кәріз жүйелеріне тасталған тағамдық өсімдік майлары су тазалау үймереттеріне келіп түсетін ағынды суларға кедергі келтіре отырпы, судың зиянды, канцерогенді заттармен ластануына алып келеді. Қолданылған тағамдық өсімдік майлары қатты тұрмыстық қалдықтар полигоныдарына тасталатын болса, топырақтың қосымша ластануына да әкеліп соғады [3,4]. Ережеге сәйкес, Америка Құрама Штаттары, Қытай, Жапония және Үндістан секілді халық тығыз орналасқан елдерде түзілетін қолданылған тағамдық өсімдік майларының көлемі, сәйкесінше 1,2 млн.т, 5,6 млн.т, 0,57 млн.т және 1,1 млн.т., бқл көрсеткіштер қолдану үлесін есепке алмағанда [5]. Бразилия елінде жылына шамамен 9 млрд. литр қолданылған тағамдық өсімдік майлары тасталады, бұл шарттағы қалдық майлардың 2,5% мөлшері ғана қайта өндірістік циклде қолданылған [6]. Сондай-ақ, Еуроодақ еледерінде түзілетін қолданылған тағамдық өсімдік майларының қалдықтары 21 млн.т. құраса, бұл көлемнің 11,6 млн.т. мөлшері ғана биодизель отынын өндіру бойынша қажетке жаратылған. Сонда да бұл қолданылған тағамдық өсімдік майларының үлкен көлемінің қажетке жаратылмай, қоршаған орта компоненттеріне тасталу жолымен зиянды әсерлерін келтіруде [7]. Мұның нәтижесінде функционалдық ресурстардың жоғалуына және қоршаған ортаның айтарлықтай дәрежеде ластануы алып келеді, салдарында адамзаттың денсаулығы кері әсер етіп, әлуметтік төтенше жағдайлар мәселелерін туындатады [8].

Жалпы алғанда тағамдық өсімдік майларының қалдықтары 95% дейін триглицеридтерден тұрады, олар пальмитин (C16) және лаурин (C12) секілді ұзын тізбекті май қышқылдарынан құралған [9]. Дегенімен, тағамдық өсімдік майларының физика-химиялық қасиеттері бастапқы тағамды пісіру үрдісіне тәуелді болады. Тағамдық майларды қайта қолдану майдың тұтқырлығының жоғарылауына және түсінің қараюына алып келеде, өз кезегінде ол майдың қышқылдығының жоғарылауына және жағымсыз иісінің түзілуіне алып келеді [10]. Мысалы, Қытай мемлекеті қоршаған ортаны басқару және азық-түлік қауіпсіздігі саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізгенімен, тағамдық өсімдік майларын қажетке жарату мәселесінің түпкілікті шешімін таппаған [11]. Қолданылған өсімдік майларын қайта тағам дайындау үрдісінде пайдалану диспепсия, іш ауруы, диарея секілді күрделі ауруларға, немесе ішек сүзегі, асқазан жарасы секілді аса ауыр аурулар туындатуы мүмкін [12]. Қолданылған май қалдықтарын басқарудағы қателіктерден туындайтын күрделі мәселелерді кейбір мемлекеттер жақсы біледі. Осыған орай, бұл елдер тағамдық май қалдықтарын биоотын алуда немесе өнім құны қосылған синтездеуде қолдануды бастаған. Атап айтқанда, Үндістан үкіметі 2030 жылға қарай жылына 5 млн. тонна өсімдік майының қалдығын жинауды жоспарлауда, негізінен дизель отынына 5% дейін биоотынды араластыруды көздеп отыр [13]. Осы секілді, АҚШ күн сайын 100 млн.галлон тағамдық май қалдықтарын шығарады деп күтілуде және оны

жинау мен қайта өңдеуді ынталандыру мақсатында қолданылған майдың бір галлонына 50 цент төлеп субсидиялауды жариялаған [14].

Азық-түлік қалдықтарының мөлшерін, негізінен қолданылған өсімдік майларының көлемін азайту болашақта жаһандық май қалдықтарының орасан зор өсу мәселесін шешу үшін тұрақты дамудың негізі бола алады. Қолданылған май қалдықтарының көлемін биодизель отыны үшін шикізат ретінде қолдана отырып азайтуға болады, мұндағы жолға қойылған биодизель өндірісінің технологиясын Еуроодақ елдері, Ұлыбритания және Қытай секілді дамыған мемлекеттер кеңінен қолдануда. Әдебиет көздеріне сәйкес, Қытайда түзілетін тағамдық май қалдықтарының жалпы көлемі Еуроодақ елдерін, АҚШ және Канаданы қоса алғанда түзілілетін қалдықтар көлемінен 2,73 есе асып түседі [12]. Сондықтан да, Қытайда түзілген тағамдық май қалдықтарының бір бөлігі Еуроодақ елдеріне экспортталса, екінші бөлігі өз елінде қажетке жаратылуда. Тағамдық май қалдықтарын басқару маңызды, әсіресе жаһандық көзқарастар тұрғысынан келешекті.

2025-2027 жылдарға арналған тағамдық май қалдықтарын қолдану және олардың кері әсерін талдау бойынша нарықтық зерттеу есебіне сәйкес, жаһандық түзілген май қалдықтарының көлемі 5,5 млрд. АҚШ доллорына бағаланған және бұл көрсеткіш 2027 жылға қарай Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропаны қоса алғанда, Азия, Тынық мұхиты мен Таяу Шығыс елдерін және Африка аймақтарын алғанда бұл қалдықтар көлемінің құны 8,48 млрд. АҚШ доллорына жетеді деп болжауда [15,16].

Тағамдық май қалдықтарына деген сұраныс биодизель отыны үшін шикізат ретінде маңыздылыққа ие. Тағамдық май қалдықтарын биодизельге түрлендірудің кеңінен таралған әдісі трансэтерификация үрдісі болып табылады, себебі бұл үрдіс жоғары сапалы отын алуға мүмкіндік береді. Трансэтерификация спиртпен реакцияласу үшін майларды қолдана отырып, эфирлер мен глицериннің түзілуіне мүмкіндік береді [17]. Биодизельді өндіру каталитикалық немесе каталитикалық емес трансэтерификация үрдістері арқылы жүзеге асырылады, бұл шарттардың біріншісінде катализаторды, майды және спиртті бөлу қажеттілігі туындайды, ал екінші нұсқада өнімнің шығымы төмен болады [18].

Тағамдық май қалдықтарының биодизель өндірудегі кең қолданысына қарамастан, олардың жасыл еріткіштер мен оның негізіндегі өзге өнімдер алудағы потенцияалын жоққа шығаруға болмайды [8,19]. Ағымдағы жаңғыртуларға негізделген тағамдық май қалдықтарының түрлі түзілу көздері мен олардың қолданылу салаларын көптеп тізуіге болады. Әр түрлі бастапқы шығындармен жыл сайын қажетке жаратылатын тағамдық май қалдықтарының үлкен көлемін пайдалану мүмкіндігі жоғары, себебі оның олеохимиялық қолданылу әлеуеті сенімді келешекті [20].

Тағамды дайындау үрдісінде түзілетін түрлі өнімдер, атап айтқанда глициридтер, азот және күкірт мазмұндайтын компоненттер майдың құрылымын бұзады. Сондықтан, тағамдық май қалдықтарын екіншілей шикізат ретінде пайдалану үшін алдын ала өңдеудің тиімді әдістерін қабылдаған дұрыс. Авторлар [20,21] зерттеулерінде, липидтер қалдығы ретіндегі қолданылған майды пластификаторлар, байланыстырғыштар, эпоксидтер, цемент және

биоматериалдар синтезі үшін шикізат ретінде қолдану мүмкіндігін келтірген. Қолданылған тағамдық май қалдықтарының болжамдық жаһандық көлемі, бүгінгі таңдағы олеохимиялық өнеркәсіптермен шикізат ретінде тұтынылатын таза өсімдік майын толығымен алмастыра алатыны хабарланған, бірақ май қалдықтарының бір бөлігі биодизель шикізаты ретінде қолданылуда. Қолданылған тағамдық май қалдықтарын химиялық шикізат ретінде қажетке жарату тағамдық май өндіріінің де, олеохимиялық саланың да экологиялық және әлеуметтік кері әсерін төмендетуге себепші бола алады [20]. Нақтылап айтатын болсақ, қолданылған тағамдық май қалдықтарын қажетке жарату түзілетін қалдықтар көлемін азайтуға, қоршаған орта компоненттеріне келетін экологиялық ауыртпалықтарды төмендетуге, сонымен қатар жаһандық жылынумен күресуге мүмкіндік береді, себебі көптеген дәтүрлі шикізат материалдары қазба ресурстарына тәуелді [22].

Сондай-ақ, қолданылған тағамдық май қалдықтарының олеохимиялық әлеуетін толығымен қамтитын зерттеу жұмыстары әлі де жеткіліксіз, себебі қазіргі таңға дейін көптеген зерттеулер тағамдық май қалдықтарын энергия әлеуетінде, физика-химиялық үрдістерде немесе микробиотикалық үрдістерде қолдануға бағытталған [5,13,23]. Осылайша, ұсынылған шолу жұмысы майлаушы, биомайлаушы, полиуретан, мал азығының құрамдас бөліктері, пластификаторлар және беттік белсенді заттар секілді жоғары құнды өнімдер алынатын физика-химиялық және микробтық үрдістерде қолданылған тағамдық май қалдықтарын кеңінен қолдануға бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде қала тұрғындарымен, қоғамдық тамақтану орындарымен қолданылған тағамдық күнбағыс майының қалдықтары таңдалды. Май қалдықтарының түсі сарғыштан күңгірт қара-кою түске дейін таңдалды. Дәмі және иісі қатты күйген сипатты, консистенциясы қоймалжың. Тығыздығы 1075 км/м^3. 20°С кезіндегі сыну көрсеткіші 1,893. 20°С кезіндегі тұтқырлығы 0,1891 Па·с. Қышқылдық саны 0,74 мг КОН/г. Асқын тотық саны 5,72 ммоль О/кг.

Санитарлық гигиеналық сабынның майлылығын және қатуын қамтамасыз ететін жануар майы ретінде ірі қара майы қабылданды. Түсі сарғыш. Табиғи тоң май сипаттамалы иісті. Тығыздығы 938 кг/м^3. Қату температурасы 30-40°С. Еру температурасы 40-51°С. 20°С кезіндегі тұтқырлығы 0,0150 Па·с. Йодтық саны 32-47%.

Күйдіргіш натр сулы-сілтілі ерітіндісін түзуге қолданылды. Жапырақшалы формада. Тығыздығы 2130 кг/м^3. 20°С температурадағы суда ерігіштігі 52,2%. Суда еру кезінде үлкен мөлшердегі жылудың бөлінуімен жүреді. Сулы-сілтілі реакциясы 65°С температурада тығыздығы 1829 кг/м^3 дейін төмендее орын алады.

Натрийлі сұйық шыны іс жүзінде ылғал өткізбейтін тұтастырғыш зат ретінде қолданылды. Қою ақшыл-сары сұйықтық. Тығыздығы 1460 кг/м^3. Тұтастыру уақыты 45 мин. Силикаттық модулы 2,7.

Зерттеу нәтижелері

Жоғары қаныққан және қанықпаған май қышқылдарының C_{10}-C_{20} натрий тұздарының қоспасы болып табылатын сабындар қазіргі уақытта негізінен үш түрлі шикізаттан алынады: бейтарап майлар мен өсімдік майлары, май

